

Б. Әбдіғалиұлы

**Алаш әскері.
1918-1920 жж.**

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
Ә 14

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

Кітап авторлық редакциямен басылған

Әбдіғалиұлы Берік.

Ә14 Алаш әскері. 1918-1920 жж. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 392 бет.

Кітап азамат соғысының (1918–1920 жж.) Қазақстандағы қаралы жылдарына арналған. Мемлекеттік мұрағаттардың деректік құжаттары, жарияланған материалдар, естеліктер мен ғылыми әдебиеттер негізінде Алаш әскерінің тарихы қалпына келтірілген, бұрындары белгісіз құжаттар ғылыми айналымға енгізілген.

ISBN 978-9965-844-37-9

© Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017
© Әбдіғалиұлы Б., 2017

КІРІСПЕ 11

АЛАШ ӘСКЕРІ. АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ӘСКЕРИ

ҚҰРЫЛЫМДАРЫ (1917-1920 жж.) 17

Бастамасы. Әскери міндеткерлік туралы..... 17

Алаш бөлімдерін құрудың жоспарлары мен тәртіптері 21

Азамат соғысы майдандарындағы Алаш құрамдары 45

Алашорданың Батыс бөлігінің бөлімдері 46

Алашорданың Торғай бөлімшесі 52

Атбасарлық Алаш дивизионы 59

Казактармен одақ және атаман Дутовтың жеке қараулышы жасағы 67

Жетісу майданы..... 77

Алаш жүздіктерінің құрылу тарихы 105

Жетісудағы Алаш бөлімшелері 111

Алаш әскери құрылымдары ақгвардиялық басылым беттерінде 127

«Ақтар» мен «Қызылдар» орасында 137

ҚҰЖАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР (түпнұсқа тілінде) 154

1. 21 ноября 1917 г. – Из программы партии Алаш..... 168

2. 5–13 декабря 1917 г. – Из протокола заседания общеказахского съезда..... 168

3. 18 мая 1918 г. – Решение Джамбейтинского казахского съезда о создании Уильского ояята..... 173

4. 26 мая 1918 г. – Телеграмма российского консула в Чугучаке В.В. Долбежева российскому посланнику в Пекине князю Н.А. Кудашеву..... 174

5. Июня 1918 г. – Военно-политический договор 175

6. 9 июня 1918 г. – Записка временного правительства Уильского оляята войсковому правительству и главному штабу Оренбургского казачьего войска о снабжении оружием и командировании инструкторов для создаваемой народной милиции..... 176
7. 15 (2) июня 1918 г. – Телеграмма российского консула в Чугучаке В.В. Долбежева российскому консулу в Кульдже В.Ф. Люба..... 180
8. 19 июня 1918 г. – Редакционная заметка «Возращение алашского отряда»..... 180
9. 22 (9) июня 1918 г. – Редакционная заметка о прибытии в г. Семипалатинск казахских отрядов 181
10. 23 июня 1918 г. – Приказ по Семипалатинскому областному Военному Штабу о назначении Тохтамышева и Байтурсьнова ... 182
11. 24 (11) июня 1918 г. – Постановление Алаш-Орды об отношении к Советской власти 183
12. 24 (11) июня 1918 г. – Постановление Алаш-Орды об образовании Военного совета 183
13. 25 (12) июня 1918 г. – Постановление Алаш-Орды об организации советов Алаш-Орды в областях и уездах.... 184
14. 26 июня 1918 г. – Предписание Семипалатинской уездной земской управы волостным исполнительным комитетам об организации отряда милиции 185
15. 31 июня 1918 г. – Из разговора по прямому проводу начальника штаба 2-го отдельного Степного Сибирского корпуса с начальником Семиреченского отряда полковником Ф.Г. Ярушиным..... 186
16. 1 июля 1918 г. – Из приказа по Семипалатинскому областному военному штабу со списком офицеров 1-го Алашского степного конного отряда 187
17. 6 июля 1918 г. – Приказ по Семипалатинскому областному военному штабу о представителе Алаш-Орды в военном штабе..... 191

18. 8-18 июля 1918 г. – Заметка «В киргизской степи»..... 191
19. 10 июля 1918 г. – Письмо Алаш-Орды Совету Министров
Временного Сибирского правительства с предложением о
признании казахской автономии и заключении союза..... 192
20. 10 июля 1918 г. – Телеграмма председателя Алаш-
Орды Алихана Букейханова Временному Сибирскому
правительству 194
21. 16 июля 1918 г. – Телеграмма председателя Алаш-Орды Алихана
Букейханова уездным земским управам и казахским комитетам о
формировании казахских вооруженных отрядов 195
22. 26 июля 1918 г. – Записка заведующего военным отделом
Алаш-Орды капитана Хамита Тохтамышева управляющему
Военным министерством Временного Сибирского
правительства генерал-майору А.Н. Гришину-Алмазову..... 197
23. 31 июля 1918 г. – Заметка Серикбая Акаева «Киргизский
добровольческий отряд» 198
24. Июль 1918 г. – Переписка Ж. Досмухамедова с войсковым
правительством главштаба Оренбургского казачьего войска
о формировании воинских частей Западного отделения
автономии «Алаш» 199
25. 29 июля – 3 августа 1918 г. – Журнал заседания совместной
комиссии по рассмотрению предложений Алаш-Орды о
сотрудничестве с Временным Сибирским правительством .202
26. Позднее июля 1918 г. – Информация начальника штаба
Семиреченского отряда подполковника И.И. Лиханова
об алашских военных частях..... 206
27. 6 августа 1918 г. – Донесение временно исправляющего
должность командира 1-го Алашского степного конного полка
начальнику Семиреченского отряда полковнику
Ф.Г. Ярушину 207
- Приложение. Именной список джигитов 1-го Алашского
степного конного полка, командированных в г. Сергиополь 208

| | | |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 28. | 12 августа 1918 г. – Записка заведующего военным отделом Алаш-Орды капитана Хамита Тохтамышева управляющему Военным министерством Временного Сибирского правительства генерал-майору А.Н. Гришину-Алмазову..... | 209 |
| 29. | 12 августа 1918 г. – Приказ командующего Сибирской армией генерал-майора А.Н. Гришина-Алмазова..... | 211 |
| 30. | Ранее 18 августа 1918 г. – Телеграмма Мухамеджана Тынышпаева в Омск Алихану Букейханову и Хамиту Тохтамышеву..... | 212 |
| 31. | 18 августа 1918 г. – Телеграмма Мухамеджана Тынышпаева Временному Сибирскому правительству | 212 |
| 32. | 19 августа 1918 г. – Рапорт сергиопольского участкового комиссара в штаб войскового атамана Семиреченского казачьего войска..... | 213 |
| 33. | 19 августа 1918 г. – Донесение начальника Бахтинской самообороны начальнику Семиреченского отряда полковнику Ф. Г. Ярушину | 214 |
| 34. | 27 августа 1918 г. – Телеграмма российского консула в Чугучаке В. В. Долбежева начальнику Семиреченского отряда полковнику Ф. Г. Ярушину | 215 |
| 35. | 30 августа 1918 г. – Телеграмма начальника Семиреченского отряда полковника Ф.Г. Ярушина в Урджар капитану Ушакову..... | 216 |
| 36. | Август 1918 г. – Телеграмма российского консула в Чугучаке В. В. Долбежева начальнику штаба Сибирской армии генерал-майору В.Р. Романову | 217 |
| 37. | 3 сентября 1918 г. – Объявление о наборе в 1-й Алашский степной конный полк | 219 |
| 38. | 3 сентября 1918 г. – Статья «Действия киргизского правительства»..... | 219 |
| 39. | 8 октября 1918 г. – Статья «Киргизская конница» | 220 |

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 40. 12 октября 1918 г. – Редакционная заметка о казахской кавалерийской школе | 221 |
| 41. 14–17 октября 1918 г. – Из протокола заседания чрезвычайного казахского съезда Кустанайского уезда..... | 222 |
| 42. 22 октября 1918 г. – Осмотр командиром 2-го Степного Сибирского корпуса Семиреченского фронта с 12 по 22 октября 1918 г..... | 223 |
| 43. 23 октября 1918 г. – Из приказа по 5-й Сибирской стрелковой дивизии | 236 |
| 44. 24 октября 1918 г. – Из приказа по 5-й Сибирской стрелковой дивизии | 237 |
| 45. 6 ноября 1918 г. – Редакционная заметка «Киргизы о всероссийской власти»..... | 238 |
| 46. 16 ноября 1918 г. – Указ Временного Всероссийского правительства правительству Алашской автономии Алаш-Орде | 240 |
| 47. 20 ноября 1918 г. – Телеграмма председателя Военного Совета Тургайской области М. Испулова | 241 |
| 48. Ноябрь 1918 г. – Телеграмма Военного совета Алаш-Орды уполномоченному Адамовского р-на Кондратовичу о прибытии Конного полка..... | 242 |
| 49. 5 декабря 1918 г. – Из приказа по Партизанской дивизии атамана Анненкова об образовании 1-го Партизанского конно-казахского полка | 243 |
| 50. 13 декабря 1918 г. – Телеграмма уральского областного комиссара министру внутренних дел | 244 |
| 51. 14 декабря 1918 г. – Из рапорта командира 1-го Кустанайского Конно-Казахского полка полковника Панова Министру Внутренних Дел Сибирского правительства..... | 246 |
| 52. 1918 г. – Проект «Союзного договора Восточного союза» .. | 247 |
| 53. 1918 г. – Статья «Первая жертва» | 250 |

| | | |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 54. | 14 января 1919 г. – Статья «Учарал» | 255 |
| 55. | Февраль 1919 г. – Доклад управляющего МВД А.Н. Гаттенбергера верховному правителю и верховному главнокомандующему адмиралу А.В. Колчаку | 257 |
| 56. | 13 марта 1919 г. – Письмо командира 1-го Партизанского конно-казахского полка капитана Хамита Тохтамышева в редакцию семипалатинской газеты «Новое слово» | 260 |
| 57. | 13 марта 1919 г. – Статья «Как воюют киргизы. Картинки из жизни 1-го Киргизского полка» | 261 |
| 58. | 15 марта 1919 г. – Статья «Киргизская конница» | 266 |
| 59. | 17 марта 1919 г. – Постановление Семиреченского областного казахского комитета Алаш..... | 268 |
| 60. | 5-9 апреля 1919 г. – «Киргизские военные песни»..... | 276 |
| 61. | Не ранее 11 апреля 1919 г. – Записка МВД Сибирского правительства об Алаш-Орде..... | 278 |
| 62. | 16 апреля 1919 г. – Докладная записка уполномоченного от коренного населения Семиреченской области М. Тынышпаева верховному правителю адмиралу А. В. Колчаку о бедственном положении населения области | 292 |
| 63. | 16 апреля 1919 г. – Статья «Героическое войско Алаша»..... | 301 |
| 64. | 30 апреля 1919 г. – Статья «Как воюют джигиты»..... | 302 |
| 65. | 16 мая 1919 г. – Из рапорта начальника Лепсинской уездной уголовной милиции управляющему Семиреченской областью ... | 305 |
| 66. | 20 мая 1919 г. – Статья «Как воюют киргизы» | 306 |
| 67. | 26 мая 1919 г. – Из записки генерал-лейтенанта А.И. Дутова министру внутренних дел «Краткий исторический очерк: о Башкирии, Киргизской степи и Оренбургском крае» | 313 |
| 68. | Май 1919 г. – Обращение войскового атамана Оренбургского казацкого войска А.И. Дутова к казахам..... | 318 |
| 69. | 7 июня 1919 г. – Записка председателя Западного отделения Алаш-Орды Жаншы Досмухамедова верховному правителю адмиралу А.В. Колчаку | 320 |

70. 11 июня 1919 г. – Приказ по Партизанской дивизии атамана Анненкова о формировании отдельной Конно-казахской бригады.....327
71. 24 июня 1919 г. – Из письма Тургайского областного отдела Алаш-Орды верховному правителю адмиралу А.В. Колчаку о ходе борьбы против Советской власти и об отпуске средств на формирование алашских полков.....328
72. 2 июля 1919 г. – Статья «Аллаши».....336
73. 5 июля 1919 г. – Предписание Джамбейтинской уездной земской управы Аще-Сайской волостной земской управе...344
Приложение. Инструкция по мобилизации джигитов по Уральскому оляту.....344
74. 7–13 августа 1919 г. – Воззвание к киргизскому народу от русских казаков (Пятый чрезвычайный Войсковой круг Сибирского казачьего войска)348
75. 28 августа 1919 г. – Грамота верховного правителя адмирала А.В. Колчака казахскому населению зауральской стороны ... 350
76. 30 августа 1919 г. – Из протокола заседания Междуведомственной комиссии по призыву инородцев на службу в армию Всероссийского Временного правительства адмирала А.В. Колчака351
77. 30 августа 1919 г. – О присвоении верховному правителю адмиралу А.В. Колчаку Звания «почетного аксакала»354
78. 9 сентября 1919 г. – Телефонограмма атамана Б.В. Анненкова начальнику штаба 2-го отдельного Степного Сибирского корпуса подполковнику Г.А. Зезину355
79. 1 октября 1919 г. – Из приказа по 2-му отдельному Степному Сибирскому корпусу о формировании кадрового алашского полка356
80. 14 октября 1919 г. – Приказ по 2-му отдельному Степному Сибирскому корпусу358

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 81. 4 ноября 1919 г. – Постановление Реввоенсовета Туркестанского фронта о применении амнистии в отношении казахов, воюющих против Советской власти | 359 |
| 82. 8 ноября 1919 г. – Телеграмма управляющего Зайсанским уездом управляющему Семипалатинской областью..... | 361 |
| 83. 11 ноября 1919 г. – Доклад начальника штаба 5-й Сибирской стрелковой дивизии «О необходимости скорейшего занятия Копальско-Гавриловского района и план операции»..... | 361 |
| 84. Ноябрь 1919 г. – Письмо представителя атамана Анненкова в Кульдже полковника П.И. Сидорова российскому консулу в Кульдже В.Ф. Люба | 368 |
| 85. 17 декабря 1919 г. – Приказ по Партизанской дивизии атамана Анненкова..... | 369 |
| 86. 21 декабря 1919 г. – Постановление Семипалатинского областного совета Алаш-Орды о признании Советской власти..... | 370 |
| 87. 24 декабря 1919 г. – Приказ по Партизанской дивизии атамана Анненкова..... | 371 |
| 88. 11 января 1920 г. – Протокол заседания Западного отделения Алаш-Орды с участием представителей Туркестанского фронта и Казревкома | 373 |
| 89. 15 марта 1920 г. – Из информации особо уполномоченной комиссии в политотдел 9-й бригады 3-й Туркестанской стрелковой дивизии о положении казахского населения в Капальском уезде..... | 374 |
| 90. 25 апреля 1920 г. – Доклад Мухамеджана Тынышпаева в политотдел 3-й Туркестанской стрелковой дивизии о бедственном положении казахского населения Северного Семиречья | 381 |
| КСЗИ туралы ақпарат | 384 |
| Информация о КИСИ (KazISS) | 386 |
| Information about the KazISS | 388 |

КІРІСПЕ

Тарихта «азаматтық» деген атпен белгілі болған соғысқа қазақтардың «Ақ әскер» жағында қатысуы осы мәселеге арналған ғылыми зерттеулерде тиісті сипаттамасын алған жоқ. Қазақстан аумағында 1918-1920 жылдары болған азаматтық соғыс тарихы әлі күнге шейін толық зерделенбеген және «ақтаңдақтарға» толы.

Қазақ ұлттық қарулы күштерінің қалыптасуы, негізінен, «Алаш» партиясы және «Алашорда» автономиясын жариялаумен тығыз байланысты. 1918-1920 жылдары большевиктермен тікелей күреске қатысқан Алаш құрамдарына ғылыми тұрғыда тек коммунистік идеология ыдырағаннан кейін ғана назар аударыла бастады. Алаш қозғалысының тарихы К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Д. Аманжолова, Т. Жұртбай, Д. Қамзабекұлы, Д. Қыдырәлі, С. Аққұлы, Ғ. Әнес, С. Смағұлова, Е. Сайлаубай және басқа да отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттелді¹.

Сонымен бірге бұл соғысқа қазақтардың «Ақ әскердің» тұрақты бөлімдері құрамында қатысу фактісі ашылмаған

¹ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т. 1. – А., 2008. – 480 б.; Жұртбай Т. Боль моя, гордость моя - Алаш! – Астана, 2016. – 1104 б.; Аққұлы С. Алихан Букейханов. Завещание. – Т.2. – Шымкент. 2016. – 628 с.; Алаш. Алашорда. Энциклопедия. Е.Әнес, С.Смағұлова. – А., 2009. – 544 б.; Альжанова С., Тулемисова Г. Отыншы Альжанов - «Беркут Алаш-Орды». – А., 2008. – 180 с.; Қыдырәлі Д. Мустафа Шокай. Астана, 2007; К.Илиясова Алаш әскері. Құрылуы мен қызметі. Вақ. Кз, 6 ноябрь, 2012; Қыдырәліна Ж. Алимхан Ермеков. – А. 2012. – 320 с.; Мажитов Р.С. Жаханша Досмухамедов. – А., 2007. – 216 с.; Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е гг. XX века. – А., 2003.–153 с.; Нәсенов Б. Халық жаулары. – А., 2005., Нусшов Рамазан.Қазақ елін қорғаған Алаш полкі туралы не білеміз? //Общественная позиция. ДАТ, 15 января 2015.; Сайлаубай Е. «Алашорда әскері, Абай журналы». – №1. 2000., Сулейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімшесі тарихы. – А., 2007. – 136 б.; Мурсалим Б.С. Войска Алашской автономии. Фотоальбом. – А., 2015.; Тәж-Мұрат Максат. Батыс Алаш Орда. – Ақтөбе, 2003. – 232 б.; Тлешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедия. – А., 2014. – 528 б.; Думан Анаш. Алаш әскері туралы не білеміз?// «Егемен Қазақстан», сәуір 2013 ж.

күйінде қалып отыр. Кеңес тарихнамасы негізінен, мұны «қызылдар» мен «ақтардың» өзара күресі ретінде ғана қарастырып, Алашорданың әскери тарихы мен «Алаш полктерінің» Орал, Орынбор және Жетісу майдандарындағы әрекеттері туралы мүлдем мәлімет бермей келген².

Осы бағыттағы барынша қызықты жұмыстардың қатарына Алаш бөлімдері іс-әрекеттерін жан-жақты жария еткен ресейлік зерттеуші Д.А. Аманжолованың еңбегін жатқызуға болады. Бұл еңбекте Алаш жасақтарының Қызыл әскерге қарсы шайқастарға қатысуының деңгейі мен ауқымы ашып көрсетілген³.

Азамат соғысының және Сібір казак әскері тарихын зерттеу аясындағы Алаш әскери құрылымдары туралы мәліметтерді А.В. Ганин, В.А. Гольцов, С.М. Исхаков, Д.Г. Симонов, А.В. Сушко, Р.С. Таймасов, В.А. Шулдяков, В.И. Шишкин, М.Н. Ивлев, Д.Ю. Матвиенко⁴ секілді ресейлік

² Елеуов Т. Установление и упрочение советской власти в Казахстане (март 1917-июнь 1918 года). – А., 1961. – 528 с., Елагин А. С. Социалистическое строительство в Казахстане в годы гражданской войны (1918-1920 гг.). Документы и материалы. – А., 1966. – 308 с.; Покровский С.Н. Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1918-1920 гг.). – А., 1967. – 367 с., Черкасская оборона (июнь 1918 - октябрь 1919): документы и материалы. – А., 1968. – 340 с., Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане. В 2-х т. 1963-1964. – А., 1964. – 724 с., Абишев Г. Казахстан в защите социалистического отечества. – А., 1969. – 358 с., Гражданская Война в Казахстане. Летопись событий. – А., 1974. – 392 с., Харченко Г. Т. 399 дней и ночей в огненном кольце. – А., 1983.

³ Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – М., 1994. – 224 с.; На изломе. Алаш в этно-политической истории Казахстана. – А., 2009. – 412 с.

⁴ Ганин А.В. Атаман А.И. Дутов. – М., 2006. – 688 с.; Гольцов В.А. Сибирская Вандея. Судьба атамана Анненкова. – М., 2014; Гражданская война в России и мусульмане. Сб. док. Сост. С.М.Исхаков. – М., 2014. – 816 с.; Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году.–Новосибирск: НГУ, 2010. – 613 с.; Сушко А.В. Процессы суверенизации народов Сибири в годы гражданской войны. – Омск, 2009. – 336 с.; Таймасов Р.С. Участие башкир в Гражданской войне. Книга первая. В лагере контрреволюции (1918-февраль 1919 гг.). – Уфа. 2009. – 200 с.; Шулдяков В.А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917-1920., – Т.1. – М., 2004; Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства//Известия УрГУСерия2. – 2011, №4. – С.110-123; Ивлев М.Н. Гибель Семиреченского казачьего войска (1917-20 гг.). Страницы истории // Альманах «Белая гвардия», №8. – М., 2005, – С. 225-235; Матвиенко Д.Ю. Партизанская дивизия атамана

және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Жұмыс барысында азамат соғысына қатысушылардың өмірбаяндық анықтамалары да қолданылды⁵.

Алаш қозғалысының тарихы жайында түрлі мақалалар мен құжаттар жинағында қызықты ақпараттар, құнды материал бар⁶.

Осылайша, ғалымдар Алаш әскерінің тарихын зерделеу саласында алғашқы, маңызды қадамдар жасады. Соның негізінде елеулі материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Соған қарамастан, көптеген басылымдарда Алаш әскери құрылымдары «Алаш» қозғалысының және Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың қосалқы, екінші деңгейлі элементі болып саналып отырғанын атап өту қажет.

Өкінішке орай, әлі де Алаш полкі, бригадасы, еріктілер отрядының құрылу тарихы, қазақтардың ұлттық әскерге жұмылдырылуы мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмей отыр. Азаматтық соғыс сахнасындағы қазақ әскерінің пайда болуының алғышарттары ашылмады. Көптеген жағдайларда бұған дереккөздерінің жетіспеушілігі, ал кейде тіпті мүлдем болмауы басты себеп болып отыр.

Осыған байланысты біздің тарапымыздан төрт жыл бойы Ақ әскер құрамындағы Алаш полктерінің, қазақтардан

Анненкова: краткая история и структура. 1918-1922 гг.// <http://rpezmoskva.org.ru/istoriya/>.

⁵ Волков С.В. Офицеры казачьих войск. Опыт маршрутолога. – М., 2013; Волков Е. В., Егоров Н. Д., Купцов И. В. Белые генералы Восточного фронта Гражданской войны: Биографический справочник. – М., 2003. – 240 с.; Ганин А. В., Семёнов В. Г. Офицерский корпус Оренбургского казачьего войска. 1891-1945: Биографический справочник. – М., 2007. – 676 с.

⁶ Алаш-Орда. Сб.док. Сост.Н.Мартыненко. Алматы, 1992. 192 с.; Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Сб.док. т. 2, 3. – Алматы, 2005; Россия и Центральная Азия. Сб.док., Авт.-сост. Д.А.Аманжолова. – Караганды, 2005. – 495 с.; Восточное отделение Правительства Алашорды. Сборник документов. – Семей, 2010. – 425 с.; Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х т. – А., 1999; История Западного Отдела Алаш Орды. Сб.док. и материалов. – Т. 1.– Уральск, 2012. – 464 с.; Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Главный редактор Т.К.Журтбай. В 3 т. – А., 2016.

құрылған әскери құрылымдардың шайқастарға қатысуы туралы материалдар жинақтау үшін Қазақстанның, әсіресе Ресей Федерациясының мұрағат қорларында ғылыми-ізденіс жұмыстары жүргізілді. Сол жұмыстың нәтижесінде осы жинақ жарыққа шығып отыр. Жинақтың негізгі мақсаты – азамат соғысы тарихындағы (1918-1920 жж.) ақтаңдақтардың орнын толтыру, қазақтардың большевиктерге қарсы күресін көрсету және «Алаш полкінің» негізгі құрамының, оған қатысқан азаматтардың есімдерін қайта қалпына келтіру бағытында тың деректер ұсыну.

Құжаттардың басым бөлігі Ресей Мемлекеттік Әскери Мұрағаты қорларынан алынды. Негізгі ауқымды қорлар: №39498 «Управление 2-го отдельного Сибирского корпуса (1918–1919)», №39615 «Штаб Семиреченского отряда Сибирской армии (1918)», №39711 «Штаб Партизанской дивизии атамана Анненкова (1918–1922)», №39930 «Фонд 1-го партизанского Конно-Киргизского полка (1918-1919)».

Өкінішке орай, 1-ші Қазақ атты полкінің құжаттары тек 1919 жылдың қаңтары бойынша, ал 2-ші Полк құжаттары 1919 жылдың қазан-желтоқсан айлары бойынша ғана сақталған. Ал олар құрамына кірген 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы бойынша құжаттар, кейбір үзінділерді есептегенде, мүлдем сақталмаған.

Келесі бір маңызды қор – №110 «Управление армиями Туркестанского фронта (14 августа 1919 - 20 июня 1920)». Бұл құжатта атаман Анненковтың дивизиясындағы 1-інші (1918 ж. желтоқсаны мен 1919 ж. қаңтар, қараша-желтоқсан айлары) және 3-інші (1919 ж. қыркүйек-қазан айлары) Қазақ атты партизан полктерінің құжаттары сақталған. Құжаттар негізінен жауынгерлік және жауынгерлік емес бөлімшелер бойынша бұйрықтарға жатады.

Құжаттардың басым бөлігі Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаттарында, атап айтқанда, №1701 «Туземный отдел МВД Российского правительства (Колчак), г. Омск, 1918-1919 гг.» қорында сақталған.

Қорларда Алаш полктерін құру бойынша бұйрықтар жинақталған. Көрсетілген қорлардың істерінде жеке және командалық құрам туралы, ерікті алаш бөлімшелерінің саны жайлы, шұғыл және барлау мәліметтері туралы ақпараттар енгізілген. Алаш жүздіктерінің әскери қимылдары туралы, 5-інші Сібірлік атқыштар дивизиясының 1-інші қазақ полкінің жауынгерлік және жауынгерлік емес бөлімшелері бойынша бұйрықтар бар.

Зерттеу тақырыбы бойынша көптеген құжаттар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатынан алынды. Бұл орындарда осы құжаттардың көпшілігінің көшірмелері мен микрофильмдері сақталған. Құнды материалдар Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығында (Семей) сақталған, әсіресе, Семей уезінің Алаш милициясын құру және Алашорда үкіметінің қызметі туралы бірқатар материалдар бар. Алаш бөлімшелерінің Жетісудағы азаматтық соғысқа қатысуы туралы материалдар Алматы облысының мемлекеттік мұрағаттарында сақталған.

Сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша көптеген құжаттар Омбы облысының Мемлекеттік тарихи мұрағаты мен Томск облыстық мұрағатынынан жиналды. Томск облыстық мұрағатында Алашорданың Уақытша Сібір Үкіметімен және Колчак үкіметімен байланысы туралы құнды құжаттар бар.

Зерттеушілер үшін сол кезеңнің мерзімдік басылымдары материалдарының маңыздылығы жоғары. «Русская армия» (Омск, 1919), «Сибирская речь» (Омск, 1919),

«Свободная речь» (Семипалатинск, 1919), «Новое слово», (Семипалатинск, 1919) газеттері ерекше қызығушылық тудырады.

Қазақ баспа органы болған «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттерінің орны ерекше. Бұл басылымдарда қазақ полктері жайлы, оның қатарына еруге және қолдауға қатысты түсініктемелер мен шақырулар туралы құнды ақпараттар берілген.

Осылайша, кітапта оқырмандар назарына Қазақстандағы Азамат соғысының қаралы кезеңіне арналған материалдар мен құжаттар жинағы ұсынылған. Мемлекеттік мұрағаттардың дереккөздері бойынша жарияланған материалдар, естеліктер мен ғылыми әдебиеттер негізінде белгісіз құжаттар ғылыми айналымға енгізіліп, Алаш полкі тарихының негізгі кезеңдері қалпына келтірілген.

АЛАШ ӘСКЕРІ. АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ (1917-1920 ЖЖ.)

Бастамасы. Әскери міндеткерлік туралы

Бостандық пен демократия идеяларын жария еткен 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ұлттық және діни ұйымдардың белсенділігінің артқандығы белгілі. Сол жылдың сәуір айында Орынборда мұсылман бөлімдерінің қалыптасуын үйлестіру жөніндегі жұмыстарды қабылдауға тиіс біртұтас орган – Харби Шуро (Әскери кеңес) құруға шешім қабылданды. Бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде (1-11 мамыр, 1917 ж.) делегаттар мұсылман әскерлерін құруды бастау туралы ұсыныс жасады. Съездің әскери мәселеге қатысты шешімі бойынша әскер мұсылман қолбасшыларымен, молдалармен және өзіндік жорықтық асханамен жабдықталуы тиіс болды.

Саяси тұрақсыздық пен мемлекеттік биліктің жойылуы жағдайында қарулы күштерді құру мұсылман көшбасшылары үшін басты міндеттердің бірі болды. Ұлттық мемлекеттіліктің негізгі элементтерінің бірі ретінде әскер құру әрбір халық үшін маңызды міндет еді⁷.

Ресей империясының құрамындағы кейбір мұсылман халықтардан бір өзгешелігі ретінде қазақтардың әскери қызметі міндеткерлікке жатпайтындығын атап өту қажет. Әскер қатарына ерікті түрде қызмет кеткен жауынгерлер, сондай-ақ кадрлық әскерилер болды. Осыған байланысты, Алаш республикасының болашақ көшбасшысы, бірінші Думаның депутаты Ә. Бөкейхан 1911 жылы шақырылған

⁷ Таймасов Р.С. Участие башкир в Гражданской войне. Книга первая. В лагере контрреволюции (1918 - февраль 1919 гг.). – Уфа, 2009. – 200 с.

III Думаға кадет-депутаттардың фракциясы арқылы қазақтардың әскери міндеткерлігі туралы заң жобасына енгізу туралы ұсыныс жасады. Ә. Бөкейхан қазақтар үшін әскери қызметті бекітетін «Әскери міндеткерлік туралы ереже» заңына өзгерістер енгізбеген күйінде өз жұмысын аяқтаған III Дума жұмысы туралы «Среди множества вопросов, которых коснулась Дума, в качестве «вермишальной» мелочи мелькнул и проект об изменении «Устава о воинской повинности», которому нигде вообще не везет... Так, одни мусульманские народности призваны к отбыванию воинской повинности при самых ненормальных условиях, другие вместо отбывания натурой, обязаны известным денежным налогом, третьи (Туркестанский край и мусульмане областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Закаспийской) вовсе находятся в забвении»⁸ деп айтып өткен болатын.

Қазақтар үшін әскери міндеткерлікті енгізуді заңнамалық деңгейде жүзеге асыруға талпынысы барысында Ә. Бөкейхан екі мақсатқа қол жеткізуді көздеді. Негізгі мақсатының бірі – бастапқыда қазақтар үшін тиімді болып есептелінген әскери міндеткерліктен босату туралы 1834 жылғы заңды жою болатын. Екінші мақсат – басқа халықтармен, бірінші кезекте, орыстармен, әсіресе казактармен тең құқылыққа қол жеткізу⁹. Өзінің 1913 және 1916 жылдары «Қазақ» газетіне шығарған мақалаларында Ә. Бөкейхан атты әскер құрамындағы ерікті түрде қызмет ету қажеттілігі себептерін казак әскері мысалында халықтың күнделікті мүддесі ретінде түсіндірген болатын. Оның ойынша, көшпелі қазақтар үшін ерікті казак қызметі қарапайым

⁸ В мире мусульманства, 23.12.1911 г.; См.: Аккулы С. Алихан Букейхан. Завещание. – Шымкент, 2016. – Т.2. – С.335.

⁹ Аккулы С. Алихан Букейхан. Завещание. – Т.2. – Шымкент. 2016. – С.332-333.

әскери міндеткерлік пен жалдамалылықпен салыстырғанда, бірқатар артықшылықтары бар және қолайлы болатын. Біріншіден, атпен жүру – қазақтар үшін ұлттық дәстүр және күнделікті өмір салты. Екіншіден, 18 жасқа толған казак 3 жылдық әскери дайындықтан кейін ғана казак болады, содан соң 21 жасынан бастап нақты әскери міндеткерлікке түсіп, 12 жыл бойы қызмет етеді. Бейбіт уақытта казак аталынған 12 жылды өз бекетінде өткізіп, тек жаздың 3-4 айында ғана өз аймағындағы әскери жиындарға қатысып отырады. Осылайша, казак 12 жылдық әскери міндеткерліктің тек 3-4 жылын ғана бұл жиындарда өткізеді. 12 жылдық қызметтен соң, 38 жасында казак қосалқы құрамға ауысады, – деп түсіндіреді Ә. Бөкейхан.

Үшіншіден, Ә. Бөкейханның пайымдауынша, төмендегі жолдар ең маңыздысы саналды: «Казак по закону имеет больше прав нежели мужик [русский крестьянин] и причиною этому была сама история: мужик был рабом [крепостным], казак – вольным, свободным и, благодаря своей добровольной 12-летней воинской службе, имеет перед мужиком значительное преимущество и льготное право на землепользование. Нам такое право не предоставят, если предоставят – не проиграем»¹⁰.

Алашорданың белгілі қайраткері М. Тынышбаев 1916 жылдың оқиғаларын тексеру жөніндегі комиссияға 1917 жылы жазған хатында былай деп келтірген: «Заведующий военно-полевыми строительными работами инженер Чаев в сентябре 1915 г. обратился ко мне с просьбой высказаться по поводу проекта о привлечении киргизов¹¹ к отбыванию всеобщей повинности. Я тогда же представил свои соображения; я написал о существовании проекта редактору киргиз-

¹⁰ Семипалатинский листок, 13 июня 1916 г.

¹¹ Бұдан ары «қыргыз» дегенді казак деп түсіну кажет.

ской газеты «Казак», издаваемой в г. Оренбурге. В декабре 1915 г. об этом проекте заговорили в печати. 24 января 1916 г. газета «Казак» (№ 166) поместила соображения нескольких уважаемых киргизов по поводу ожидавшегося привлечения киргизов к отбыванию воинской повинности; причем вопрос о желании или нежелании служить в армии не рассматривался при сем; все заинтересовались вопросом о том, в каком виде войск будут служить киргизы – пешими или в конном строю, этот вопрос стал разбираться на страницах «Казак» (№ 166, 168, 177, 178, 179 и последний от 9 июня, кои при сем прилагаю).

В общем, из сих указанных номеров можно было заключить, большинство киргиз предпочитало службу в конном строю (в том числе и я), меньшинство стояло за службу в пехоте; предполагалось, что, ввиду отсутствия у киргизов метрики, привлечение их на военную службу в ближайшее время будет сопряжено с большими трудностями. Для выяснения этих вопросов 3 февраля 1916 г. выехали в г. Петроград член I-й Государственной Думы А. Букейханов, редактор «Казак» А. Байтурсынов и киргиз Н. Бегымбетов; побыв в г. Петрограде у государственных лиц, в том числе и у военного министра, делегаты вернулись и сообщили на страницах «Казак», что вопрос с привлечением киргизов пока отложен.

Тем не менее, вопрос, какая служба для киргизов лучше – кавалерия или пехота рассматривался до июня месяца 1916 г. Газета эта, как единственный печатный орган, очень распространена среди киргизов; статьи о военной службе читались с особым вниманием, и вопрос этот стал очередной темой среди киргизского населения. Вспомнили, что и раньше, до войны, частично возбуждался вопрос о переходе значительными массами в казачье сословие, чтобы можно было составлять

из киргизов целые конные полки; поводом к этому служили земельные притеснения (возбуждали этот вопрос еще до войны в Лепсинском, Верненском, Пишпекском и Пржевальском). Нельзя, конечно, сказать, что киргизы радовались предполагавшейся военной службе; но они отнеслись к ней как к возможному явлению в жизни народа, и, имея в виду, что будут служить в кавалерии, думали, что смогут закрепить за собой занимаемые земли»¹².

Осылайша, Ә. Бөкейхан да, М. Тынышбаев та, басқа да қазақ интеллигенциясының өкілдері секілді «әскери қызмет қазақтарды жасқандырмады, керісінше олар оған дайын болды» деген сенімділікке ие болатын.

Алаш бөлімдерін құрудың жоспарлары мен тәртіптері

Орынбор қаласында өткен бірінші Жалпықазақ съезінде (21-26 шілде 1917 ж.) қаулы қабылданды. Онда қабылданған 14 қаулының бірі «халық милициясын ұйымдастыруға» арналған болатын. 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған «Алаш» партиясының 10 тармақтан тұратын бағдарламасындағы 6-ншы тармақ әскер құруға арналды: «Ел қорғау үшін әскерді осы күнгі түрінде ұстамау. Әскерлік жасқа жеткен жастар өз жерінде үйретіліп, өз жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару»¹³.

Қазақ бөлімдері мен милициясын құру жөніндегі ресми мойындалған құжат ретінде ол 1917 жылы Орынборда өткен 2-ші Жалпықазақ съезінің бағдарламасына енгізілді. Осы жиында Ә. Бөкейханның басшылығымен «Алашорда

¹² ЦГА РК. Ф.797. Оп.1. Д.46. Л.401-410.

¹³ Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2004. – С.440, 505.

бүкілқазақтық уақытша ұлт кеңесі» құрылған болатын¹⁴. Съезд делегаттары бірқатар тарихи шешімдермен қатар «халық милициясын» (бақылаушы) құру туралы да қарар қабылдады.

Бірінші кезеңде Алашорда үкіметі милиция қарулы топтар құруды жоспарлады. Қарулы құрылымдардың құрылуына негізгі себептер съездің хаттамасында былай көрсетілген: «приняв во внимание, что государство переживает исключительно трудное время: повсюду идут убийства и грабежи, как проявления всеобщего развала и анархии, что от анархии не гарантированы и казак-киргизские области, что в переживаемое исключительное время, казак-киргизы не могут оставаться равнодушными к окружающей анархии, которая, в случае проявления в степных областях, может уничтожить казак-киргизский народ, как совершенно беззащитный, и что, поэтому во имя спасения казак-киргизского народа от надвигающейся анархии предоставляется необходимым организовать народную милицию, съезд постановил: немедленно приступить к организации народной милиции»¹⁵.

Съезде милиция бөлімшелерінің ережелері, жоспарлары, есептері және қалыптасу тәртібі қабылданды. Милиция қызметкерлеріне қызмет етуге жарамды 30-дан 35 жас аралығындағы ер адам ерікті түрде қабылдануы тиіс болды. Барлық милиция қызметкерлері «ұлттық қордан» жалақы алатын болды.

Ал белгілі-бір жерлерде қажетті қызметкерлер санын жалдауға мүмкіндік болмаған жағдайда таңдау әдісін қолдану жоспарланған. Сонымен бірге, милицияға таңдау

¹⁴ «Алашорда бүкілқазақтық уақытша ұлт кеңесі» одан кейінгі кезеңде Алаш автономиясының (бұдан ары «Алаш үкіметі») заңды Уақытша үкіметі қызметін атқарып, негізгі саяси күштермен келіссөздер жүргізді.

¹⁵ Алаш-Орда: Сб. документов. Сост. Н. Мартыненко. – А., 1992. – С.70-73.

бойынша алынғандар өз орнына 20-35 жастағы басқа адамды жалдауға болатын еді. Бір отбасының бірнеше тұлғасына тандау шыққан жағдайда отбасының тек бір мүшесі ғана қызметке қабылданды. Сондай-ақ отбасылық және басқа да жағдайларға жеңілдіктер беру қарастырылған.

Алашорданың ұлттық қорын пайдалана отырып, милиция үшін қажетті мылтықтар, оқ-дәрі мен қылыштар сатып алу жоспарланған. Бастапқыда әрбір ауыл қауымы өз милициясын атпен, ер-тұрманмен және киім-кешекпен қамтамасыз етуге міндетті болды.

Милиционерлерді оқыту үшін офицерлер мен нұсқаушыларды шақыру жоспарланған. Есеп бойынша, 100 милиция қызметкеріне бір офицер және 50 милиция қызметкері үшін 1 нұсқаушы қарастырылды.

Съезге 1-інші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ офицерлері – капитан М. Аблайханов¹⁶ пен М. Бекімов шақырылды. М. Бекімов Алашорда үкіметі құрамына кандидат болып сайланды¹⁷.

¹⁶ Аблайханов Мигдатша Есімұхаметұлы, 1878 ж. туылған, Сібір кадет корпусын (1898 ж.), Павлов әскери училищесін 3 разряд бойынша бітірген. 242-ші Белебеев қосалқы батальонның подпоручигі (1900 ж.), поручигі (1905 ж.), жауынгерлік емес рота командирі, штабс-капитан. 1904 жылдың қазаны мен 1905 жылдың қазаны аралығында 5-ші Сібір Әскер корпусы құрамында Жапониямен соғысқа қатысқан. Әскери жетістіктері үшін Св.Станислав орденімен 3 дәр.қылыш пен бант, Св. Анны 3 ст. 3 дәр.қылыш пен бант марапатталған. 1917 жылы желтоқсанда Алашорданың Ақмола Облыстық Кеңесі құрамына сайланған, Ақмола облысында және Ақмола қаласында алаш әскерін құруға қатысқан. Арғы өмірі белгісіз. Әкесі Есмұхамет Аблайханов 1910 жылға дейін Ақмола генерал-губернаторының кеңсесінде аудармашы болып қызмет еткен.

¹⁷ Бекімов Молданияз 1882 жылы 9 қыркүйекте Бағыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында дүниеге келген. 1902 жылы Орал қаласындағы мектепті бітірген, содан кейін 1905 жылы Қазандағы әскери-жауынгерлік кадеттер мектебін бітірген. 1905-1906 жылдары ол, 6-шы Либавин жаяу полкінде, 130-шы Херсон полкінде, Каспий маңы атқыштар полкінде, 1-ші Ташкент резервтік батальонында қызмет етті. 1906-1908 жылдары Түркістан әскери округінің штабында, 1-ші Түркістан атқыштар батальонында қызмет етті. 1910 жылы Жаркент қаласында 21 Түркістан полкінің рота командирі болып тағайындалды. 1913 жылы 5 қарашада ол штабс-капитанға көтерілді. 1914-1915 жылдары 1-ші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, 1915 жылғы 21 қаңтарда ауыр жарақат алды. 1915-1917 жылдары ол

Съезде сонымен бірге мобилизациялау жоспары бекітілді, оған сәйкес өңірлер бойынша 13500 милиционер шақырылды, оның ішінде облыстар бойынша: Бөкей ордасы – 1000, Орал – 2000, Торғай – 3000, Ақмола – 4000, Семей – 1500, Жетісу – 2000 адам. Облыстардағы милиция қызметкерлерін әр уездерге бөлу бойынша ақпаратты облыстық ұйымдарға, ал болыс пен ауылдық округтер бойынша уездік ұйымдарға берілді.

Бұдан басқа, милицияны ұйымдастыру шығындарының алдын ала есебі ұсынылды, оған сәйкес 68 960 000 рубль жинау қажет, оның ішінде мылтық, оқ-дәрі және қылыш сатып алу үшін 16 300 000 рубль керек болды. Жылдық жалақы:

- офицерлерге – 810 000 р.,
- нұсқаушыларға – 810 000 р.,
- милиционерлерге арналған үй-жайларды жалдауға – 1 620 000 р.,
- милицияны басқаратын органдарды ұстауға – 720 000 р.

Аталынған қаржы алты облысқа бөлінді, олар өз кезегінде уездер мен болыстарға сәйкесінше бөліп, салық жинауды ұйымдастыруы қажет болды¹⁸.

Бір айта кетерлігі, ол заманда «милиция» түсінігі қазіргі полиция қызметі түсінігінен өзгеше болатын. «Милиция» ұғымы бастапқыда әскерді білдіретін латынның *militia* сөзінен шыққан. Уақыт өте келе тұрақты әскердің құрылуына

Ташкорған орыс гарнизонының басшысы (Қытай Памир Синьцзян) болды. 1917 жылдың жазында Нарын ауданы комиссары болып тағайындалды, сондай-ақ Жетісуда босқындарға жәрдемдесу комитетінде жұмыс істеді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Екінші Бүкіл Қазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүшелікке үміткер ретінде сайланған. 1918 жылы ол қытайлық Құлжа қаласында болды. 1919 жылдан бастап Анненковтың Сидоров бригадасының штаб бастығы, подполковник. Ол этнографиямен және орыс классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аударумен айналысты.

¹⁸ Алаш-Орда: Сб. документов. Сост. Н. Мартыненко. – А., 1992. – С.73.

байланысты соғыс кезінде ғана қалыптасатын әскердің ерекше түрі милиция деп атала бастады, осылайша ол уақытша жасақтың түрі саналды. «Милиция» термині Ежелгі Римде, қатардағы жаяу әскердің қызмет түріне қолданды. Ал ортағасырлық Еуропада милиция деп соғыс кезінде жергілікті тұрғындардан жиналған жасақты атаған.

Ресей империясында милиция деп 1806-1807 жылдары болған земстволық әскерді, ал XIX ғасырдың соңында Кавказ бен Каспий маңы облыстарының жергілікті тұрғындар шығаратын (тұрақты атты милиция) әскер аталды. Милицияның тұрақты әскерден негізгі айырмашылығы – оның әскери міндеткерлікке емес, ерікті негізде құрылуы. Көп жағдайларда бұл тұрақты емес әскердің шағын бөлігі (170-ден 800 адамға дейін) болды, мысалы, Дағыстан уақытша кавалериялық полкі, Терек тұрақты милициясы, Кубань тұрақты милициясы, Шешен кавалериялық полкі, Ингуш кавалериялық полкі, Дағыстан милициясы, Батуми милициясы, Теке атты полкі. Кейіннен, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, аталынған милиция күштері тарихта «Жабайы дивизия» ретінде белгілі. Милиция жергілікті халықтан (әскери міндетті емес тұрғылықты халық (оның тұрақты және казак әскерінен негізгі айырмашылығы) ерікті түрде құрылады. Милицияның бір бөлігі ұлттық киімдер мен ұлттық қаруларымен толықтырылды.

Тек 1917 жылғы революциядан кейінгі Кеңестер мемлекетінде полиция қызметі жаңа «милиция» термині – «халық милициясының» құрылуына байланысты өз мағынасын өзгертті.

Алашорда үкіметінің шешімі бойынша, әрбір болыстан милиция қызметкерлеріне 30 атты адам алыну жаспарланды. Бөлімдерді қалыптастырумен тікелей уездік земстволық

басқарма айналысты. Шақыру мәселесін болыстық атқару комитеттері жүзеге асырды. Мобилизацияланған отрядтар уездік милиция құрамына кірді. Алашорда өкілдері аудандық милиция бастығының көмекшілері болып тағайындалды.

Жұмылдыруға қойылатын жалпы талаптар Алашорданың Батыс бөлімшесінің 1919 жылғы 11 маусымдағы №138 бұйрығымен «Алашорда бөлімінде жігіттер мен жылқыларды жұмылдыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» нормативтік нұсқаулықта көрсетілген. Бұйрықтың шеңберінде жігіттер және жылқыларды жұмылдыру келесі негізде жарияланды:

1) Әрбір уезд бойынша жұмылдыру мерзімі Алашорданың арнайы бұйрығы бойынша жарияланады, әрбір елу баспадан бір жігіт пен бір ат жұмылдырылуы керек.

2) Жұмылдыруға шақырылған жігіттер қабылдау бөліміне толық киіммен және жылқылары толық әбзелдерімен ұсынылуы керек.

3) Жұмылдырылуға тиіс жігіттер 19 және 25 жас аралығында болуы тиіс.

4) Қабылданған жігіттер комиссия төрағасынан, тиісті уездік земство басқармасы мүшесінен, медициналық доктордың, бір офицерден және тиісті болыстық земстволық әкімшілігінің және ауылдық қауымдастық өкілінен тұратын комиссия қатысуымен қатаң медициналық сараптамадан өткізілуі тиіс.

5) Қабылдау комиссиясы жауапты тұлғалар мен ауыл ақсақалдары арқылы қабылданған жігіттің сенімділігі мен адалдығына көз жеткізуі тиіс.

6) Істі болған және тергеу астындағы жігіттер жұмылдыруға қабылданбайды.

7) Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны немесе жүйені және Қазақ үкіметін құлатуды мақсат еткен ұйымға қатысты

болса, жігіттер қатаң жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ жасаған әрекеттері арқылы үкіметтік және қоғамдық ұйымдарға келтірген зияны үшін олар шақырылған қоғам жауап береді.

8) Қызметке есептен тыс еріктілер қабылданады. Қабылдауға келген ерікті жігіттер земстводан немесе ауылдық қоғамдардан сенімділік пен адалдық туралы куәлікті ұсынуға міндетті, ерікті қызметшілердің қызмет ету мерзімі аяқталмағанға дейін ешбір себепсіз қызмет етуден босатылмайды.

9) Қызметке түскен жігіттердің қызмет ету мерзімі – олар қызметке кірген күннен бастап 1 немесе 1/2 жыл. Олар қызмет соңында үйіне аты және киім-кешегімен оралады. Толық мерзім қызмет еткен жігіттер есептен тыс жаңа қызметке басқа ерікті түрде қабылданушылармен тең талаптар бойынша қабылдана алады.

10) Қызмет кезінде жігіттер айына 50 рубль алады, олардың жылқыларын бағу Алашорда қаражаты есебінен жүргізіледі.

11) Жігіт қабылданатын ауыл қоғамы жаңа жұқа киім, бешпет пен қорғаныс түсті шалбар, түйе жүнінен жасалған шекпен, қоңыр түсті бөрік, қой терісінен жасалған қысқа тон беруге міндетті.

12) Ат әбзелдері ерден, үш тоқымнан, үш тартпадан, аткөрпеден, ноқтадан, жүгеннен, ашаяқтан, қын, ұзын шылбыр және қамшыдан тұруы керек.

13) Алынған жылқылар төрт-сегіз жас аралығында, мүмкіндігінше ат болуы тиіс.

14) Жылқыларды қабылдайтын комиссия үш адамнан тұрады, тек медициналық дәрігердің орнына мал дәрігері болады. Әрбір уезд мобилизациялық аудандарға бөлінеді, болыстардың аудандар мен қабылдау бөлімдері бойынша бөлінісінің өзгеруі мен хабардар етілуі Алашорданың айрықша бұйрығы арқылы жүзеге асады.

Сонымен бірге жұмылдырудан мынадай жағдайларда босатылады:

а) жалғыз ұл; ә) отбасындағы жалғыз қожайын; б) әкесі 50 жастан асқан, ал бауырлары 15-ке толмаған ұл; в) егер отбасында жұмылдыру жасына жеткен бірнеше ағайынды болса, олардың тек біреуі ғана шақырылады; г) қауымға, жұмылдырылуға түскен жігітке де басқа адамды жалдауына болады; ғ) барлық оқу орындарының оқушылары¹⁹.

«Қазақ» газетінде М. Дулатұлы Торғай облысы бойынша жұмылдыру ережесін жариялады²⁰.

1918 жылдың 16 шілдесінде үкімет басшысы Ә. Бөкейхан Зайсан уезіне, Өскемен уезіне, Көкпектіге, Қарқаралы уезіне, Павлодар уезіне, Омбы, Петропавл уезіне, Көкшетау, Ақмола, Атбасар уездеріне, Славгород, Баянауылға үш апта мерзім ішінде «болыстан отыз адамнан, бірінші кезекте еріктілерден» атты милиция бөлімшесін құру туралы бұйрық түсірді»²¹.

Алашорда үкіметінің әскери бағдарламасын іске асыруға офицерлер тапшылығы кедергі келтірді. Осы орайда, Алашорда көсемдері орыс тілін білетін қазақтар арасынан ақылы негізде 1918 жылдың 1 ақпанынан бастап кіші құрам офицерлерін (вахмистор, прапорщик) дайындау туралы Орынбор кадет мектебінің басшылығымен келісім жасады. Осы мақсатта съезд 24 адамнан үшеуін қабылдауға 100 мың рубль бөлуді жоспарлады. Бірақ қазақ кадеттерінің алғашқы тобын даярлауға курс басталғанға дейін 30 мың рубль көлемінде төлем жасау талап етілді. Ол кезде Алашорда қазынасында қажетті соманың жартысынан да аз қаражат,

¹⁹ Алаш-Орда: Сб. док. С.102-105.

²⁰ Қазақ, 1918 // «Қазақ» газеті». – А., 1998. – 560 б.

²¹ ГА РФ. Ф.1701. Оп.1. Д.6 в. Л.21, 21 об. Копия.

бар-жоғы 12 500 рубль ғана болды. Бұл қаржыны тек Отарбайқажы Қондыбайұлы салған болатын²².

Ресейде болып жатқан оқиғалар, саяси қайшылықтар және азаматтық соғыстың басталуы Алашорданың алдына жаңа міндеттер қойды.

Ұлт істері жөніндегі комиссар И. Сталиннің Федеративтік Кеңес Одағының билігін мойындауы туралы ұсынысына Алашорда жетекшілері 1918 жылы 3 сәуірде өз талаптарын ұсынды²³, ол 5-13 желтоқсандағы 2-нші Бүкілодақтық съезінің шешімдеріне сәйкес келетін еді. 21 сәуірде Х. Ғаббасов Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы В.И. Лениннің және халық комиссары И. Сталиннің атына қайтадан жеделхат жолдады. Хатта: «Вопрос автономии киргизских областей является вопросом жизни [или] смерти киргизского народа. Точка зрения Совнаркома, переданная комиссаром Сталиным по прямому проводу второго апреля, внесла было некоторое успокоение среди киргизского населения. Но пренебрежение к естественному праву народа со стороны местных совдепов не прекращается. Гонения киргизских организаций, аресты членов их (...) углубляют национальный антагонизм. Необходимо вовремя потушить этот огонь и приступить немедленно к организационным работам, чтобы предупредить назревающую смуту и волнение. Весь Киргизский народный совет, выполняя непреклонную волю киргизского народа, считает за долг принять все меры к возможному скорому осуществлению идеи автономии, ждет срочного ответа» деп көрсетті²⁴.

²² Қазақ, 24 қаңтар 1918.

²³ Алаш қозғалысы. – А., 2005. – Т. 2. – С. 130.

²⁴ Алаш қозғалысы. – А., 2005. – Т. 2. – С.141–142.

Бірақ, большевиктер талаптарды ішінара қанағаттандырды. Сонымен қатар, билікті басып алған большевиктер «қызыл диктаторлық» құрып, жазалаушы әдістерді қолдануға кірісті²⁵. Жетісуда 1918 жылдың наурызында казактардың жақтастары ретінде Жайнақов, Сабатаев және Әлжанов тұтқындалды²⁶.

Облыстық комиссар Мұхамедиевтің көмегімен олар қамаудан босатылды. Алашорданың Қапал уездік кеңесінің төрағасы М. Төлебаев тұтқындалды.

Қызылодардың жетісу өңірлік атқарушы комитеті екі апта бойы аймақтарға телеграф берді. Бұл хабарлардың мәні Алашорда басшылығы мен қайраткерлерін жаңа әкімшіліктен жоюға толық қатысты болатын:

«В Совнарком Джаркент, копия в Кульджу, Малинину - Немедленно арестуйте Бекимова. Доставьте его в Верный строгим конвоем»;

«В Совнарком Лепсинск. Арестуйте провокатора Арапова и других особенностей, поймите Альджанова. Об исполнении телеграфируйте» (12 июня 1918 г.);

«В Совнарком Лепсинск. Ни в коем случае не могут быть Комиссарами черносотенные казаки Шебалин, Бакалов, Калинин, Поляев, киргизы Маметов, Кудербеков, несоответствующие духу времени. Арестовать Шебалина и Маметова до прихода отряда» (13 июня 1918 г.);

«В Совдеп Гавриловка. Заключение тюрьму контрреволюционера Комиссара административной части Гончарова, политически неблагонадежных Умбетбаева, Тулебаева, Аблайханова, саркандского Палаткина, Шемякина, Кадырбаева, должностей устранить. Исполнение сего телеграфировать немедленно» (27 июня 1918 г.)²⁷.

²⁵ Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – А., 2009. – С. 202.

²⁶ ГА АО. Ф.350. Оп.2. д.5. Л.32.

²⁷ ГА АО. Ф.489. Оп.1. Д.91. Л.Л. 25, 90, 93, 95, 172.

Аймақтардың барлығында, оның ішінде Семейде де алаш партиясының белсенділерін тұтқындаулар жүргізілді. Бұл террорлық әрекет Алашорда үкіметінің өз мүдделерін қорғауға ұмтылуына себеп болды. 1918 жылдың басында большевиктердің билігін мойындаған қазақ интеллигенциясы өкілдерінің көпшілігі оппозицияға бет бұруға мәжбүр болды. Мұндай жағдайларда балама ретінде «Алашорда» үкіметі Ақ әскер қолдауымен өз қарулы күштерін құруды қарастырды.

Еділ (Волга) аймағында және Сібірде большевиктер билігі құлағаннан кейін Алашорданың алғашқы бұйрықтарының бірі 1918 жылғы 11 маусымдағы Кеңес өкіметіне қатысты қаулы болды. Оның шеңберінде «Кеңес өкіметінің Алаш автономиясының аумағында шығарған барлық қаулылары жарамсыз» деген қаулы қабылданды. Сонымен қатар, ең жақын одақтастар болып «Сібір және Башқұрт автономиясы», сондай-ақ атаман Дутов саналды²⁸. Соңғысы «Түркістанға жорыққа қатысу» мақсатында Орынборға жақын алашордалық бөлімдерді қару-жарақпен, киім-кешекпен және нұсқаушылармен қамтамасыз етуге уәде берді. Баршасына Семей Алаш полкі мысалға келтіріліп, олар «с казаками и офицерами идет в поход против большевиков Семиречья» деп көрсетілді²⁹.

²⁸ Дутов А.И. (05(17).08.1879, Қазалы, Сырдария обл. – 06.02.1921, Суйдин, Қытай). Генерал-лейтенант (04.10.1918). Орынбор казактарынан шыққан. Орынбор Неплюев кадет корпусын (1897), Николаев кавалериялық училищесін (1899) бітірген. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде 1-ші Орынбор казак полкінің командирі. 1917 жылдың 1 қазанынан Орынбор казак әскерінің әскери атаманы, 11 желтоқсаннан Орынбор ЭО Әскерінің қолбасшысы. 25.07.1918 ж. генерал-майор. 1918 ж. қазанынан Оңтүстік-Батыс әскер қолбасшысы. Барлық казак әскерінің жорық атаманы. 21.09.1919 ж. қайта құрылған Орынбор әскерінің басшылығына келді. Атбасар-Көкшетау аймағынан әскер Қарқаралы арқылы Жетісуға шегінуге мәжбүр болды. Бұл жерде әскери басшылықты атаман Анненковке тапсырып, өзі Лепсіге орналасып, аймақтағы азаматтық билікті қолына алды. Чекистер қолынан Қытайдың Суйдин қаласында қаза тапқан.

²⁹ ГА АО. Ф.350. Оп.2. Д.5. Л.32.

Сондай-ақ, ол кезде астыртын әрекетке көшкен Алашорда үкіметі делегациясының 1918 жылдың мамыр айындағы Қытайға, Шәуешек қаласына қолдау және одақтастар іздеу мақсатындағы тарихи халықаралық іссапары болды. Шәуешек қаласындағы орыс консулы В. Долбежевтің Пекиндегі Ресей елшісінің атына жазған жеделхатында: «прибывшие в Чугучак уполномоченные Совета Байтурсунов, Марсеков и Дулатов, в целях оказания противодействия большевикам, предполагают организовать вооруженные отряды русских киргиз и просят Вас ходатайствовать перед Китайским правительством касательно снабжения оружием и патронами из Урумчи, на первое время, на тысячу человек» делінген. Сонымен бірге Долбежев «конечною целью Совет Алаш-орда ставит общее восстание Российских киргиз, могущих выставить при поддержке оружием около 40000 киргиз для совместной борьбы против большевиков» деп хабарлайды³⁰.

Бұл Қытай аумағында тұратын қазақтар үшін де үлкен оқиға болды. Бұл кездесуге Синьцзянның барлық аудандарындағы беделді қазақ тұлғалары қатысты. Өкінішке орай, осы кездесудің басқа да деректері әлі белгісіз, бірақ бұл кездесуді түсірген фотосурет сақталған.

Өзінің қарулы күштерін құрудың маңыздылығына байланысты 1918 жылдың 11 маусымында Алашорда үкіметінің қаулысымен Әскери министрлік құрылды. Бұл министрліктің функциялары Алашордадағы облыстық және аудандық бөлімшелерде облыстық және аудандық әскери кеңестер ашу құқығын алған Әскери кеңеске жүктелген. Әскери кеңес үш адамнан тұрды³¹. Әскери кеңестің жұмыс

³⁰ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114. Л.12.

³¹ Алаш-Орда: Сб. документов. – С.109.

органы саналатын әскери бөлім құрылды. Бөлімнің басшысы қызметіне артиллерияның кадрлық капитаны Хамит Тохтамышев шақырылды³², ол Алашорда Үкіметінің Әскери министр қызметін атқарып, қазақтар арасынан Алаш әскерін құрумен тікелей айналысты. Аталған қаулы Әскери кеңеске «большевиктермен күреске жігіттерді жұмылдыруға шақыру міндеті» жүктелді.

1918 жылдың 12 маусымында Алашорданың арнайы «Алаш әскерін» құру туралы қаулысы қабылданды. Алашорданың Облыстық Кеңестер әскерге «жігіттерді жұмылдыру», салық жинау, әрі мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау жұмыстарымен бірден айналысу міндеті қойылды³³. Жергілікті жерлерде құрылған милиция бөлімдері жаңа Алаш әскери құрылымдарының негізі болып отырды. Сонымен қатар жаңа билік – Сібір Уақытша үкіметі 1918 жылдың 17 қыркүйегінде «Милицияны өзін-өзі басқару органдарынан алу мен оны Ішкі Істер Милициясы мекемесіне беру туралы» шешім қабылдады³⁴.

Қазақстан территориясындағы әскери қимылдардың жандана бастауынан Алаштың өзіндік қаруланған тұрақты

³² Тохтамышев Хамит Негматуллаоглы. (? - желтоқсан 1919 ж., Көкпекті бекеті, Семей уезді). Семей облысы тумасы. Сібір кадет корпусы курсы (1908) және Константинов артиллерия училищесін бітірген. 1909 жылдан 8-ші Сібір артиллериялық атқыштар бригадасының подпоручигі. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1916 жылдан капитан. 1918 жылдан бастап әскери бөлім басшысы, «Алаш-Орда» үкіметінің Әскери министрі міндетін атқарушы. 1-ші Алаш дала-атты полкінің командирі (маусым, 1918), 1-ші Партизан Қазақ-атты полкінің командирі (желтоқсан, 1918 – маусым, 1919), Жеке Қырғыз-атты бригадасының командирі (маусым, 1919), полковник (тамыз, 1919). 1919 жылдың желтоқсанында Семейден шегіну кезінде қаза тапқан. Хамит Тохтамышев туралы құжаттарды РГВИА іздестіру барысында оның бауыры Мұрат Тохтамышев туралы ақпарат табылды — «Краткая записка от 27-го июня 1912 о службе Подпоручика 25-го Сибирского стрелкового Генерал-Лейтенанта Кондрагено полка Тохтамышева Султан-Мурад Негматуллаоглы», 1889 года рождения (Ф.400, оп.9, д.34266. Л.2). 1-ші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Ауыр жараланған. Кейінгі тағдыры белгісіз.

³³ Алаш қозғалысы. Сб. документов и материалов. Т.2. – А., 2005. – С.173-174.

³⁴ Аманжолова Д.А. На изломе. – С. 228.

үкіметтік әскер құру мәселесі айқын бола түсті. Бірақ Алашорда Үкіметінің өз қарулы әскерін ұстап тұруға қаражаты жетіспеді және қару-жарағы мен дайындалған кадрлары жоқ болатын. Осыған байланысты Алашорда Сібір Үкіметінің Министрлер Кеңесіне өзара көмек туралы келісімді қабылдауға қатысты ұсыныс жасауға мәжбүр болды.

1918 жылдың 10 шілдесінде «Сібір уақытша үкіметінің Батыс-Сібір комиссариаты жанындағы өкілеттік етуге құқылы Алашорда мүшесі Ә. Ермаков» Сібір Уақытша үкіметіне өзара көмек туралы келісімді қабылдауға қатысты ұсыныс жолдады. Келісім жобасына «Алаш» автономиясын және Алашорда үкіметін мойындау, соның ішінде «Қазақ ұлттық әскерін»³⁵ құру туралы тараулар енгізілді. Сонымен қатар Совнаркомға бағытталған ұсыныстағыдай, бұл құжатқа да 2-нші Жалпықазақ съезінің (1917 жылдың 5-13 желтоқсаны) шешімдері енгізілді. Өз ұсынысында Алашорда үкіметі Сібір уақытша үкіметіне барлық қолдауды көрсететіндігіне уәде бере отырып, – «пала власть насильников народа – большевиков – в Сибири и прилегающих к ней степных областях. Постепенно освобождаются от советской деспотии другие части Федеративной Российской Республики»³⁶, деп мәлімдеді.

Әскери мәселелер бойынша қазақ ұлттық әскерін құру ұсынылды. Сібір үкіметі бұл әскерді ұйымдастыруға көмектескен жағдайда ол соғыс уақытында Сібір үкіметінің әскері қатарында жалпы басқаруда болу шарты айтылды. Қару-жарақпен, азық-түлікпен, әскери нұсқаушылармен қамтамасыз ету де соған байланысты болды³⁷.

Қазақ әскерін құру бойынша Алашорда үкіметі тарапы-

³⁵ Түпнұсқада және бұдан ары «Қырғыз». ГА РФ. Ф.193. Оп.1. Д.8. Л. 16-16 об. Көшірме

³⁶ ГА РФ. Ф.176. Оп.5. Д.1720. Л. 2-2 об. Түпнұсқа

³⁷ ГА РФ. Ф.193. Оп.1. Д.8. Л. 16-16 об.

нан 1918 жылдың 26 шілдесінде нақты ұсыныстар жасалды. Онда былай делінген: «не обладая оружием, снаряжением и достаточными средствами на содержание армии, правительство Алашорда обращается к Временному Сибирскому правительству с просьбой обеспечить Казахскую армию инструкторами, вооружением, снаряжением и всеми видами довольствия»³⁸. Нақты айтқанда, 4 атты корпус пен бір жеке дивизия құру ұсынылды, олар «Сібір Уақытша үкіметімен бірлесе отырып, большевиктерге қарсы күреседі» делінген.

Алашорда басшылығы сол кезеңде 40 мың жауынгер жинай алатындарына сенімді болатын. «Рабочий день» газетінде³⁹ «Алашорда қазақ үкіметі мүшесінің» сөздері басылды, ол «қалыпты жағдайда 6 миллион болатын және Моңғолияға дейінгі ауқымды аймақты қамтып отырған қазақтар 40 мың жауынгер жібере алатындығын» айтқан. 40 000 жауынгер саны жоғарыда, Шәуешектегі консул Долбежевтің телеграммасындада айтылған болатын.

Бұл мәселелерді шешудің маңыздылығын ескере келе, Ә. Бөкейхан Х. Тохтамышевпен бірге Омбыға келген еді. Бұл жерде Алашорда үкіметінің ұсынысын қарастыруға қатысты 29 шілде мен 3 тамыз аралығында арнайы комиссия жұмыс жасаған болатын. Сібір билігі бескүндік талқылаудан соң, егер де төмендегі бірқатар міндетті шарттар сақталатын болса, Қазақ әскерін қару-жарақпен, жабдықтармен, әскери киім-кешекпен, азық-түлікпен және әскери нұсқаушылармен қамтамасыз етуді өз мойнына алуға келісті. Ол шарттар мыналар:

– Қазақ әскері автономды Сібірдің әскерімен бірлесе отырып, соңғысының территориясын қорғайды және Алаш

³⁸ ГА РФ. Ф. 176. Оп. 1. Д. 5. Л. 7.

³⁹ «Рабочий день», 26 қазан 1918 ж.

Сібір әскері жүктеген барлық шұғыл міндеттерді орындайды;

– Қазақ әскерін жинақтауды Алашорда Сібір Уақытша үкіметінің әскери министрімен келісе отырып жүргізеді;

– Қазақ ұлттық әскері аймақтық жүйе бойынша құрылымданады;

– Қазақ әскері құрамдары қалыптасу барысында ірі құрылымдарға қосылады, жеке федеративті әскер болып қалыптаспайынша Сібір әскерінің құрамдас бөлігі болып саналады;

– Соғыс уақытында Қазақ әскері автономиялық Сібір қарулы күштерінің қатарында жалпы басқаруға бағынады;

– Сібір Уақытша үкіметі Алашорданың толық және жігерлі қолдауы негізінде Қазақ әскерін қару-жарақпен, жабдықтармен, әскери киім-кешекпен, азық-түлікпен және әскери нұсқаушылармен қамтамасыз етеді.

– Қазақ әскері біртұтас федеративтік әскер болып қалыптасқанға дейін Сібір әскерінің негіздері, ұстанымдары мен жоспары бойынша басқарылады, оқытылады және жабдыкталады»⁴⁰.

Әскери борышты тұрғындар санын есепке алу, шақыру, бөлу және оны жабдықтау бойынша Алашорда үкіметі жанында әскери басқарма құру жоспарланды.

Қазақ әскері келесі бастамалар бойынша құру туралы шешім қабылданды:

а) Сайлауға жол берілмейді;

б) Командалық лауазымдарға тағайындау барысында дәрежесі, жас мөлшері, ұлты есепке алынбайды, тек білімі, қабілеті мен тәжірибесі ғана саналады;

в) Әскерде қандай да бір комитеттердің болуына жол берілмейді;

⁴⁰ ГАТО. Ф.Р-72. Оп.1. Д.5.Л.11-12. Баспа машинасымен басыған көшірме.

г) Қатаң тәртіп, басшылыққа құрмет көрсету мен толығымен бағыну;

д) Қазақ әскерінің аға басшысы мен жеке қазақ құрамдарының командирлерін Алашорда үкіметінің келісімімен Сібір әскері қолбасшысы тағайындайды⁴¹.

Қабылданған шешімді есепке ала отырып, Алашорда Үкіметі тарапынан ұлттық құрамдарды құру мен орналастырудың жоспары жасалынды. Ол туралы 1918 жылдың 12 тамызында Сібір үкіметінің Әскери министрі хабардар етті. Алашорда Үкіметі алғашында 4 полктен тұратын бір Атты дивизия және бір артиллериялық дивизион жасақтау туралы шешім қабылдады. Дивизия жасақтау орындары ретінде Семей, Павлодар, Көкшетау және Ақмола таңдалды.

Дивизия штабы ретінде Семей қаласы таңдалды, Бірінші Бригада мен Атты артиллерия дивизионының штабы да Семей қаласында орналасуы тиіс болды. Ал екінші бригада штабы ретінде Көкшетау қаласы белгіленді⁴².

Бірақ Сібір үкіметі қолдау көрсетуге асықпады. Тіпті Алашордаға қатысты Сібір үкіметі басшылығы тарапынан сенімсіздік пен екі ойлылық байқалды. Бұл Алаш әскери құрамаларының қалыптасуына кері әсер етті.

Алашорда үкіметі «об отдаче в приказе по армии о формировании этой дивизии и о назначении офицеров в эту дивизию» деп қатаң талап етті. Тоқтамышевтың 12 тамыздағы мәлімдемесіне сәйкес «в городе Семипалатинск был сформирован первый Алашский конный полк в составе 28 офицеров и 750 конных джигитов, который приступил к обучению. Кроме того, в городе Павлодаре было собрано 150 джигитов,

⁴¹ Сол жерде

⁴² ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. Л. 15-16.

в Зайсане – 200, в Каркаралинске – 250 и в Усть-Каменогорске – 250, которые «сидят без денег, вооружения, обмундирования и инструкторов»⁴³.

1918 жылдың 12 тамызында Алашорда басшыларының өтінімі Сібір армиясының командирі, генерал-майор Гришин-Алмазовқа⁴⁴ жіберілді. Ол өзінің №44 бұйрығымен Алаш қарулы күштерін құруды 2-нші Дала Сібір корпусының қолбасшысына тапсырды. Бұған Корпустың командирі генерал-майор Иванов-Ринов⁴⁵ 17 тамызда: «Ни одной

⁴³ Там же.

⁴⁴ Гришин-Алмазов А.Н. Генерал-майор. 1918 жылғы 27 мамыр Ново-Николаевскіде кеңестік билікті құлатуға қатысты. 1918 жылдың 28 мамыры – 12 маусымы аралығында Омбы әскери округінің әскери қолбасшысы, 13 маусымда – 5 қыркүйек Сібір армиясының басшысы, 1 шілдеден Әскери министрлігін басқарды. 1918 жылдың қыркүйегінде ол Екатеринодарға келді, 1918 жылғы 12 желтоқсанда Одесса жол тартты. 1918 жылдың 17 желтоқсанында Одесса әскери губернаторы және (1919 жылғы 28 қаңтарға дейін) Одесса ауданының еріктілер армиясының қолбасшысы, 1919 жылдың 9-21 наурызы аралығында оңтүстік-батыс облысының командирі міндетін атқарушы. 1919 жылдың сәуір айында ол Омбыға Адмирал Колчакқа делегацияны басқаруға жіберілді. Ол Каспий теңізінде 1919 жылы 5 мамырда тұтқынға түсу қаупі жағдайында өзін-өзі атып өлтірді.

⁴⁵ Иванов-Ринов П.П. (. 26.07 (07.08) 1869 Семей облысы –. 1925 кейін, Кеңес Одағы). Генерал-лейтенант (10.08.1919). Сібір казак әскерлерінің ақсүйектерінің шыққан. Ол Сібір Кадет корпусының (Омбы, 1888) және 1-ші Павловск әскери училищесін (Санкт-Петербург, 1890) бітірген. Ол орыс-қытай шекарасында қызмет еткен, содан кейін Түркістанда әскери және әкімшілік қызметте болды. 1916 жылы мамырда Джизак ауданында жергілікті халықтың көтерілісін басуды басқарды, Ферғана әскери губернаторы міндеттерін орындады. Ақпан төңкерісінен кейін қызметінен алынып, Кавказ майданда казак бригадасы командирі болып тағайындалды. 1918 жылдың сәуір айынан бастап Омбы және Петропавлда заңсыз офицер ұйымдарын басқарды. Сібір казактарының атаманы. 07.06.1918, ол Омбы қаласында кеңестерге қарсы көтеріліс бастаған және дала корпусын жасақтап, 13.06.1918 жылы оның командирі болды. 15.07.1918 жылы Уақытша Сібір казак әскерінің әскер атаманы және Дала корпусының командирі. 05.09–2.11.1918 аралығында Сібір Уақытша үкіметінің соғыс министрі. Уфа директориясының Сібір әскерінің командирі, бұл лауазымда генерал Гришин-Алмазов алмастырды. Көп ұзамай ол Қиыр Шығыста Жоғарғы өкілеттіліктің әскери көмекшісіне тағайындалды (23/12/1918-жылғы 15.05.1919). 20.05.1919 жылы Омбыға оралып, жеке Сібір казак корпусын құруды бастады (31 шілдеде оның командирі болып тағайындалды). 1921 жылдың басында Қиыр Шығыста келді, 1922 жылдың соңында генерал Дитерихстің әскерінің қалдығымен бірге Кореяға өтті. Л.Д. Троцкий мен М.В. Фрунзеге өзінің адалдығы туралы жеделхат жолдап, 1925 жылы күзде Кеңес Одағына оралды. Шетелдегі Әскери үкіметтің және Сібір казак әскерінің әскері бөлімшелерінің командалық құрам өкілдерінің отырысы (Харбин, 29.11.1925) бойынша сатқын деп саналып, әскери атаман атағынан айрылды.

винтовки и ни одного офицера в формируемые части дать не могу»⁴⁶ деп жауап берді.

Полктің дәрігері мен қаржыландыруы да нақтыланбады. Осыны түсінген Ә. Бөкейхан «Қазақ әскерін» құру идеясын одан ары белсенді ілгерілетуді жалғастырды. Колчакпен тікелей кездесуге мүмкіндік болмаған соң, ол оның айналасындағылардың көзін жеткізіп, оған өз ойы мен дәлелдерін солар арқылы жеткізуге тырысты.

Осындай шаралардың нәтижелерінің бірі – Ішкі істер министрлігінің басшысы А.Н. Гаттенбергертің⁴⁷ 1919 жылдың ақпанында Колчакқа Ә. Бөкейханды қолдау қажеттігіне үгіттеп жазған хаты. Ол былай деп жазған: «Бывший Председатель упраздненного киргизского Правительства «Алаш-Орда» Букейхан в личном мне докладе, как представитель казахского народа, от лица последнего высказал определенное желание казахов, вместе с доблестными сибирскими войсками, вести борьбу с большевиками, от которых сильно пострадало казахское население; в Семиреченской области оно совершенно ими разорено»⁴⁸.

Сонымен бірге хатта былай деп көрсетіледі: «несмотря на то, что казахский народ в течение двух месяцев мог бы дать

⁴⁶ ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. Л. 9.

⁴⁷ Гаттенбергер Александр Николаевич (23 сәуір 1861, Тверь облысы Юрушково ауылы - 3 мамыр 1939, Сан-Франциско). Киев Юнкер атқыштар училищесін (1880) бітіріп, Нижний Новгород қаласында қызметіне кірісті. 1891 жылы штабс-капитан дәрежесінде әскери қызметтен кеткен, Тверге көшіп, мәмлегер сот қызметін атқара бастады. 1897 жылдан бастап Сібірде тұрды. Томскіде ол мәмлегер сот және алка билер қорғаушысына айналды. Томск қаласының көрнекті қоғам қайраткері. 1905 жылы қараша Конституциялық демократиялық партияның жергілікті бөлімінің негізін қалаушылардың бірі болды, оның губерниялық комитетінің мүшесі болып сайланды., 1918 жылдың 28 сәуірінен большевиктерге қарсы Потанин ұйымының мүшесі, және оның орынбасары. 1918 жылдың 2 қыркүйегінен Уақытша Сібір үкіметінің Томск провинциялық комиссары болып қызмет атқарды, 1918 жылы 4 қарашада Бүкілресейлік Уақытша Үкіметтің Ішкі істер министрлігіне басшы болып тағайындалды. 1919 жылғы 29 сәуірде жеке өтінішіне сәйкес босатылды. 1920 жылдың қаңтарынан Харбинде, 1922 жылдан бастап - АҚШ-та тұрды.

⁴⁸ ГА РФ. Ф.193. Оп.1. Д.8. Л.22-26.

до 20 тысяч воинов, надлежащих мер по формированию казахских частей принято не было»; және «истекшим летом в Семипалатинске собралось 1200 добровольцев-казахов, но даже и они не были использованы, оружие им не дали и, так как содержать их областному отделу было не на что, то джигитов пришлось поневоле распустить по домам в то время, когда Сибирская армия нуждалась в коннице». Сондай-ақ, А.Н. Гаттенбергер қазақтарды мобилизациялаудың бірқатар шарттарын да атап көрсеткен:

– Қазақтарды әскери қызметке қабылдаудың негізгі шарттары, біріншіден, жеке еріктілердің, негізінен әскери атты бөлімдер, казак әскерлерінің тәртібі бойынша қалыптасуы, командалық құрамы орыс және казак офицерлерінен жасақталған, жалпы әскери шартқа сәйкес, оларға қатаң тәртіп пен құрмет білдіруді енгізу тиіс.

– Қазақтарды әскери қызметке қабылдаудың екінші негізгі шарты – оларға еріктілер туралы заңның қолданылуы. Жәрдемнің барлық түрлері: әскери киім, қару-жарақ, әскери-техникалық құралдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ отбасыларын да қамтамасыз ету, жараланғандарға және мүгедектерге, қаза тапқан жауынгер – қазақтардың отбасына зейнетақылар мен жәрдемақылар беру жалпылама негізде қазынадан өндіріледі. Ерікті қазақтар әскери қызметте өздерінің аттарымен келуі керек; жарамды өз аты жоқ кедейлерге қажетті көлік қазыналық қаражат есебінен жергілікті бөлімдермен сатып алынады⁴⁹.

– Қазақ бөлімдерін құрудағы маңызды мәселенің бірі – кіші командалық құрам ретіндегі қазақтардан шыққан нұсқаушылар – унтер-офицерлерді дайындау мен оқу-жаттығу командаларын ашу болды. Алаш қаласында Тохтамышев және

⁴⁹ ГА РФ. Ф.193. Оп.1. Д.8. Л.22-26.

ресейлік офицерлердің басшылығымен «әскери медресе» деп аталатын прапорщиктерді даярлайтын әскери мектеп жұмыс істеп тұрған болатын. Қазақтар арасынан сауатты, орыс тілін еркін меңгерген 27 қазақ прапорщик (вахмистров) даярланды.

Осылайша, Ә. Бөкейхан қайтадан ведомствоаралық арнайы комиссия құруға қол жеткізді. Ішкі істер министрі П.Ф. Коропачинский төрағалығымен өткен 1919 жылдың 11 ақпанында өткен комиссияның отырысында Ә. Бөкейхан «біздің милициямыз – біздің әскеріміз. Ол қазіргі таңда нақты бар: біздің 700 жігітіміз Жетісу майданында, 540 адам Троицк түбінде, ал 200 адам Орал облысында. Жетісу майданындағы жетістіктер туралы хабарламаны оқыған кездеріңізде, ол жетістіктерге біздің бөлімшелердің арқасында қол жеткізілгендігін біліңіздер» деп мәлімдеді⁵⁰.

1918 жылдың тамызында Алашорданың қолында «Бердан» жүйесінің 300 мылтығы болды, оларды Алашорда 3 желілік мылтықпен қаруланудың біркелкілігі үшін (700 мылтыққа қосымша) ауыстыруды сұрады. Винтовкаларды «бірінші кезектік полктер» арасында әрқайсысына 400-ден, ал екінші кезектік полктерге – 100 мылтықтан әр қайсысына бөлу жоспарланды. Екінші кезектік полктер, яғни кадрлік полкін құру былай негізделді: «следующими соображениями: 1) пополнения действующих полков обученными людьми и лошадьми, 2) желание иметь достаточные кадры обученных людей на случай дальнейшего формирования»⁵¹. Сонымен қатар Тохтамышев кәсіби зеңбірекші ретінде Атты артиллериялық дивизион құруды былайша түсіндірді: «желанием иметь специалистов на случай захвата у противни-

⁵⁰ Алаш-Орда: Сб. документов. С.142-143.

⁵¹ ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. Л. 15-16.

ка действующими казахскими полками орудий»⁵². Өкінішке орай, бұл дивизион сол бойы қалыптаспады.

Содан кейін, тек 1919 жылдың 1 қазанында ғана Сібір корпусының командирі бұйрығымен, «для укомплектования уже существующих киргизских полевых конных полков, находящихся в дивизиях Партизанской и 5 Сибирской стрелковой, сформировать Кадровый Конно-Киргизский алашский полк», Алаштық Қазақ-атты полкі кавалериялық (қазақ) 4 эскадрондық құрамы негізінде құрылды. Полктің штаб-пәтері мен екі жүздігі Зайсан қаласында, ал екі жүздігі – Көкпектікте орналасты. Еріктілерді іріктеу Алашорда аймақтық кеңесі арқылы тағайындалған өкіл арқылы жүзеге асырылды. Алашорданың облыстық кеңесінің құзіретіне еріктілерді жалдауға жүз мың рубль көлемінде алдын ала көмек көрсетілді. Полк командирі болып 2-ші Партизан Қазақ-атты полкінің штаб-ротмистрі, ұлты татар Нигматулов тағайындалды⁵³.

2-ші Дала Сібір корпусының да, Сібір үкіметінің де басшылығы ұлттық құрылымдарды қажетті емес элемент ретінде қарауды жалғастырып, оған қаражат пен қару-жарак бөлуді шектеп отырды. Қазақ бөлімдері қиындықтармен қалыптасты. Соған қарамастан, Сібір үкіметі Алашорданың большевиктерге қарсы, әсіресе, жауынгерлік операцияларға қарсы мүмкіндіктерін пайдалануға қызығушылық танытты.

Тек 1919 жылдың тамызында большевиктердің барлық майдандағы шабуылға шығуынан кейін ғана Министрлер кеңесінің қаулысымен ПМ жанынан Омбы қаласында тамыз айында құрылған «А.В. Колчактың Бүкілресейлік Уақытша үкіметінің әскерінің қарулы күштер бөлімдеріне қызметке

⁵² ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. Л. 15-16.

⁵³ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114. Л.179.

басқа ұлттарды шақыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның» оң шешімі шықты. Мобилизация бөлімінің бастығы кездесуге қатысушыларды министрлікте бар материалдармен, атап айтқанда, комиссияның басқа ұлттарды, соның ішінде қазақтарды әскери қызметке тарту жөніндегі жұмысының нәтижелерімен таныстырды, оған сәйкес комиссия «самом широком привлечении инородцев на военную службу в качестве добровольцев»⁵⁴ деген шешімге келді. Бірақ бұл шешім уақытынан кеш шыққан еді. Ол уақытта большевиктер барлық майдандарда жеңіске жете бастаған.

Келесі бір жоба туралы да айта кеткен жөн. Алашорда басшылығы Башқұрт автономиясымен тығыз жұмыс істеді. Әскери бөлімдерді қалыптастыру тәжірибесін зерттеді. Екі автономияның басшылары үнемі кеңесіп, бір-біріне қолдау көрсетіп отырды.

Әртүрлі дереккөздерінде А.З. Валидидің басшылығымен 7 мың адамнан тұратын башқұрт-қазақ корпусын құру ниетінің болғандығы туралы мәліметтер кездеседі⁵⁵.

Башқұрт автономиясының жетекшісі – Башқұрт корпусының командирі А.З. Валиди өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Блокада Орска укрепила и расширила наши связи с Казахстаном. Прибывший от казахов юрист Азимбек Беримжанов⁵⁶ попросил нашей помощи для создаваемого

⁵⁴ РГВА. Ф. 39597. Оп. 1. Д. 90. Л. 1-2. Түпнұсқа; Россия и Центральная Азия. Сб. док., Авт. сост. Д.А.Аманжолова. – Караганды, 2005. – С.166-168.

⁵⁵ Карпов.Н.Д. Крестonosцы. М., 2014. С.91.

⁵⁶ Бірімжанов Ғазымбек 1896 жылы Торғай уезінде, Тосын болысында дүниеге келді. Орынбордың нақты мектебін бітірді. 1916 жылы өз еркімен Батыс фронтының тыл еңбек жұмысына барды. Торғай уездінің мәмлегер соты. Ол Башқұрт үкіметіндегі Алашорда өкілі болған, Алашорда атынан Колчакпен келіссөздерге қатысқан. Торғай облысындағы Алаш әскери бөлімінің құрылуына белсенді қатысқан. 1921-1922 жылдары «Ақ жол» газетінде редактор болып жұмыс атқарды. Өзінің басылымдарын «Шеген» деген лақап атымен басып шығарды. 1922 жылдан 1928 жылға дейін Берлин университетінің ауылшаруашылық факультетінде оқыды. Сол жылы Мәскеуге оралғаннан кейін ол тұтқындалып, Карелияға кугинға жіберілді. 1937 жылы ату жазасына кесілді. 1988 жылы ақталды.

ими в Тургайской губернии национального войска. Мы послали туда из офицеров Габдельхака Габитова и еще несколько человек. Они провели большую работу в городе Тургае, участвовали в формировании казахских национальных частей. Башкирское войсковое управление снабжало их военным снаряжением и оружием. Вооружение, предназначенное Самарским правительством для казахских войск, также проходило через нас. Мы собирались создать башкирско-казахский корпус и назначить его командующим генерала Ишбулатова⁵⁷, удостоившегося этого чина на царской службе»⁵⁸.

Ә. Бөкейхан 1937 жылғы 6 тамыздағы тергеу барысында «біртұтас Башқұрт-Қазақ мемлекетін» құру туралы келісім болғандығын мәлімдеген. Ә. Бөкейханның мәлімдемелерінің нақтылығына сенетін болсақ, мұндай шешім келесі ұстанымдарға негізделген: «во-первых, необходимостью обеспечения наших вооруженных сил для борьбы с советской властью, это объединение сил рассматривалось нами как реальная возможность устоять против Красной Армии, кроме того, казахи не проходили воинской службы в царской России, а башкиры проходили, и, следовательно, слияние наших отрядов с башкирами повысило бы их

⁵⁷ Исболатов Ходжахмет Ыскақұлы 1851 жылы 16 наурызда Уфимск губерниясының, Уфимск уезінде, Улякбаш ауылында дүниеге келді. Орынбор Неплюевский кадет корпус (1866) бітірген. 1908 жылы ол генерал-майор дәрежесінде отставкаға шықты. Дүниежүзілік соғыс кезінде ол генерал-майор атағымен қызметке қайтарылды (09.07.1915 ж.). 152-ші Қосымша жаяу полк командирі (13.06.1916ж.бастан). 1917 жылы Белебей гарнизонының басшысы болды, содан кейін алғашқы мұсылман атқыш бригадасының (Қазан қаласы) командирі болды. 1918 жылдың жазында Башқұрт үкіметі Башқұрт әскерлеріне қызмет алды, ол Орал-Еділ аймағында большевиктерге қарсы коалиция құрамындағы бөлімшеде қызмет етті. 07.1918 жылы ол Башқұрт жаяу дивизиясының басшысы болып тағайындалды, 09.1918 - Башқұрттың жеке корпусының командирі. 1918 жылдың бірінші жартысында ол генерал-лейтенант дәрежесіне көтерілді. 1918 жылдың қарашасында Башқұрт корпусының дирекциясы қайта құрылғанан кейін, ол тағы да 1-ші Башқұрт бөлімшесінің басшылығына тағайындалды. 1919 жылдың ақпан айында Ахмет-Заки Валидимен бірге қызылдардың жағына өтті.

⁵⁸ Валиди Ахмет-Заки. Воспоминания. – Т. 1. – Уфа, 1994. – С.258.

боеспособность; во-вторых, смежность территории и наличие в Башкирии значительного количества населения, состоящего из обашкиренных казахов; в-третьих, выгодность сочетания экономики Казахстана и Башкирии: башкирская руда, лес и казахский хлеб, скот и нефть. Исходя из этих соображений, мы считали, что, объединившись, мы сумеем создать свое государство, сильное в военном и экономическом отношении»⁵⁹.

Бірақ Ә. Бөкейхан жауап алу кезінде мойындағанындай, осы кездесуден кейін Қызыл Армиямен күресуді қоспағанда, басқа ештеңе орындалмады. Өйткені, 1919 жылдың аяғында Алаштық отрядтар Ақ гвардиямен бірге Қызыл Армия әскерлері тарапынан талқандалды.

Азамат соғысы майдандарындағы Алаш құрамдары

Алашорда үкіметі барлық күшімен өз автономиясын қорғап қалуға тырысты. Олар автономия, ұлттық үкімет, ұлттық сот пен милиция елдің азаттығына деген алғашқы қадамдардың бірі екенін түсінді. Оның үстіне жауынгерлік іс-қимылдар майданы Қазақстан аймағында өтіп жатты. Көп жағдайларда қазақ ауылдары қорғансыз қалып, ұрлық пен зорлық-зомбылыққа жиі ұшырап жатты. Бұл тұрғыда Алаштың құрған әскери бөлімдері қазақтың бейбіт елді-мекендерін қызылдардан да, ақтардан да қорғауға тиіс еді.

«Рабочий день» газетінің 1918 жылдың 26 қазанындағы нөмірінде «Алашорда қазақ үкіметі мүшесінің» мойындауын жариялаған, онда қазақтар туралы «как народ, никогда не отбывающий воинскую повинность, устраивал восстание в шестнадцатом году при царском режиме, когда киргизов

⁵⁹ См.: Кыдралина Ж.У Алимхан Ермеков. – А., 2012. – С.56.

брали на окопные работы и теперь, проникся сознанием необходимости нести военную повинность, как в целях самозащиты, так и в целях создания свободной Российской республики. Наш народ гораздо больше многих, более культурных народов патриотически смело говорит о привязанности к родной земле. Нашу автономию мы будем защищать всеми мерами и будем оказывать самую энергичную помощь всероссийской власти и ее стремлениям освободить Россию от немецкого и большевистского засилья для создания Великой Федеративной Российской Республики».

Колчактың атына жолдаған ІІМ Басқарма бастығы А.Н. Гаттенбергердің жоғарыда аталған хатында «движимые патриотизмом киргизы желают сражаться с общим врагом бок о бок со своими братьями – сибиряками, но, составляя отдельную национальность, они, в силу этого обстоятельства, просят о формировании из них – как добровольцев отдельных, преимущественно конных, воинских частей, по типу казачьих полков, с офицерским русским и киргизским командным составом, подчиненных общим воинским уставом, с введением в них строгой дисциплины и отдания чести» дегенде мәлімет бар.

Алашорданың Батыс бөлігінің бөлімдері

Алашорданың батыс бөлімшесінің 1918 жылдың мамырында Жампиты ауылында өткен төртінші облыстық съезінде мынадай қаулы қабылданды: «Образовать Временное правительство, выделив Уральскую область в особую территорию под названием «Уильский Ойялат», который являлся правительством зауральной части Уильской области, т.е. самостоятельной территорией.

Снабжать Уральское войсковое правительство скотом, особенно лошадьми под кавалерию; усиленно мобилизовать киргизских джигитов в качестве милиционеров для обучения их военному делу под непосредственным руководством казачьих офицеров, которые будут командированы Уральским войсковым правительством согласно договорному соглашению, с наименованием народной милиции; открыть в поселке Джамбейта с кратким шестимесячным курсом юнкерское училище для подготовки командного состава из грамотных киргизских юношей, включая сюда гимназистов, реалистов, окончивших двухклассные училища, а также школьных учителей, с приглашением военных преподавателей из состава офицеров Уральского казачьего войска»⁶⁰.

Бұл ретте «ұлттық милиция» атауымен алаш әскері бөлімдерін қалыптастырған, Орал мен Орынбор казактарымен, Самара («Комуч») үкіметімен одақтастық қатынасқа түскен, солардан қару-жарақ, киім-кешек, қаржы алған Батыс бөлімшесінің төрағасы Ж. Досмұхамедов Ақ әскердің тұрақты құрамына кірмей, жеке саясатын жүргізді. Алаштық әскері бөлімшелер «ұлттық милиция» ретінде негізінен жергілікті халықтың қорғанысын қамтамасыз етті.

Бұл жағдай алаштық бөлімдер жайлы материалдардың әскермұрағатында болмауының бірден бір себебі (кем дегенде, біз оларды таппадық). Өкінішке орай, біз Алашорданың Батыс бөлігінің алаштық бөлімдері жайлы құжаттарды өзге қорлардан да таба алмадық. Сол себептен де жеке құрам, құрылымы мен полктар қолбасшылары жайлы материалдар жоқ.

Алаш бөлімдерінің тарихы мен қалыптасу барысы Ж. Досмұхамедовтың Орынбор казактары қолбасшылығы

⁶⁰ ЦГА РК. Ф.1227. Оп.1. Д.7. Л.42.

мен Сібір үкіметінің төрағасына жазған хаттарында⁶¹, сонымен қатар В.И. Лениннің атына жазылған баяндамалық жазбада егжей-тегжейлі көрсетілген⁶². Сондай-ақ сталиндік қуғын-сүргін кезеңіндегі қылмыстық істер материалдары мен естеліктер сақталған. Солар арқылы сол жылдардың жалпы сипатын қалпына келтіруге болады.

Сақталған құжаттарда келесі фактілер көрсетіледі:

Алашорданың Батыс бөлімшесінің әскери бөлімінің төрағасы және Алаш бөлімдерінің басшысы болып оралдық казак полковник Ерыклинцев тағайындалған⁶³. Штаб бастығы деп Белов көрсетілген. Генерал Толстовтың ұйғарымы бойынша⁶⁴ Ерыклинцев, сонымен қатар, «начальник военно-

⁶¹ ГА РФ. Ф.1701. Оп.1. Д.6 в. Л.158 об.–160 об.

⁶² ГА РФ. Ф.1318. Оп.1. Д.436. Л.229-232.

⁶³ Ерыклинцев Виктор Васильевич. 1881 жылы 10 қарашада Орал казак әскерілері отбасында дүниеге келген. Неплюевский кадет корпусын (1902) және Николаев кавалерия мектебін (1904) бітірді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, 8-ші Орал казак полкінің жүздік командирі. Әскери старшина (1917 ж.), 1918 жылғы наурыздан бастап Орал қаласында құрылған 4-ші Орал атты-жорық полкінің командирі. 1918 жылдың сәуір-мамыр айларында Саратов майданына қатысушы., 1918 жылдың 16 маусымында қызылдарға қарсы шайқаста көзге түскені үшін полковник атағы берілген. 1918 жылдың соңында ол Қазак Алаш әскерінде юнкерлер мектебін ұйымдастыруға жіберілді. 1919 жылдың қаңтарынан бастап Жымпиты гарнизонының басшысы. 1920 жылы Форт Александровкаға жорыққа қатысқан, басып алынған соң форттың гарнизонының бастығы болды. Сәуір айынан бастап Персияға қарсы генерал В.С. Толстовтың отрядының жорығына қатысушысы. Қызылдарға тұтқынға түсіп, 1921 жылы атылған.

⁶⁴ Толстов Владимир Сергеевич, (07.07.1884-29.04.1956), Николаев кавалерлік училищесін бітірген (1905). 2-Орал казак полкына хорунжий болып (шамамен 1905) шықты. 1909 жылы 3-Орал казак полкына ауыстырылды. Жүзбасы (шамамен 1909). Подьесаул (шамамен 1912). Дүниежүзілік соғыс қатысушысы. 12.1915 5-Орал казак полкының подьесаулы, жүзбасы командирі. 5-Орал казак полкының шаруашылық бөлімі командирінің орынбасары. 4-Орал казак полкының командирі (21.06.1917 бастап). 03.1918 большевиктерден қорғану үшін жасалған Гурьев жасағын басқарды. Генерал-майор (шам. 07.07.1918). 11.1918 майданның Гурьев учаскесін басқарды. Қызылдардың басқыншылығымен оралдықтардың кейін шегінуінен және Оралды тапсырған соң Орал казак әскерінің атаманы болып сайланды (11.03.1919 бастап). Жеке Орал әскерінің басқарушысы (08.04.1919—01.1920). Толстов бастаумен оралдық казактарға Орал облысының түгел дерлік аймағын қызылдардан тазарту қолынан келді (Орал к. баска). 1919 күзінде Оралдың ар жағын кейін шегінушілермен байланысы үзілген әскер адмиралы Колчак пен бірқатар сәтсіздікке душар болған кавказ әскерінің генералы Врангель, оқ-дәрі, дәрі-дәрмек жетіспеушілігі, бөртпе сүзегі індетіне

административного управления зауральской части Уральской области с правом генерал-губернатора в местностях, объявленных на военном положении»⁶⁵ болып тағайындалды.

Осыған қатысты «Сарыарқа» газетінде былай деп жазды: «Алашорда бұйрығы бойынша Орал облысында 2 мың адамы бар қазақ әскері жасақталды. Оларды қаруландыру мақсатында Самара комитетінен 2 мың мылтық, 58 пулемет, 2 зеңбірек пен 2 автокөлік алынды. Ойылда алғашқы қазақ кавалерлерінің юнкерлік мектебі құрылды, оның алғашқы түлектері 1912 ж. 1-інші қазанында бітіріп шықты»⁶⁶.

Юнкерлер мектебіне нұсқаушылар ретінде поручик Студеникин бастаған офицерлерді жалдады. Олар 1918 жылдың қаңтарында Орынборды қызылдар басып алған соң, Орынбор прапорщиктер мектебі қызметкерлерінен құралған бөлімшесімен далаға шегініп, Ойылға келген болатын.

Кейіндері Нұсқаушылар мектебінің басшысы болып поручик П.А. Саперский, Алаш «халық милициясының» Штаб бастығына поручик Студеникин тағайындалды⁶⁷ (кейбір дереккөздерінде Студеникин-Белов деп келтірілген). 1918 жылдың желтоқсанындағы милиция бас көтеруінен соң, «халық милициясының басшысы болып подполковник Кириллов тағайындалды»⁶⁸.

душар болған Орал әскері Гурьевка қарай шегінуге тура келді. Генерал-лейтенант (10.1919). 20.12.1919 өзінің әскери атаман міндеттерін босатты да Жеке Орал әскер басшысы болып қала отырып, билікті Орал казак әскерін құтқаратын Комитетке тапсырды. 01.1920 жылда Гурьевтың құлауынан соң (05.01.1920), 1921 жылдың қазанында оралдықтарды Владивостокқа көшірді. Казак әскерлерінің басқарма төрағасы. Владивостоктың құлауынан соң 1922 ж. Қытайда. 1923 күзінде казак топтарының басында (60-70 адам) ағылшындар арасындағы байланыстарын қолдана отырып, Австралияға кетуге мүмкіндік алды, сол жақта жүк тасушысы болып жұмыс істеп, кейіннен кішігірім ферма сатып алды. Брисбенде (Австралия) қайтыс болды.

⁶⁵ См.: Алаш-Орда: Сб. документов. Сост. Н. Мартыненко. – А., 1992. – С.117-118.

⁶⁶ Сарыарқа, №57, 12 октября 1918 г.; См.: С. Сейфуллин «Тернистый путь». – А., 1975. – С.186.

⁶⁷ См.: Алаш-Орда: Сб. док. – С.117-118.

⁶⁸ Там же.

Жеке қазақ еріктілерінің жасақтары Орал майданына да белсене қатысып отырды. Қазақ еріктілері Сламихин фронтында полковник Н.Н. Бородинның жеке атты бригадасы құрамында шайқасты⁶⁹. Бұл 1919 жылы 1 қаңтарындағы жеделхат мәтінінде расталады: «Уральск. Штаб армии Уральской. Прошу сообщить, как поступать с киргизами Таловской и Камыш-Самарской частей, желающих поступить наши казачьи части добровольцами. В частях Сламихинского фронта таковые имеются. Полковник Бородин».

Сондай-ақ қазақтар Алтата бекетінің оңтүстігінде қызылдар иеленген пунктерге шабуылдар жүргізген Коржевтің партизандық жасағында да қызмет атқарды. Алаш жігіттерінің аздаған бөлігі Самара аймағында қызмет атқарған полковник Горшков жасағының 3 полкінде де болды.

Орал жеке әскерінің бұйрығымен 4-інші дәрежелі Георгий крестімен марапатталғандығы туралы: «Александрово-Гайского конно-партизанского отряда рядовой Бакиев Касангалий. Георгиевский крест 4 ст. За то, что в бою 2-18 мая с.г. под Александрово-Гаем во время преследования отступающих красноармейцев Бакиев, несмотря на сильный огонь, заметил оставленные оружейные ящики, быстро запрят

⁶⁹ Бородин Николай Николаевич (2 қараша 1878, станица Глиненская (Орал облысы) – 5 қыркүйек 1919, Ілбішін), орал казактарынан. Генерал-майор. Орыс-жапон соғысына қатысты. Соғыс аяқталған соң 1905 жылы келіп, Ерекше Заамурский округі Шекара Сақшылары қызметіне кірісті. Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталған соң, ротмистр шеніне иеленген ол Заамурск 6-шекара атты жасағының құрамында майданға жіберілді. Ұрыстардағы батырлығы үшін Георгиялық қарумен марапатталды (15.05.1916 ж.). Орал әскерінде соғысты. 1918 ж. көктемінен Сламихинск фронтын қалыптасуына қатысқан, сосын оның басшылығын иеленді, кейін Орал әскерінің 6-дивизиясын басқарды. Оның бөлімдеріне бірнеше мәрте Новоузенск пен Александров Гай қалаларын басып алды, сонымен қоса қызылдардың жасағын сәтті ойсырата біліп, ірі әскери олжаларға ие болып отырды. 1919 ж. қыркүйек айында Лбищенск қаласына рейд жүргізілген кезде полковник Т.И.Сладковтың Жиынтық жасағы штабының басшысы болды. Лбищенск қаласына шабуыл кезінде көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін қайтыс болған соң генерал-майор шенін иеленді.

лошадей в ящики и подал снаряды нашей, преследующей противника батарее, что послужило оставлению противником одного орудия»⁷⁰ делінеді.

Әртүрлі, бірақ әлі дәлелденбеген дереккөздерінде 1919 жылы Сламихинск бағытындағы Орал әскері қатарында басқа да қазақ әскери қосындары болғандығы туралы мәліметтер бар, оларда «Киргизский конный полк действовал у Александра-Гая. Насчитывал 500 сабель, около 15 пулеметов и 5 орудий. Формировал его полковник Арун-тюре Каратаев. Появляется на фронте полк к лету 1919 г. Судьба его в конце 1919 г. неизвестна»⁷¹ деп көрсетіледі.

1919 жылдың күзінде құрылған Екінші қазақ атты полкі (400 қылыш, 10 пулемет 3 зеңбірек) барлау және байланыс қызметтерін атқару мақсатында Илецк корпусының жедел бағынысына беріледі (командир генерал-лейтенант В.И. Акутин)⁷².

Алашорданың Батыс бөлімшесінің Алаш бөлімдерінің қалыптасуында белсенділік танытқан бірқатар адамдардың аты-жөндері естеліктер мен материалдарда аталынады. Ерекше атап өтетін азамат Мәскеу әскери училищесінің түлегі, 3-інші Кавказ саперлік батальонының капитаны, әулие Станиславский орденінің III дәрежелі кавалері, кадрлік офицер Сарығожин Сабыржан (25.12.1908). Куәгерлердің естеліктері бойынша 1918 ж. Алашорданың Батыс бөлімшесінде қызмет атқарып, 1919 ж. Еуропаға қоныс аударған.

Одан басқа, Алаш әскери құрылымдарына қатысы бар мынадай есімдер аталады: Жымпиты қаласының коменданты, прапорщик Абылаев Айтқали Сарыбаевич; прапорщик, 1-інші жүздіктің взвод командирі, 1936

⁷⁰ РГВА. Ф.40027. Оп.1. Д.1. Л.242.

⁷¹ РГВА. Ф.40027. Оп.1. Д.1. Л.6.

⁷² РГВА. Ф.40027. Оп.1. Д.1. Л.6.

жылдан аға лейтенант, Қарағанды милициясы басқармасы басшысының орынбасары Асанов Дүйсенбай; Прапорщиктер – Асанов Қалдыбай, Бейсенов Ишанғали, Бейсенов Зепқали, Жалпақов Тажмұхамед. Сондай-ақ Атшыбаев Беркінғали, Ашиков Ханистай, Аюбеков Ыбрай, Башбаев Абдіразак, Бейсенов Бақытғали, Бекмамбетов, Ерекешов Абдрахман, Есенғалиев Қ., Есенғұлов Құмар, Жақсыбаев, Кәрім Жаленов, Жұмартов Жален, Исенбаев Машиш, Қаратілеуов Сәлімгерей, Қасаболатов Есенғали, Қоңырбаев Макит, Кузеев Қарабай, Мергенов Жанқожа, Ғұбайдолла Мұхитов, Тәтібаев Казмұхамед, Титбаев Досмухамбет, Ұдабаев Санияз, Упиров Саменғари, Упиров Абреш, Оспанов Мейірғали, Сарбатыров, Сарыхуджин Әміре, Сесекенов Берму, Сұлтанғалиев Ромав, Кенжин Аспандияр⁷³.

Алашорданың Торғай бөлімшесі

1918 жылдың жазында Орынборда Алашорданың Торғай облыстық бөлімі құрылды. Ол кейінірек «Облыстық әскери кеңес» атауына өзгертілді, төрағасы болып Есполов Мырзағали⁷⁴, ал мүшелеріне Байтұрсынов, Дулатов пен Қадырбаев⁷⁵ тағайындалды. Алашорданың Қостанай

⁷³ См.: История Западного Отдела Алаш Орды. Сб. док. и материалов. – Т.1, Уральск, 2012. – 464 с.; Тәж-Мұрат Максат. Батыс Алаш Орда. – Ақтобе, 2003. – 232 б.

⁷⁴ Мырзағали Есполов (1896, Қостанай облысы - 1936) - журналист, публицист, педагог. Ауыл мәселелері мен ұлт-азаттық қозғалыстар жайлы мақалалар жазды. Мақалалар «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде көрініс тапты. Қазақ комитеттерінің құрылуында, жалпықазақ съездін ұйымдастырып өткізуде белсенділік танытты. 1917 ж. желтоқсанында құрылған Алашорда үкіметінің әскери бөлімінде қызмет атқарды. Алаш милициясының құрылып, қалыптасуында қатысты, Торғай облысының Әскери кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. 1920 ж. бастап халыққа білім беру саласында еңбек етіп, Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында сабақ берді. 1929 ж. тұтқынға алынып, 10 жылға Соловецкий лагеріне айдалып (1930), 1936 ж. сол жерде қайтыс болады.

⁷⁵ Қадырбаев Сейдазим Құлмұхамедұлы 1985 ж. Торғай облысы уезіндегі Сарықопы болысындағы ауылдардың бірінде дүниеге келеді. Білімі – аяқталмаған жоғары. 1917

уезінің төрағасы болып Елдес Омаров тағайындалды⁷⁶. Алашорданың Ырғыз уездік кеңесін Уақытша үкіметтің бұрынғы уезд комиссары Абдолла Теміров, Торғай уезінің кеңесін – Омар Алмасов басқарды⁷⁷.

Кеңес бірінші кезекте «Ақтөбе уезінің аймағында, кейін Қостанай уезінде жігіттер мен қаржы жинауға кірісті, Самара Комитетінің Құрылтай жиналысынан өз үкіметі арқылы қару-жарақ пен киім-кешек алынды. Ал командалық құрам – Орынбор әскери басшылығынан шақырылды».

1918 жылы Қостанай уезінде 1-ші Қазақ атты Қостанай

ж. Торғай мәмлегер соты, облыстық Уақытша үкіметінің облыс комиссары. Алаш партиясының ұйымдастырушыларының бірі. Орынбордағы (5-13 желтоқсан 1917 ж.) 2-ші жалпықазақ съезінің хатшысы. Алаш Орда әскери кеңесінің мүшесі. 1918 ж. Алаш Орда мен Торғай облысының Комуч мүшесі. Кейінірек ҚАКСР Наркомюста аға инспекторы. Қазақ автономиясының Конституциясын жасауға қатысты. 14.09.1930 Алматыда қамауға алынып, БМСБ үштігімен концлагерге 5 жылға сотталды. Воронежде айдауда болды. Россвохозснабта заң кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1938 ж. қазанында ату жазасына кесілді. 1958 ж. ақталды.

⁷⁶ Омаров Елдес 1892 ж. 1 наурызында Торғай облысы, Дамбар болысының Қостанай уезінің бұрынғы №2 ауылында дүниеге келді. 1907 ж. Қостанайда екісыныптық училищені бітірді, 1911 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін аяқтады. Торғай уезінің Уақытша үкіметінің комиссар көмекшісі, Торғай облысының азаматтық комитет төрағасы болып жұмыс істеді. 1-ші және 2-ші Жалпықазақ съездерінің қатысушысы. Торғай облысының земство төрағасының орынбасары, Алашорда кеңесінің Қостанай уезі төрағасы болып жұмыс атқарды. 1920-1922 жж Орынборда Наркомпрос нұсқаушысы болып, кеңес партия мектебінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 1922-1926 жж. Қазақ Наркомпрос академиялық орталығының мүшесі, осы жылдары халыққа білім беру Қазақ институтының ұстазы болып қызмет жасады. 1926-1929 жж. Ташкент педагогикалық институтында, Ортаазиялық мемлекеттік университеттің шығыстану факультетінде де жұмыс жасады. 1929 ж. соңында тұтқындалып, 1930 ж. сәуірінде ату жазасына кесілді, кейін бұл үкім Архангельскеке 10 жылға айдау шешіміне ауыстырылды. 1933 жылы ақталды. 1934-1935 жылдары Қазақ мемлекеттік медицина институтында қазақ тілінен сабақ берді. 1935-1937 жылдары ҚазМУ-да қазақ тілі кафедрасында доцент болып еңбек етті. 1937 жылы атылды.

⁷⁷ Алмасов Омар –«Алаш» қозғалысының саяси қайраткері. Мұғалімдер семинариясын бітірді. 1916 ж. тамызында Торғай, Орал, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының Орынбордағы қазақ кеңесінің хатшысы болды. Кеңесте «Алаш» қозғалысы басшыларының 1916 ж. 25 маусымында жарияланған патша Жарлығына қарсы қазақ халқының бас көтеру идеясы қолдауға ие болды. 1917 ж. 2-8 сәуірлерде Орынборда өткен Торғай облысының қазақ съезінде ұйымдастырушылардың бірі және хатшы болды. Торғай облысындағы Кеңес өкіметіне қарсы әскери қарсыласуда белсенділік танытты. 1918 ж. наурызында А.Байтұрсынұлымен бірге Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізіп отырды. Аққұмда (Торғай) қызылдармен атыста қаза табады.

полкі құрылды, 27.07.1918 бастап полковник Д.А. Панов командир болып тағайындалады⁷⁸.

1918 жылдың қыркүйегінде Әскери кеңеске Орынбор әскери басқармасынан Башқұрт үкіметінің бұрынғы мүшесі, ұлты татар, генерал-майор Дашкин Зюлькарнаин жіберілген болатын⁷⁹.

Орынбор казак әскерінің атаманы Дутовтың келісімі мен қолдауының арқасында 1918 ж. қазанында Ор ауданы ерікті қазақтарынан 400 әскер жинақталып, 2-нші Қазақ атты полкы құрылды.

Қазан айының соңында Торғай облысының Комуч уәкілі С. Қадірбаев Дутовтың тапсырмасымен Ор (Жаманқала) қаласына барды. Бұл жерде Есполов басшылығындағы Алашорданың әскери кеңесі орналасқан соң барған болатын. Оған алаштық топтарды қару-жарақпен қамтамасыз ету тапсырылған еді. Дутовтан алған және жеке адамдардан жиналған қару-жарақты Қадірбаев Орға жіберді. Ол 600 винтовка мен бірнеше пулемет болатын⁸⁰.

⁷⁸ Панов Дмитрий Агафонович (1867- ст. Усть-Үй Челябині уезі - ?), полковник (1917). Орынбор әскери гимназиясын және Орынбор казак юнкерлік училищені бітірді. 3-ші, 2-ші, 8-ші және 9-шы Орынбор казак полктарында борышын өтеді. 1917 ж. 2-ші Орынбор казак полкының құрамында болды. 1918 ж. 27 шілдесіндегі Орал корпусының Казак бөлімшесінің бұйрығымен 1-ші Қазақ ат Қостанай полкін жасақтауға тағайындалды. 20 тамызда Қостанай қаласы гарнизонының басшысы болды. 7 наурыздан 3-ші Орынборлық казак дивизиясының алғашқы бригадасын басқарды; 7 мамырдан 5-жеке Орынбор казак бригадасының басқарушысы. 1922 ж. 28 шілдесіндегі Амурлық Уақытша өкімет бұйрығымен «большевиктікен күрестегі аса ерекше еңбегі үшін» генерал-майор атағын алады.

⁷⁹ Дашкин Зюлькарнаин Шангареевич (22.07.1861-?) — дворяндардан - Ключевской ст. Орынбор казак юнкерлік училищені 1880 ж. 2-дәрежеде тәмәмдайды және Санкт-Петербург офицерлік кавалерлер мектебін үздік (1903-04) аяқтайды. Қызметте 25.06.1876 бастап. Хорунжий (1881). Жүзбасы (1883). Болыс (1889). Есаул (1900). Әскер старшинасы (1907). Полковник. (1916). Ген.-майоры (1918). 1917 соңында Орынбор казак әскері мұсылмандарынан бөлімдер жасақтау бұйырылады. Башқұрт үкіметі құрамына кірген (1918). Алашорда өкіметі кезінде Торғай облысының әскери кеңесі қызметіне тағайындалды. Орынбордан кетті (01.1919)

⁸⁰ Аманжолова Д.А. На изломе. С.250

1918 жылдың қазанында полк командирлігіне Н.П. Быков тағайындалды⁸¹.

Бірінші полк «жәрдемдердің барлық түрін қазынадан алды және Жеке Орал корпусы командирінің қарауында болатын». Екінші полк «жәрдемдік үлесті қазынадан алмайтын және Алашорданың Торғай облыстық бөлімінің қарауында болатын».

Есте қаларлық бір жайт, Орал әскерінің корпусы (басшысы М.В. Ханжин)⁸² құрамына кіретін 1-інші қостанайлық Алаш полкінің құрылуымен тікелей айналысқан Қостанай уезінің алаштық кеңесі, кейін «1-інші Қазақ атты Қостанай полкі» атауын алып, «Сібір үкіметінен (3-інші Орал корпусын) тартып алып», Алашорданың Әскери кеңесіне бағындыруға тырысты. Бұл Қостанай уезі төтенше Қазақ съезінің хаттамасында рәсімделген еді (14-17 қазан, 1918, Қостанай).

⁸¹ Быков Никандр Петрович (31.10.1877) – Орынбор казактығының Великопетровский бекеті казағы. Қызметте 01.01.1892 бастап. Хорунжий (2 3.11.1897). Жүзбасы (01.07.1902 бастап 23.11.1901). Болыс (01.07.1906). Есаул, Әскери старшина (1916 ж. бастап). Полковник (1918 бастап, 10.1918). Орынбор казак полкының командирінің көмекшісі болып тағайындалды (21.12.1916). Кундравинский, Травниковский, Чебаркульский, Уйский станцияларының полктарына қолбасшылық етті (07.1918). 7-ші Орынбор казак полкінің қолбасшысының көмекшісі болып тағайындалды. Қазақ өкіметінің қызметіне ауысуына байланысты.

⁸² Ханжин М. В. (17(29).10.1871, Самарканд - 30.12.1961, Жамбыл). Артиллерия генералы (20.04.1919). Орынбор казактарынан. Орынборлық Неплюев кадет корпусын, Михайлов артиллерия училищесін (1893), Михайлов артиллерия академиясын (1899) тәмемдаған болатын. Генерал-майор (1914). Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында 19-артиллерия бригадасының командирінен Бас қолбасшы штабының дала артиллериясының генерал-инспекторы қызметіне дейін өсті (13.04-2.12.1917). Большевиктердің билікке келуімен әскерден қуылды. 1918 ж. шілдесінде Уақытша Сібір өкіметі әскерінің қызметіне кірісті, Орал жеке (26.08.1918 ж.бастап-3-Орал әскері) корпусының (08.07-24.12.1918) командирі болып тағайындалды. Генерал-лейтенант. Адмирал А.В.Колчактың билігі орын алған соң және әскерді қайта құруға байланысты Батыс әскерінің қолбасшысы болып тағайындалады. 06.10.1919 ж. А.В.Колчак өкіметінде әскери министр болып тағайындалады. Бұл қызметте 04.01.1920 ж. дейін қалды. Қытайға қоныс аударып, біраз уақыт бойы Орыс жалпыәскери одағының (ОЖӘО) 9-шы Қиыр Шығыс бөлімін басқарды. Кенестік «Смерш» қарсы барлау ұйымы 1945 ж. Дайренде тұтқындады. 10 жылға бас бостандығынан айырылу жазасына кесілді. 1954 ж. рақымшылыққа ілініп, бостандыққа шықты. Жамбылда қайтыс болып, жерленді. 1992 ж. ақталды.

Бұл туралы полк командирі полковник Панов 1918 жылдың 14 желтоқсанында Сібір үкіметінің ішкі істер министрінің атына жазған хатында былай деп мәлімдейді: «Как Омаров, так и другими представителями местного отдела Алаш-Орды делались попытки вмешательства во внутренние распоряжки вверенного мне 1-го Кустанайского Конно-Киргизского полка, так как представители эти полагали, что Конно-Киргизский полк не есть воинская часть, долженствующая входить в состав Русской Армии, на нечто вроде народной милиции, предназначенной обслуживать интересы исключительно киргизского населения Кустанайского уезда и правительства Алаш-Орда.

(...) Не соглашаясь с таким толкованием, я запросил инструкции у высших военных властей, которые признав мой взгляд (что Конно-Киргизский полк есть воинская часть, входящая в состав Русской Армии), правильным, предписали пресечь попытки вмешательства местных органов Алаш-Орды во внутренние распоряжки полка, что мною и было сделано»⁸³.

Міржақып Дулатұлы 1929 ж. қаңтарындағы жауабында: «когда мы находились в пос. Денисовка Кустанайского у., получили приказ Колчака от 4 ноября об упразднении правительства Алаш-Орды и вслед за этим получили приказ от штаба казачьего войска о прибытии нашего отряда в г. Оренбург для отправки на фронт против большевиков. Мы на это не согласились и направились в пределы Тургайского у. Командный состав во главе с генералом Дашкиным и полковником Быковым не желали последовать с нами, тогда мы часть офицеров арестовали, а часть ушла сама»⁸⁴ деді.

⁸³ ГА РФ. Ф. 1701. Оп.1. Д.6в. Л.95.

⁸⁴ Жургбай Турсын. Боль моя, гордость моя – Алаш!.– Астана, 2016. – С.215-235.

Генерал Дашкинның орнына Мұзарап Қасымов тағайындалды. Түрлі ақпарат көздерінде «капитан» шені кездеседі. Олар қалған жігіттермен «Торғай мен Ырғыз уездерін қызылдардан босату» мақсатымен 1919 жылы ақпан айында Торғай уезіне қарай бет алды. Көктемде жер беті езіліп жатқанда жүздеген шақырымды әзер дегенде жүріп өткен олар, жолдан еріктілерді қоса отырып, Алаш жасағы Торғай қаласына кіреді.

М. Дулатұлының ұсынысымен Мұзарап Қасымұлы Торғайлық Алаш полкін басқарды. М. Дулатұлы Мұзараптың ағалары – Ералы мен Ибраһиммен жақсы таныс еді. Олардың әкесі Еликей Қасымұлы, Әбілқайыр мен Ералы хандарының ұрпағы «Кіші жүздің соңғы ханы» болатын. Ералы Қасымұлы, Қазалы уезінен, Перов уезі бастығының аудармашысы болып жұмыс істеді, 1917 жылдың сәуірінде Ақмешіт уезінің атқарушы комитетін басқарды, Қазақ комитетінің төрағасы болды. Екінші ағасы, Ибраһим Қасымұлы, 1917 жылы Сырдария облысынан құрылтай жиналысына үміткер болып таңдалды. Мұзарап Қасымов Ақтөбе майданында қызылдардың тұтқынына түсіп, атылған болатын.

Қостанайдан Торғай қаласына Ә. Жангельдин әскери тұтқындардан тұратын халықаралық жасақты алып келді, олардың ішінен 3 түрікті Торғай қаласына нұсқаушылар ретінде қалдырып кетті. Солардың бірі – Хидаят, «уездік әскери комиссар Иманов жолдас тұсында» Торғай кеңес жасағының командирі болып тағайындалды. Міржақып Дулатұлы түрік офицерлерін өз жағына қаратып, солардың көмегімен Торғай қаласындағы билікті басып алды⁸⁵.

А. Кенжиннің куәлігі бойынша, Торғай қаласында А. Иманов пен алаштық Торғай әскери кеңесінің арасында

⁸⁵ Алаш қозғалысы. – Т.3, кн.2.– А., 2007. – С.48.

келіссөздер жүріп жатқан кезеңде төңкеріс орын алды. Оның іске асуы туралы - «по договоренности главарей Алаш-Орды во главе с Дулатовым и начальником отряда, бывшим турецким военнопленным офицером Хидаятом, который и был начальником объединенного отряда»⁸⁶ деген дерек бар.

Битлеуовтың тергеу материалдарында төмендегідей куәгерлік мәліметтер бар: «в то время Тургай был в руках красных, приехав туда отряд «Алаш-Орды» в начале присоединился к красным, но спустя несколько дней «Алаш-Ординский» отряд обезоружил красных и арестовал военного комиссара Амангельды. После чего власть в Тургае перешла в руки «Алаш-Ординского» Военного совета. Среди командиров красных были три турка, которых еще до обезоружения красных, «Алаш-Ординский» Военный совет сумел перетянуть на свою сторону. Об этом, как-то в свое время, беседуя с джигитами, рассказывал Дулатов, восхваляя этих турков. По его словам, можно было установить, что он сам лично занимался над обработкой этих командиров (турков) с целью перехода их на сторону «Алаш-Ординцев»⁸⁷.

Торғайда Таранның басшылығындағы қызылдар жасағын жойған соң, Амангелді Имановтың өлімі мен Желяевтың қызылдар жасағымен күрестен соң, Алаш жасағы Орынбор казак жасағының штабс-капитаны Могилевтің жедел басқаруына өтеді. Бірінші Орынборлық казак пластун полкінің құрамындағы Могилев жасағы, подъясаул Есаулов басшылығындағы дивизион мен штабс-капитан Крыловтың басшылығындағы ерекше міндеті бар жасақ Торғайға Жилиевтың қызыл партизан жасағының ізіне түсіп келген.

⁸⁶ Сол жерде

⁸⁷ Журтбай Турсын. – С.215-235.

Нәтижесінде, екі ай ішінде Могилев жасағы Алаштық полктардың көмегімен Ырғыз бен Шалқарды қызылдардан босатып алады.

Әскери бөлімшелерді ұстап тұруға қаражаттың болмауына байланысты Алашорданың Торғайлық бөлімі 1919 жылдың 11 мамырында Сібір өкіметінің министрлер Кеңесіне Алаш полкінің 4 жүздігі құрамын толық жабдықтауға қабылдауды және оларды 6 жүздікке жеткізу үшін рұқсат сұраған, сонымен қатар киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтамасыз етілген еріктілердің тағы 4 полкін жасақтауды (әрбір уезде бір-бірден) ұсынды⁸⁸.

Бірақ орынборлық әскердің ұлттық әскери құрылымдарға деген сенімсіздігінің өсуіне және жалпы ақтардың шығысқа қарай ығысуына байланысты бұл ұсыныс жауапсыз қалды.

Атбасарлық Алаш дивизионы

Батыс Қазақстан, Торғай өңірі, Семей облысы және Жетісумен салыстырғанда Ақмола облысында Алаш милициясының және әскери құрылымдардың жасақталуы мүлдем болмады деуге болады.

Бұл туралы «Сарыарқа» газеті өзінің 1919 жылғы 20 ақпанындағы нөмірінде былай деп келтірді: «Забыты правила и порядки, российское государство стало на путь зверства. Единственный выход для спасения – объединиться казахскому народу. Не терять монолитности! Бросить раздоры. Всем включиться в общественную борьбу! Посадите на коней своих лучших граждан, вооружившись, защищайте себя! Уже свыше года прошло, как мы начали твердить, что наступила эпоха «белого калмыка». За исключением казахов Семипа-

⁸⁸ Алаш козгалысы. Сб. документов и материалов. – А., 2005. – Т.2. – С.341-346.

латинской, Уральской областей и Кустанайского уезда Тургайской области, все остальные, в особенности казахи Акмолинской области, заткнули уши тымаком и бегут, как от огня, от организации милиции. Как же другим не презирать беспечный, слабовольный, нерешительный народ?! Мы сами виноваты, мы не хотим встряхнуться, не желаем стать людьми! Если так мы пойдем и дальше, то, наверное, скоро исчезнем с лица земли! Сейчас не время ждать справедливости и мира от необузданного зверя – мужика. Нечего просить у него совета, зря надеяться в предвкушении несбыточного! Вы можете пожаловаться местным властям, но мы не можем заверить вас, что из этого что-нибудь выйдет. У русских уже приготовлены ответные обвинения, они сразу скажут: «Вы украли наш скот, учинили потраву».

Вы возмущаетесь в своих жалобах: «Неужели мы останемся в руках того, кто схватил нас, в зубах того, кто грызет нас?» Мы знали об этом и давно предостерегали вас. Пока не поздно, вы сами должны рассказать народу о своих бедах. Кто может поручиться за то, что беда, постигшая сегодня один аул, не постигнет завтра весь народ? Разве так не бывало? Разве в Семиречье наши братья не погибают сейчас поголовно?»⁸⁹.

Сонымен қатар Алашорданың белсенді уездік кеңестерінің бірі – Атбасар кеңесі еді, оның басшысы Алашорда үкіметіне үміткерлердің мүшесі Сейілбек Жанайдаров болатын⁹⁰.

⁸⁹ Сейфуллин С. Тернистый путь. – А., 1975. – С.348-349.

⁹⁰ Жанайдаров Сейілбек Мейрамұлы 1913 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Университетті аяқтаған соң Витебск қаласында губерниялық қаржы орталығында қызмет етеді. 1916 жылы елге оралып, Атбасар қалалық салық инспекторы болып жұмыс істеді. 1916 жылы майданға тылдық жұмысқа жұмылдырылған қазақ жастарына көмек көрсетті. Орынборда өткен 1-ші Жалпықазақ съезіне Ақмола облысының делегаты болып қатысты. Алашорда өкіметінің үміткер мүшесі болып таңдалды. Алаш Орда уезі кеңесінің, Атбасар уезінде Қазақ комитетінің төрағасы болды. Қазақ автономды республикасы қалыптасқан соң, халықтық қаржы комиссарының орынбасары болып

1918 жылдың 20 қаңтарында рұқсат қағазға сай уездік Алаш милиция жасағы құрылған болатын⁹¹. Уездік милиция бастығының орынбасары ретінде отрядты Жанғазин Кәрім басқаратын⁹².

1918 жылдың жазында Ақмола облысындағы әскери қимылдардың белсенді жүруіне байланысты Алаш уездік комитеті Сібір казак әскері басшылығы мен Атбасар казактарын атбасарлық Алаш полкін құру бойынша қолдауға көндірген.

Сібір үкіметінің атына жазылған генерал-майор Михайловтың хатында: «по инициативе киргиз Атбасарского уезда Багалинских волостей, соприкасающихся непосредственно с советским Туркестаном, Атаман I-го военного отдела по моему приказанию формирует киргизский дивизион. В настоящее время киргизы собрались в двух пунктах на уроч. «Окурасу» (50 верст от Атбасара по левую сторону реки Ишим) и на уроч. «Улытау-Кенгир» деп көрсетілді⁹³.

Тікелей жұмылдыру жұмыстарымен Атбасардың Алаш уездік кеңесінің мүшелері мен белсенділері – С. Мешінбаев,

тағайындалды. Астананы Қызылордаға ауыстырған соң Қазақ ауылшаруашылық банкін басқарды. 1929 жылы қайтыс болды.

⁹¹ ГИА ОО. Ф.1617. Оп.1. Д.133. Л.6.

⁹² Жанғазин Кәрім (1895 - 11.1937). Ақмола облысы, Атбасар уезінің №14 ауылында дүниеге келеді. 2-сыныптық орыс-қазақ училищесін, 2-жылдық педагогика курстарын тәмәдайды (1917 ж.). Ауыл мектептері мен курстарының мұғалімі (10.1917-05.1922 жж.); ағарту қызметкерлер одағы басқармасының мүшесі (12.1920-07.1921 жж.); Ақмола губерниясының қолданыс одағы басқармасы мүшесі (06.1922-01.1925 жж.); Ақмола губерниялық КСРО ауылшаруашылық банкінің бөлімше басқарушысы (01.1925-05.1926 жж.); Қазауылбанкі басқарма мүшесі (01.1926). Ақмолалық Қазауылнесие бөлімшесінің бастығы (1925-01.26); Семейлік КСРО Ауыл шаруашылық банкінің бөлімше басқарушысы (1.06.1926-1927), Ауыл шаруашылық Банкінің Өлкелік контора басқарушы орынбасары (?-01.1929 жж.); Өлкелік малшаруашылығы одағы төрағасы (01.1929-10.1929 жж.); - Тексеру комиссиясы партиясынан шығарылып, қызметінен босатылады. Ақтөбе облысының мал өсіру тресінің директоры (7.32-11.33), ҚазАКСР совхоздарының Оңтүстік мал өсіру тресінің ҚК директоры (05.1934-? жж.); Құрылысбанкінің бас инспекторы қызметін атқарды; 1937 ж. тұтқынға алынды. Атылады. 1997 жылы ақталды.

⁹³ ГИА ОО. Ф.1617. Оп.1. Д.133. Л.95.

А. Жылқайдаров, К. Жанғазин, А. Баржақсин⁹⁴, Ансағаев және басқалар айналысты.

Осылайша, алаштық милиция бөлімі атбасарлық казактар көмегімен үшжүздік Алаш дивизионына айналады. «Атбасар станица қоғамы Қазақ дивизионын нұсқаушылармен қамтамасыз ету мақсатында өзінің қаражатынан әрбіреуіне айына 1000 рубль көлемінде ақы белгіледі».

Сібір казак әскерінің атаманы 1919 жылдың 4 тамызындағы №498 бұйрығы бойынша демалысқа шыққан офицерлерден подьесаул Беловты⁹⁵ жасақталып жатқан дивизион командирі етіп бекітті. Сол бұйрық бойынша 5-інші Сібір казак дивизиясының бөлімше басшылары арасынан қазақ тілін білетін 10 мобилизацияланған казак нұсқаушылар болып тағайындалады. Жүздіктердің командирі қызметіне демалыстағы офицерлер немесе «сай келетін вахмистрлер» қатарынан шақырылды⁹⁶. 17 тамызда «призываемого приказного станицы Атбасарской Ива-

⁹⁴ Баржақсин Ахмет (1894–1935 жж.) қоғам қайраткері, ауыз халық шығармашылығын жинаушысы. 1913 жылы Г.Н.Потаниннің Қарқаралы экспедициясының жолсерігі болды. Омбы мұғалімдер семинариясын (1918 ж.), Омбы ауылшаруашылық институтын (1922 ж.), Мәскеу әдебиет институтын (1926 ж.) бітірген. «Бірлік», «Алаш» ұйымдарымен бірлесе отырып қызмет етеді. 1920 ж. Ақмола уезі ревкомында, 1921 ж. губерниялық ауылшаруашылық кооперациясы Одағының мүшесі болып қызмет етеді. 1923-24 жылдары ҚазКСР Одақ кооперациясының төрағасы. 1925-26 жж. ҚазКСР жанындағы ОСК ұлттық бюро нұсқаушысы. 1928 ж. Берлин қ. кооператорлардың Орталық Одақ өкілі. 1928 ж. Ақтөбе облысы ауылшаруашылық банкінің бастығы. 1928 ж. Компартия қатарынан шығып, Батыс Сібірге айдалынды. 1930-35 жж. Омбының жұмыс факультетінде дәрістер оқыды. Қазақтың мақал-мәтелдері жиналған орыс және қазақ тілдерінде «Мың бір мақал» кітабын шығарады. 1935 жылы атылып, кейін ақталады.

⁹⁵ Белов Петр Иванович (Туылды 1868, ст. Атбасар). Отставкадағы подьесаул. 1919 көктем-жазында Атбасар станицасының өзін-өзі қорғау жүздігінің командирі, 1919 күзден Атбасарлық Алаш атты дивизионының командирі. 1920 ж. желтоқсанның басында Қорғалжын өз. айналасындағы Қаратұмар шатқалында тұтқынға алынады. 1920 ж. 15 маусымында большевиктердің қолынан атылады. 1920 ж. Атбасарда атылған Сібір казак әскерінің 3-әскери бөлімі атаманының көмекшісі есауыл Белов Сергей Иванович пен және Жеке Сібір казак бригадасының командирі генерал-майор Белов Александр Ивановичтың ағасы (1919 ж.).

⁹⁶ ИГА ОО. Ф.1531. Оп.1. Д.12. Л.7.

на Сизухина» «Қазақ дивизионы командиріне шенеуінік қызметіне» тағайындалды⁹⁷.

1919 жылғы 23 қазанда Сібір казак армиясының атаманы генерал-майор Михайлов Сібір үкіметінің әскери қолбасшылығынан құрылған Алаш бөлімшесіне қару-жарақ үшін – «Прошу Вашего распоряжения отпустить для вооружения формируемого Киргизского дивизиона 250 винтовок Бердана и 25000 патронов к ним»⁹⁸ беруді өтінді.

Алаш дивизионының командирінің көмекшілігіне қазақтар тарапынан Сарытау болысы Дәрмен Бектұрғановтың ұлы Сұлтанбек Дәрменов тағайындалды⁹⁹.

Б. Айтуаровтың естеліктерінде: «Сейлбек Джанайдаров организовал в Атасаре от имени Алаш-Орды так называемый сарбаз (войско). Сарбаз этот, насчитывавший до 250 человек, непосредственно возглавлял бывший волостной управитель Султанбек Дарминов. Такое же войско численностью до 500 человек было создано в Багадалинском районе Атбасарского уезда. Этим войском командовал хан Кастабаев Касым. Политическое руководство обоими отрядами осуществлял алаш-ординец Карим Джангазин. В задачу Сарбаза входила ликвидация советских органов на местах и вооруженная защита захваченной территории» делінетінде дерек бар.

Оның айтуынша, Алаш бөлімшесі Колчакқа қарсы Марийский көтерілісін басуға қатысты: «Это восстание возглавлял т. Ирченко. Тогда же в с. Мариинское из г.Омска был послан объединенный русско-казахский отряд численностью до пятисот человек. Отряд имел своей задачей подавить восстание. Русской частью отряда командовал колчаковский офицер Катанаяев, а казахской – уже известный нам алашор-

⁹⁷ ИГА ОО. Ф.1531. Оп.1. Д.12. Л.6.

⁹⁸ ИГА ОО. Ф.1531. Оп.1. Д.12. Л.8.

⁹⁹ ЦГА РК. Ф. 369. Оп. 1. Д.3968.

дынец Сейльбек Джанайдаров. Красные повстанцы в с. Мариинском были слабо организованы. Пользуясь этим, отряд ворвался в село, разогнал только что организованный совдеп и захватил власть в свои руки»¹⁰⁰.

Атбасар дивизионының өзге ұрыс операцияларына қатысқандығы жайлы ақпарат табылмады. Петр Белов 1920 жылы желтоқсанында Қорғалжын өзені бойындағы Қаратұмар шатқалында тұтқынға алынды. 1920 жылы 15 маусымында Омбы қаласында, большевиктердің тарапынан ату жазасына кесілді¹⁰¹. Дарменов Сұлтанбек 1919 жылы Атбасар қаласында атылады.

* * *

Бұдан өзге де мұрағаттық қорлар мен түрлі материалдарда әр аудандардағы большевиктерге қарсы күштер құрамындағы қазақ әскери жасақтары жайлы мәліметтер бар. Мысалы, 1918 жылдың қыркүйегінде Алаш Орда жасағы Ақтөбе уезінің Ақбұлақ атты жерінде ұйымдастырылғандығы жайлы ақпарат кездеседі.

Түркістанға қатысты материалдарда, генерал Б.Н. Литвинов¹⁰² мемуарларында тарихта «Осипов бүлігі» деген атаумен танылған 1919 жылдың қаңтарындағы Ташкент

¹⁰⁰ АП РК. Ф.811. Оп.1. Д. 3.

¹⁰¹ Шудряков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., том 1. М., 2004.

¹⁰² Литвинов Борис Нилович (1872 – 1945 кейін) генерал-майор. Қазан нақты және Қазан юнкерлік училищесін бітірген. 1893 ж. 11-ші Түркістан батальоны қатарына жіберіліп, Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін сол жерде қызметте болған. Соғысқа подполковник, 19-шы Түркістан атқыштар полкі батальонының командирі болып шығады, ол Кавказ майданындағы генерал Ляховтың теңіз жағасы жасағының құрамына кіреді. 1915 ж. 19-шы Түркістан полкінің полковнигі және командирі. 1918 ж. 23 маусымда казак бөлімдерінің бас көтеруін бастап, 11-ші Қызыл армия тылында партизандық соғысты бастады. Түркістан жасағының командирі болып тағайындалып, 1919 ж. Ашхабадқа келеді. Басында ол енді қалыптасып келе жатқан Түркістан ақыштар дивизиясының бастығы болып сайланады, кейіннен Ашхабадты тастап кеткен соң, Біріккен-Каспий атқыштар дивизиясының командирі. Новоросийсктен Қырымға жер ауыстырады. Генерал Врангелдің орыс әскерінде Басқолбасшы штабының шендер резервінде болатын. Эмиграция кезінде Белградта тұрақтады. 1945 ж. Кеңес өкіметіне беріліп, концентрациялық лагерге жіберіледі.

қаласында кеңес үкіметін құлатудың сәтсіз әрекетіне қатысқандар қатарында Алаш жасағы аталады¹⁰³.

Петропавловскіде ақ әскер құрамындағы «қазақ еріктілері бөлімшесі» болғандығы айтылған.

1918 жылдың 18 маусымында «Батыс-Сібір жеке әскерінің жауынгерлік құрамындағы» 72 адамнан тұратын «поручик Карамановтың орыс-қазақ отряды» туралы мәлімет бар. Отряд шамамен Омбыда орналасқан, шілдеде ол «2-нші полкке берілді»¹⁰⁴.

Көкшетау уезінде қазақтардан құралған әскери жасақ болды, ол 2 офицердің басқаруындағы 80 сарбаздан тұратын¹⁰⁵.

Славгород қаласында «25 сарбаздан тұратын Атты Қазақ жасағы» болды. Славгород гарнизонын капитан Дорофеев басқаратын¹⁰⁶.

Құжаттарда Түркмен полкының бұрынғы ротмистрі М.Г. Бек-Ұзаров басшылығындағы Адай Жеке Атты бригадасының болғандығы жайлы ақпарат кездеседі (1919 ж. тамызынан)¹⁰⁷.

¹⁰³ ГА РФ. Ф.6557. Литвинов Борис Нилович. «Белый Туркестан». 1934 г.

¹⁰⁴ РГВА. Ф.39498. Оп.1. Д.89. Л.8.

¹⁰⁵ РГВА. Ф.39617. Оп.1. Д.58. Л.14.2

¹⁰⁶ РГВА. Ф.39617. Оп.1. Д.58. Л.14.2.

¹⁰⁷ Бек-Узаров Михаил Георгиевич (1889-1964), Терск облысының дворяндары қатарынан. 2-ші Орынбор кадет корпусын (1908) және Елизаветград кавалерлер училищесін (1910) 2-Сібір казак полкына хорунжий атағымен бітіріп кірген болатын. 1911 ж. 22 қаңтарында Түркімен атты-иррегулярлы дивизионына корнет атағымен ауысты. Бірінші Дүниежүзілік соғысқа өз дивизионы қатарында кіріп, соғыс басталысымен полкке айналады. 1915 ж. 3 сәуірінде Текинск атты полкінің 3-эскадрон командирі болып тағайындалады. 1916 ж. 2 желтоқсанында 4-дәрежелі әулие Георгий орденімен марапатталады. 1917 ж. 24 қазанында ротмистр атанады. 1917 ж. күзінде Текинск полкі құрамында Корнилов пен Быховтағы өзге де генералдарды қорғайды. 1-ші Кубан жорығы мен Терск көтерілісіне қатысады. 1918 ж. 23 тамызынан полковник Литвиновтың Офицерлік жасағында, кейін Ресей Оңтүстігі мен Врангельдің Орыс әскерінің Қарулы Күштері қатарында. 1919 ж. 6 ақпанында Ақал-Текелік атты полкінің командирі сайланады, 23 тамызда- 1-ші Адайлық Жеке атты бригадасы полкінің уақытша командирі, 1 қыркүйектен уақытша сол бригаданың басшысы қызметін атқарады. 1920 ж. 21 шілдесінде подполковник атанды. Галлиполлік. Югославияда

Алтайда, Қос-ағаш ауылында капитан Сатунин¹⁰⁸ Бийск қаласында Уақытша Үкіметті қорғау үшін қазақтардан тұратын үшжүздік бөлімше құрды¹⁰⁹.

1919 жылдың 18 қыркүйегінде Слюденск станицасында тұрып жатқан қазақтар мынадай өтініш білдірген: «Начальнику карательного отряда Есаула Горбунова¹¹⁰ войти с ходатайством перед Войсковым Атаманом Сибирского казачьего войска о принятии в ряды всех мужчин призывных возрастов и присоединении к местным казачьим отрядам или сформировании отдельного отряда и присоединении к сформированному, где таковые есть киргизским отрядам для посылки на фронт, в случае призыва обязуемся явиться вполне обмундированными и на строевых лошадях»¹¹¹. Бұған «Бийск бойында қызылдарды бойсындыру» жазалаушы жасақ бастығы есаул Горбунов 1919 жылы 26 қыркүйегіндегі Сібір казак әскерінің 3-інші әскери жасақ атаманына рапорт ұсынды, онда: «именной список киргиз, проживающих на войсковом участке №61 в районе станции Слюденской, изъявивших желание служить в рядах наших отрядов, действующих против красных, или эмиграцияда болады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Орыс корпустарының 1, 2, 4 және 5 полктерінде қызмет етеді. 1945-1946 жылдары Австриядағы Келлерберг лагерінде болып, кейін АҚШ-қа қоныс аударады. 1964 жылы Глен-Ковта қаза табады. Новодивеев монастырь зиратында жерленген (Волков С.В. Казак әскерінің офицері. Матриолог тәжірибесі. – М., 2013. – С. 77.)

¹⁰⁸ Сатунин Дмитрий Владимирович (20.09.1885 - 1920 басы). Пенза полкінің 121-жаю әскер подпоручигі. Ақ әскер қатарына Шығыс майданнан қосылған. 1918 жылы Қошағаштық қазақтардан тұратын «өзге ұлттық» жасақты басқарды, Алтайдағы алғашқы партизандық жасақты басқарды, жаңадан жасақталған Алтай казак әскерінің алғашқы атаманы аталды. 1919 ж. қарашасына қарай Алтайдағы барлық ақ әскердің басшысы. Капитан. 1919 жылы желтоқсанның –1920 жылы басында кері шегіну барысында монғол шекарасындағы Иня ауылында өлтірілді.

¹⁰⁹ РГВА. Ф.39617. Оп.1. Д.58. Л.164.; РГВА. Ф.39617. Оп.1. Д.139. Л.1.

¹¹⁰ Горбунов В. Н. (1877-1920), есаул, Сібір кадет корпусы (1895), Николаевское кавалерийское училищесін бітірген. 3-Сібір казак полкінің 1-жүздік командирі. 1918 жылдың маусымында Көкшетаудағы антикеңестік төңкеріске қағысты. 1918 ж. 25 қазанынан 3-Сібір казак жеке дивизионының командирі. Алтайдағы, Барнауыл майданындағы жасақ командирі.

¹¹¹ ИГА ОО. Ф.1531. Оп.1. Д.12. Л.10.

с прикомандированием к сформированному отдельному киргизским отрядам... об уважении просьбы этих киргиз, т.к. они зарекомендовали себя с наилучшей стороны» дей келе, рұқсат хатқа қол қоюды сұраған¹¹².

Жоғарыда аталынып өткендердің тағдыры жайлы, өкінішке орай, бұдан басқа ақпарат жоқ.

*Казактармен одақ және атаман Дутовтың
жеке қарауылышы жасағы*

Қазақтар мен казактар арасындағы қатынастың күрделілігі мен қайшылығына қарамастан, азаматтық соғыс кезінде большевиктерге қарсылық аясында және «столыпиндік» жаңа қоныстанушылар шиеленісінде олардың жақындасуы мен тығыз серіктестігі байқалады. Тынышбаевтың айтуынша, «Жетісу большевиктері келімсек халық емес, тек жаңадан қоныстанған шаруалар, қала мешандары мен қағынған-содырлардан, қылмыскерлерден тұрады. Қоныс аудару ведомстволарымен көшірілген жаңадан қоныстанушылар қырғыздардан тартып алынған шұрайлы жерлерде тұратындар облыста 150000 жаннан артық, олар 10-15 мың қызылдардан құрайды». Мұндай жағдай көптеген өңірлерге тән еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысына жұмылдыру кезінде қазақтар казак отбасыларына астық жинау мен жалпы шаруашылық бойынша жәрдем көрсетіп отырды.

1918 жылы тамыздағы «Сибирский казак» газетінде «Казаки и киргизы» атты мақала жарық көрген болатын. Автор оқырмандарға ақпарат бере отырып, қазақтарға шексіз алғыс білдіреді: «Мы, казаки сели на коня. Бог не судил нам нынче

¹¹² ИГА ОО. Ф.1531. Оп.1. Д.12. Л.10.

убрать своими руками золотого урожая. Грозная опасность черной тучей надвинулась с запада и заставила нас взяться не за серп и грабли, а за шашку и ружье.

Тяжело было уходить от тучных нив. Но мы знали, что нельзя не идти, ибо на карту поставлено все: и наша честь казачья, и жизнь и достоинство, накопленное десятками лет упорного труда. И мы пошли. Оставили дома одних стариков, детей и женщин.

Мы верили в то, что наши друзья, оставшиеся в тылу не дадут погибнуть нашим нивам. И мы не ошиблись. Первыми пришли на помощь наши старые соседи-тамыры киргизы. В двадцатых числах августа состоялся ряд районных киргизских съездов, на которых постановлено оказать казачьему населению необходимую помощь по уборке урожая.

(...) Наше казачье спасибо тебе сосед-киргиз. Есть пословица: «истинная дружба познается в несчастье». В трудную минуту, сосед, ты пришел к нам на помощь! Ты настоящий, верный друг! Спасибо тебе!»¹¹³.

1918 жылдан бастап антибольшевистік лагер құрылған соң, Алашорда партиясының жақтаушылары Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казактықтарымен тығыз қарым-қатынасқа түсті. Бұған казактардың өздері де қызығушылық танытты.

Аса үлкен көмекті казактар Алаш әскери бөлімшелерін құру барысында көрсетті, олар Алаш кавалериялық бөлімдеріне нұсқаушылар мен командирлер ретінде келді.

1919 ж. жазында Алашорданың батыс бөлімі Колчак қабылдауында болды. Осыған қатысты «Правительственный вестник» газеті «ныне зауральские киргизы тесно связались с зауральскими казаками. Представители казаков и киргиз сделали верховному правителю доклад о предоставлении

¹¹³ Сибирский казак, август 1918 г.

права войсковому атаману Уральского казачьего войска усилить воинские киргизские формирования, об объединении управления Уральского казачьего войска и Западного отделения «Алаш-Орды» под главенством войскового атамана и о предоставлении войсковому атаману генерал-лейтенанту Толстову права оплатить проводимые расходы киргиз на содержание государственных учреждений в сумме 6 миллионов рублей» деген дерек бар.

Сонымен қатар «представитель от киргиз предоставил Верховному правителю постановление съезда киргиз о поднесении Верховному правителю звания Почетного аксакала» деген ақпарат таратты ¹¹⁴.

Орынбор казак әскерінің үшінші төтенше әскери жиынында 1918 жылғы 8 қыркүйектегі отырысында әскери атаман, генерал Дутов Алашорданың Торғай кеңесі уәкілі Қадырбаевтың құттықтау жеделхатын оқып берді, ол жерде: «Сожалею, в виду болезни лишен возможности прибыть на открытие круга, лично приветствовать славное казачество, шлю горячий привет дорогим соседям казакам, от души желаю успеха во всех делах. Смею утвердить, что киргизское население, помогавшее до сих пор материально, и скором времени активно выступит заодно с казачеством против бандитов большевиков и их повелителей немцев. В борьбе за освобождение дорогого отечества, казачеству суждено сыграть выдающуюся роль, надеюсь в этой борьбе казачество выйдет победителем. Да здравствует вольное казачество!»¹¹⁵ делінген.

Ал «Русская армия» газеті, «инструкторами и командирами, лучше всего дать им сибирских казаков, по преимуществу

¹¹⁴ Правительственный вестник, 30 августа 1919 г.

¹¹⁵ Алаш-Орда: Сб. докуменген. Сост. Н. Мартыненко. – А., 1992. – С.118.

иртышан, которые все отлично говорят по киргизски, знают их быт, их требования и почти сроднились с ними долгой соседской жизни» деп жазды¹¹⁶.

Алашорданың Атбасар уездік кеңесінің төрағасы С. Жанайдаров 1918 жылғы 5 шілде Атбасарлық станица казактары алдында сөйлеген сөзінде, «сейчас лучшие силы Сибири: казаки и киргизы объединились, и только они при нашей помощи спасут Родину от большевиков» деп атап өтті¹¹⁷.

В. Сорокин «Русская армия» газетінде былай деп жазды: «За свое совместное 200-летнее существование с сибирскими казаками, киргизы очень сблизились с ними: все почти казаки в домашнем быту употребляют киргизский язык, одежда их также представляет смесь русской с киргизской, все это говорит лишь зато, что киргизские полки можно будет сливать с казачьими, что будет способствовать укреплению дружбы и мира между ними»¹¹⁸.

Г. Потанин Ақмола және Семей казактары туралы: «почти все население говорит киргизским языком. Для многих – это колыбельный язык, потому что няньками и стряпками здесь бывают киргизски. Киргизский язык услышишь повсюду: в тихой беседе, которую ведут между собой казаки, сидящие на завалинке, в разговоре ямщиков, хлопочущих на станции около экипажа, проезжающего чиновника»¹¹⁹ деп жазған болатын.

1919 жылғы тамыздағы Сібір Казак әскерінің бесінші төтенше шеңберінде «Сібір казактарынан қазақтарға үндеуі» қабылданды, онда былай деп көрсетілді: «Мы, русские казаки, с вами – киргизами много-много лет живем вместе добрыми

¹¹⁶ Русская армия, 15 марта 1919 г.– №53.

¹¹⁷ Кумач И. Калюта Ф. В Акмолинских степях. – Москва-Алма-Ата, 1936. – С.19.

¹¹⁸ Русская армия, 2 июля 1919 г. – №138.

¹¹⁹ См.: Наумов С.Н. Казаки и Казахстан: 400 лет общей судьбы. – А., 2010. – С.65.

соседями. Хоть вера у нас разная, но Бог один, вы это знаете. И земля ваша рядом с нашей, и наш скот пасется с вашим скотом в одних степях. Придет враг к нашему Иртышу, сожжет и разорит наши станицы, а потом и к вам пойдет, далеко в степь, и не уйдете вы от него никуда, потому что он, как голодный волк, будет гнаться за вами и где-нибудь догонит.

Худо будет нам и вам будет худо. Чтобы не было этого, будем защищаться вместе с вами; будем помогать друг другу; мы вам, а вы нам.

Мы, русские казаки, с молодости привыкли владеть конем, шашкой и ружьем; вы тоже лихие джигиты и умеете постоять за себя, шашка и пика у вас из рук не выпадут. Лихими набегам, вы нагоните на них страху, вас не надо учить, как это сделать, сами знаете.

Будем вместе защищаться и вместе бить врага. Спасем свое добро, защитим своих жен и детей. Идите к нам с конями, собирайтесь в наши сотни и полки, а оружие мы вам дадим. Насильно мы вас не тянем, идите по своей охоте, кто придет, тот нам друг, тому мы рады будем.

Но будем и работать вместе те, которые дома останутся. У нас никого не остается, а хлеб хороший уродился, убрать его некому, рук не хватает.

Вам тоже зимой хлеба надо будет, а где возьмете его, если хлеб мы не уберем и он пропадет даром. Не будет хлеба у нас и у вас также не будет.

Кто не пойдет воевать, идите помогать нам убирать хлеб. Вы и раньше это делали, а теперь и того больше должны сделать, как друзья и соседи.

Мы не силой вас зовём и недаром будете работать у нас. За всю работу заплатим вам хорошие деньги, по соглашению и по доброй воле. Спасибо вам скажем.

Вы нас знаете, мы вас знаем, с вами мы привыкли жить и работать, с вами и в беде будем вместе. Кто хочет воевать – идите воевать, кто не может воевать – идите работать. Врага прогоним, хлеб соберем, и вам и нам легче будет»¹²⁰.

Омбы тарихи мұрағаты жанындағы азамат соғысы тарихын оқыту орталығында 1919 жылы француз әскери кинооператорлары түсірген хроника бар. Омбы мұрағаты өкілдеріне хрониканы Франция консулдығының өкілдері Новосібірдегі Орталықтың ашылуы барысында сыйға тартқан. Сонымен қатар француздардың Новониколаевскіде¹²¹, Семей, Барнауыл, Иркутск және Владивостокта түсірген осындай түсірмелері табылды.

Осы түсірілімді қарау барысында, атаман Дутовтың жеке қазақ қарауылшы жасағының бейнесі анықталды. Жасақ 10 салт аттыдан құралып, Дутовтың автокөлігіне қала ішінде еріп жүрген болса, әскери шеруді қабылдау кезінде Колчактың жеке басын күзетіп отырған. Бұл туралы одақтастардың әскери корпусының басшысы генерал Жанен өз естеліктерінде жазып қалдырған: «Дутов явился к завтраку в сопровождении киргизской охраны, одетой в меховые шапки и малиновые мундиры». Бұл 1919 жылы 9 сәуірде Омбы қаласында болған. Бұны дәлелдейтін фотосурет те сақталған.

Бұл күзетшілер туралы «Отечественные ведомости» газеті де өзінің 1919 жылғы 19 ақпандағы нөмірінде: «15 февраля в 10 часов утра поезд Верховного правителя прибыл в Троицк. На вокзале были выстроены казахи и французские части. Верховный правитель принял парад, представители города поднесли адрес. Представитель Войскового круга приветствовал Верховного правителя и просил почтить заседание

¹²⁰ ИГА ОО. Ф.1015. Оп.2. Д.46. Л.1.

¹²¹ қазір – Новосибирск қ.

круга. В солнечный морозный день Верховный правитель с атаманом Дутовым и своей свитой проехали на тройках, сопровождаемые почетным казачьим конвоем и киргизскими всадниками в ярко-белых чалмах» деп, мәлімет таратқан.

Атаман Дутовқа мұсылмандардан, соның ішінде қазақтардан тұратын жеке күзет тобын құру идеясы генерал Корниловпен кездескеннен соң келген болу керек. Өйткені, бізге белгілі болғандай, Корниловтың жеке оққағарлары Түркімен полкінің 6 жігіті – 5 түркімен және 1 «қырғыз» сарбаз болатын. Олардың басшысы поручик Р.-Б. Хаджиев¹²² өз естеліктерінде былай деп келтіреді: «кажется, с 27 августа Верховный начал посылать людей во все стороны для подготовки народа к предстоящей совместной работе. Одним из первых уехал [В.С.] Завойко и Александр Ильич Дутов, причем первый уехал на Дон, а второй в Оренбург для приготовления казаков. Верховный приказал мне дать двух джигитов для сопровождения их до Гомеля, так как они ехали туда в автомобиле»¹²³.

Біз Дутовтың жеке қарауыл жасағындағылардың аттарын анықтай алмадық. Бұл орынбор казактары үйреткен Қостанай Атты-Қазақ полкінің жігіттері болуы мүмкін.

1919 жылдың мамырда Орынбор казактары атаманы, генерал-майор Дутов казактарға келесі мәтіндегі үндеу жариялады – «Сыны степей! Я, атаман Дутов, зная Вас, любя Вас, посылаю в степь одного из почитаемых Вами сынов Ваших Джан-Султан-Чуваковича-Сейдалина. Никто, как свой, не может понять Вас и знать Ваши нужды. Большевики разрушили все, что могли, и потому и Вам живется скверно. Нет у Вас ни хлеба, ни чая, ни сахара, ни ситца, ничего нет и ку-

¹²² Хаджиев Р. Жизнь и смерть генерала Корнилова. – М., 2014. – С.307, 348.

¹²³ Там же. С. 139.

пить не можете. Мало этого, Ваши табуны, Ваши верблюды и бараны и небольшое имущество – все это не в безопасности. Жестокий враг наш все хочет взять себе и ничего не дать. Нет закона и порядка у большевиков. Я знаю, что Вы тоже не любите большевиков. Я знаю Вас очень хорошо, братья киргизы. Когда я был у Вас в степи, Вы меня встречали, Вы меня уважали, и я помню это – вот почему я хочу помочь Вам, а для этого прошу моему представителю Сейдалину верить во всем, что он скажет, и сказать ему все нужды Ваши, дабы я мог помочь Вам и доложить обо всем Верховному Правителю. Вы живете далеко, о Вас иногда забывают, вот почему я хочу Вам дать возможность сказать свое слово.

Я знаю, как в холодные зимы Вы теряете лошадей и баранов, я знаю, как гибнут Ваши табуны, когда нет травы и воды. Вам надо помочь так, чтобы все это устранить. Вам нужны колодцы, арыки, Вам нужны сенокосилки, грабли, Вам нужны железо, гвозди, машины и проч. Вам нужна почта и телеграф, Вам нужны ярмарки, где Вы могли бы купить все и продать, Вам нужны школы и газеты, чтобы знать, что делается везде, а не слушать одни сплетни и запугивания. Вам нужны лекарства, больницы, фельдшера и доктора как для людей, так и для Ваших табунов. Вам нужны мечети, где Вы могли поблагодарить или попросить Аллаха о Ваших нуждах и делах. Вас нужно уберечь от разбойников, Вас грабящих. Вам нужен свой суд по обычаю предков и по Вашему Закону. Вам нужен хлеб и мука. Все это мне известно, и о Вас болит моя душа. Поэтому я и посылаю лицо Вам известное и происходящее от Вас же, скажите ему Ваши нужды и как Вам помочь, я буду стараться сделать это.

Голос народа – голос Аллаха, и он сам укажет путь Вашей помощи. Красивые слова – их лучше дело. Я жду от Вас это-

го дела и уверен, что Вы скажете дело. Не думайте, народы степей, что Вас забыли или что Вам не хотят помочь. Как видите, далеко не так. Я также хочу знать Ваш голос, Ваше согласие и Ваши указания – скажите их и они будут служить Всероссийскому Правительству указанием того, что для Вас нужно. Шлю Вам свой привет, да хранит Аллах Вас и Ваши табуны!»¹²⁴.

Сонымен қатар, атаман Дутов казак, қазақ пен башқұрттардан тұратын жеке автономды мемлекет құрмақшы болған. Ол «Шығыс Одағының бірлескен келісімін» жасаған екен. Оның мәтінің біз РМӘМ қорынан таптық. Кіріспесінде былай делінген «Мы, нижепоименованные казачьи войска и вольные народы Туркестана, Казакостана и Башкурдистана заключаем между собой Союз с целью установления наилучшего государственного строя, внешней безопасности и порядка в Государстве Российском, а также обеспечить членами Союза, их неприкосновенность, поддержать внутреннее спокойствие, поднять общее благосостояние и закрепить завоевание революцией, благодения, свободы»¹²⁵.

Одақтың құрамы «казачьи войска: войско Оренбургское, войско Уральское, войско Семиреченское и вольные народы Казакостана, Туркестана и Башкурдистана» болады деп жоспарланған. Болашақта бұл одаққа Түркістанды, сосын Дон, Кубань, Терек және солтүстік Кавказ халықтарынан құралған Оңтүстік-Шығыс Одақты қосу ойында болған.

Бұл ретте жоба бойынша Одақтың әрбір мүшесі өзінің ішкі өмірі қатынасында толықтай тәуелсіздікке ие болатын және Одаққа қарсы келмейтін келісімдер мен қатынастарға түсуіне рұқсаты болды.

¹²⁴ ГА РФ. Ф. Р-148. Оп. 4. Д. 131. Л. 13об.; См.: Ганин А. В. Атаман А.И. Дутов. – М., 2006.

¹²⁵ РГВА. Ф.40327. Оп.1. Д.31. Л.127.

Ресми түрде бұл Одақты «Восточный Союз казаков и народов Казакостана, Туркестана и Башкурдистана» деп атау жоспарланды. Оның мақсаттарының бірі «достижение скорейшего учреждения Государственного порядка в России с признанием Восточного Союза отдельным Штатом» деп көрсетілді. Сонымен бірге Шығыс Одағының мүшелері саяси қатынаста біртұтас болып, большевиктерге қарсы майданда бірігулері қажет еді. Бірақ Дутовтың бұл ауқымды мақсатты жоспарларын жүзеге асыру бұйырмады, себебі Шығыс Одағы идеясы Уфадағы Мемлекеттік Кеңесте жабылған болатын¹²⁶. Оған қоса, мемлекеттегі жағдай қарқынды түрде өзгеріп отырды. Қызылдар барлық жақтан шабуылға көшті, ал Колчак өз диктатурасын орнатты.

1918–1919 жылдардағы күрделі саяси жағдай одақтастарды жан-жақты іздеп, келіссөздер жүргізуге кірісуді талап ететін. Сол себепті өзара қолдау мен серіктестік фактілерін арқау ете отырып, біз екі жақтың саяси қайраткерлерінің жасаған мәлімдемелерін түсіндірмесіз қалдырамыз.

¹²⁶ И. Г. Акулинин. Оренбургское казачье войско в борьбе с большевиками. 1917-1918 годы // Гражданская война в России: Борьба за Поволжье. – М.; СПб., 2005. – 444 с.

Жетісу майданы

Билікке коммунистердің келуімен Алашордашылар большевиктерге қарсы лагерге өтті және жоғарыда айтылғандай, олардың жақын одақтасы казактар болды. Орал, Орынбор және Сібір казактарымен уағдаластыққа қол қойылды. Бірінші кезде казактар Алашорданың құрылып жатқан милиция жасағы үшін нұсқаушы болды.

1918 жылдың басында Семей қаласында 200-ден астам адамнан тұратын Алаш милициясы құрылды. Нұсқаушылар болып есаул Машинский¹²⁷ бастаған жергілікті казактар тағайындалды. Алашорда ақ гвардияшылар сияқты астыртын жұмыс істеді. Алашорда үкіметі астыртын әскерге толық қолдау көрсетуге шешім қабылдады. Х. Ғаббасов¹²⁸ 1928 жылғы тергеу барысында: «вместе с офицерской группой Токтамышева, которая появилась в апреле или марте месяце 1918 года из города Омска, связались существовавшие в Семипалатинске антисоветские подпольные организации. По приезде в Семипалатинск он явился в казахский комитет»

¹²⁷ Машинский Сергей Николаевич. (1882 ж.). Омбы орта мектебі, Алексеев әскери училищесі (1915 ж.), Есаул. Алаш командирінің нұсқаушысы, Барнаул майданында казактар және казактардың командирі болды (1918 жылғы маусым). Күзетші Партизан полкінің командирі (4 жүз), Атаман Анненковтың Партизан дивизиясының командирі, полковник (1919).

¹²⁸ Ғаббасов Халел Ахметжанұлы. 1888 жылы Семей облысы Шаған ауданында дүниеге келген. Семейде орыс-казак мектебінде оқыған (1901). Семей ерлер гимназиясын (1909) бітірді. Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген (1915). 1917 жылғы 22 маусымнан бастап – Семей өңірлік жер комитетіндегі Қазақ комитетінің мүшесі. 1917 жылдың қазан айынан бастап «Алаш-Орда» партиясының Семей филиалын басқарды. 1917 жылы Алаш Орда үкіметінің мүшесі болып сайланды. 1917-1918 жылдары. Семейде «Сарыарқа» газетінің редакторы болып жұмыс істеді. 1920 жылы Семей педагогикалық колледжінің оқытушысы. 1922-1928 жылдар аралығында «Хлебопродукт» АҚ-да көшбасшылардың бірі болып жұмыс істеді; Алаш мемлекеттік «Райсельхозсоюз» кооперативінің жедел бөлімінің бастығы; КССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жетекші жұмысы туралы; Мемлекеттік жоспарлау комитетінің Президиумының мүшесі болды. 1928 жылы ОГПУ қамауға алынып, 1937 жылы тұтқындалып, атылды. 1988 жылдың 4 қарашасында ақталды.

деп мәлімет берген. Бұдан кейінгі жағдайлар көрсеткеніндей, Х. Тохтамышев эсер-офицерлермен тығыз байланыста болған және «ұлттардың өзін-өзі басқаруын қарастырады» деген дәлелмен Алашорда кеңесін тек эсер Зубарев тобымен байланыс ұстауға көндірген болатын. Сондай-ақ Ғаббасов «Тоқтамысовтың аталынған ұйымдардың ешқайсысына да мүше еместігіне» толық сенімді болған¹²⁹.

А.И. Зубарев (бүркеншік аты Давыдов) 1918 жылдың сәуір ортасында Семейге келген соң, большевиктерге қарсы әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдерімен астыртын жұмыс жүргізу мақсатында қарым-қатынастар орнатты. Олардың арасында: офицерлер, қызметкерлер, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, казактар, қазақтар болды. Жергілікті офицерлерден штаб құрды. Оның командирлігіне – капитан И.Н. Харченко (бүркеншік аты Альский), жұмылдыру бөлімінің бастығына – подьесаул М.С. Герасимов (Спиридонов), жұмылдыру бөлімінің бастығының көмекшілігіне – корнет Б.М. Анциферов (Дубровин) және есаул А.П. Машенский (Сальников), қарсы барлау басшысы – поручик Носков (Роцин), байланыс басшысы – поручик Л. Суторихин (Синютин) тағайындалды¹³⁰. Осы жерде бір айта кетерлігі, А.И. Зубарев пен оның штабы осы жасырын ұйымға тартқан офицерлер мен казактар кейін 1-інші Алаш полкінің және басқа да Алаш құрамдарында командалық қызметтер мен нұсқаушылар болды. Бөлім командирінің көмекшісі болып корнет Б.М. Анциферов, штаб адъютанты – подпоручик Г.И. Марусев, қалған офицерлер эскадрон, бөлімше командирлері және штаб офицерлері болып тағайындалды.

¹²⁹ Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. – А. 2016. – Т.2. – С.7-9.

¹³⁰ АП РК. Ф.811, оп.24, д.114. л.80-88; Шишкин В.И. Антибольшевистское подполье в Семипалатинске (апрель-июнь 1918 г.) // Вопросы истории Сибири в новейшее время. – Новосибирск, 2013. Вып. 3. – С. 3–20.

Сонымен қатар, қоғамдық қайраткерлерден тұратын комиссия құрылды, ол большевиктер билігі құлағаннан кейін алғашқы кездегі Семейде және облыста азаматтық әкімшілік ету үлгісін әзірлеуге жауапты болды және жасырын ұйымды қаржыландыру үшін қаржы табуы тиіс еді. Мамыр айының соңында Алашорданың облыстық кеңесінің мүшесі Б.С. Сәрсенов арқылы А.И. Зубарев офицерлік астыртын ұйымының қажеттілігі үшін 35,0 мың руб. алды. Бұдан басқа оның басқаруына шамамен жүз жігіт бөлінді. Олардың міндеті астыртын күрес жүргізушілер арасында байланысты қамтамасыз ету болды. Бірақ Семей қаласындағы большевиктерді құлатудың сәтсіз әрекетінен 23 мамырда алаштықтар астыртын ұйымның жасырын жүрген 35 офицердің қазақ даласына қашуына жәрдем жасады. Олар Алаш жасағын дайындау жұмыстарымен айналысты.

Бұл жөнінде В. Сорокин «Русская армия» газетінің беттерінде былайша суреттеді: «Аллаши – это киргизская конница, являющаяся теперь частью сибирских регулярных войск. Начала формироваться она еще во время большевизма в районе Семипалатинска. История появления первых киргизских войск такова. В мае прошлого года большевики в Семипалатинске из спасения «Белогвардейского бунта» объявили всех офицеров состоящими вне закона. Многие из офицеров бежали после этого в глубь степи и стали готовить восстание против советской власти, встретив среди киргиз благоприятную для этого почву. (...) Призыв офицеров к борьбе – через киргизскую интеллигенцию - встретил живой отклик, и вскоре со степи стали собираться джигиты. О создания из них пехотной части нечего было и думать. С малых лет киргиз редко расстается с лошастью, как вообще и все кочевые народы, как наши предки - скифы, которых греческие писатели принимали за особых существ, человека-

коней – Центавров, так как не видели их отдельно от лошадей. Такими же почти степными Центаврами являются и киргизы. Поэтому из них само собою образовалась конница. Собранных джигитов начали обучать правильному конному строю и обращению с оружием. Занятия пошли очень успешно»¹³¹.

Бір ай ішінде кадрлық офицерлер Алаш жасағының жігіттерін оқытты. Жасақ үш жүзге, жүздік взводтарға бөлініп, командирлер тағайындалды. Жасақ түзеліп, полк құрылымына айналды. Семей қаласында билікті қолға алуға дайындық жүрді, белгіні ғана күтті. Жасақ командирі болып Омбы қаласынан келген, кадрлық офицер, бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы капитан Хамит Токтамышев тағайындалды. Ал қалған командалық және нұсқаушы лауазымдарына астыртын ұйым мүшелері ие болды.

6 маусымда Семей коммунистері өз жағдайының нашарлауын сезініп, Барнауылға эвакуациялану туралы шешім қабылдады. Келесі күні қаладағы билікті есаул П.И. Сидоров¹³² пен капитан Н.Д. Виноградов бастаған басқа астыртын ұйым өз қолдарына алды.

Бұл туралы Х. Ғаббасов былай деп көрсетеді «после перерыва все мы приехали в Семипалатинск и узнали, что там существует казачья власть под руководством атамана Сидорова. Мы тогда стали спрашивать Токтамышева, где же силы социалистического направления, где подпольная организация. Этот вопрос связан с тем, что мы не желали связей с ка-

¹³¹ Русская армия, 2 июля 1919 г. – №138.

¹³² Сидоров Павел Иванович, (1883 ж. Санкт-Петербурггуб.). Жаяу әскерлік юнкер мектебі (1910 ж.). 3-ші Сібір казак полкі офицері, 6-шы Сібір казак полкі подьесаулы. Кеңес үкіметі билігін құлатқан соң – Семей әскери штабының бастығы (28 маусым 1918 жылға дейін), Семей өңірі әскерінің және Семей гарнизонының (28 маусым - 5 қыркүйек 1918) басшысы. 1919 жылы Б. Анненковтың көмекшісі және 1-ші Іле кавалериялық полкінің басшысы қызметін уақытша атқарушы, 1-ші Іле атты полкін құру үшін Құлжаға жіберілген. Полковник. 1919-1921 жж. Шыңжаңдағы отряд қолбасшысы, 400-500 адамнан тұратын Жетісу казактармен казактардан, тараншылардан тұратын екі шағын партизан бөлімшелерін құрған. 1921 жылдың тамыз айында қаза тапты.

зачьей черносотенной властью, а предполагалось вооружить силы социального направления и произвести переворот»¹³³.

Бұл туралы «Свободная речь» газетінде төмендегідей мәтіндегі материал жарық көрді: «На днях в г. Семипалатинск из степей прибыли киргизские отряды во главе с инструкторами – русскими офицерами. В среду 6 (19) июня около 6 часов вечера отряды были в городе. На площади возле Никольской церкви была устроена им торжественная встреча. Были сказаны приветствия помощником начальника штаба полка Папиным, адъютантом капитаном Виноградовым, уполномоченным Временного сибирского правительства Давыдовым и др.

Во время встречи на площадь прибыл известный национальный деятель Букейханов, в честь которого по предложению Тохтамышева всадники произнесли «Алла». На знаменах белого цвета на киргизском языке, были начертаны лозунги: «Да здравствуют Всероссийское и Сибирское Учредительные собрания!», «Да здравствуют верные сыны Родины!» От речей, сказанных на встрече, веяло патриотизмом»¹³⁴.

Семейге келген соң, жасак Семей Облыстық Әскери Штабының құрамына енді. Штаб бастығы болып есауыл П.И. Сидоров тағайындалды, кейін 28 маусымда Далалық Сібір корпусы бойынша бұйрықпен қайтадан жаңа тағайындалған Семей облыстық әскеріне жеке дивизия бастығы құқығымен қолбасшы лауазымына сайланды.

17 маусымнан бастап Семейде 200 қарулы және 200 қарусыз еріктілер толық жауынгерлік дайындықта болды. Оған қоса, офицерлерден, шенеуніктер мен юнкерлерден (200 адам), жұмылдырылған казактардан (150 адам), казак партизанының жүздігінен (50 адам), чехословак (63 адам)

¹³³ Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. – А. 2016. – Т.2. – С.7-9.

¹³⁴ Свободная речь, 1918 г. – №165.

және поляк (20 ер адам) бөлімдерінен жаяу әскер бөлімшелері құрылды. Оларда қару-жарақтардан екі пулемет, әртүрлі жүйедегі 600 мылтық және 41,5 мың патрон болды¹³⁵.

Осы кезеңде Сібір казак армиясының аумағында казактарды жұмылдыру жарияланды. Үш полктік құрылымнан тұратын атты дивизия құру басталды. Еріктілер мен мобилизацияланғандардан тұратын дивизия бөлімшелері бүкіл әскер аумағына таратылды.

Казак емес еріктілерден 5-інші және 7-інші Далалық Сібір полктері құрылды. 5-інші Дала полкінің құрылуы Семей облысы әскерлерінің қолбасшысы П.И. Сидоровқа тапсырылды. Полкті толықтыру үшін мобилизацияланған барлық офицерлер мен әскери шенеуніктерді және де Семей, Өскемен, Зайсан, Сергиополь және Змеиногорск қалалары мен оларға қарасты уездерінің еріктілерін пайдалану ұсынылды.

28 маусымда полкті басқаруға полковник Глушков¹³⁶ тағайындалды. Полк Семейде орналасты. Оның құрамына осы жердегі еріктілер бөлімшесі мен Уақытша Сібір үкіметінің жауынгерлік бөлімі қосылды¹³⁷.

7-нші Дала полкінің қалыптасуы Петропавловск ауданының басшысы әскери старшина И.В. Волковқа тапсырылды¹³⁸.

¹³⁵ Симонов Д.Г. Семиреченский фронт в 1918 году: белогвардейские вооруженные формирования//<http://zaimka.ru/simonov-front/>.

¹³⁶ Глушков Ираклий Васильевич, Георгий кавалері, шт.-кап., 21-ші Түркістан жаяу полкі, 4-ші дәрежелі Георгий ордені (1915 ж.). 5-ші Батыс Сібір рифті батальоны поручигі (Қапал к., 1909). 17-ші Семей Сібір жаяу полкі командирі. Полковник (1918).

¹³⁷ Симонов Д.Г. Семиреченский фронт в 1918 году: белогвардейские вооруженные формирования//<http://zaimka.ru/simonov-front/>

¹³⁸ Волков В.И. (10(22).06.1877 ж. Өскемен, Семей облысы. – 11/02/1920, Иркутск маңында). Армия старшинасы. Полковник (17.09.1918 ж.). Генерал-майор (19.11.1918). Сібір казактарынан, генерал отбасында дүниеге келген. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, ол 1-ші Сібір казак полкі құрамында Кавказ майданда қызмет атқарды, әскер старшинасы. 1917 жылдан бастап Батыс майданда 7-ші Сібір казак полкінің командирі. 1917 жылдың соңында – 1918 жылдың басында Көкшетауға полкпен бірге келді, полк таратылды. 1918 жылдың көктемінде Петропавлдағы құпия офицерлер ұйымына басшылық етті. Большевиктер билігі құлатылған соң Петропавл ауданының әскері басшысы және

Полкті толықтыруға жұмылдырылған офицерлер мен әскери шенеуніктер, сондай-ақ Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола және Қорған қалалары мен соған қарасты аудандардың еріктілері шақырылды. Оның құрамына Көкшетау және Ақмола жаяу әскерлері, Атбасар отряды, Қорған гарнизоны, Петропавлдағы нұсқаушы және еріктілер ротасы кірді¹³⁹.

19 маусымда есаул А.П. Машенскийдің жалпы қолбасшылығымен жасақ, атқыштар взводы пулеметші командасымен бірге Семейден Барнауыл майданына шегінген қызылдардың ізіне түсуге жіберілді.

«Сарыарқа» газеті былай деп жазды: «Преследовавший большевиков по направлению Алтайской губернии алашский отряд 17 июля благополучно возвратился. В этом отряде состояло 52 киргиза и 21 офицер. Предводителями отряда были: Турагул Абаев, Биахмет Сарсенов, Каражан Укубаев, Токар Бегметов, Габдулла Каскеев и другие мурзы. Удалая степная молодежь участвовала в неоднократных стычках с многочисленными большевиками, последние не выдержали напора, обратились в бегство. По словам Турагула, киргизская молодежь воевать может, не боялись. Во время боя при словах «Алаш» даже о своей жизни забывали. Со стороны большевиков трое убиты, двое

«Ермак Тимофеевич атындағы» 1-ші Сібір полкінің командирі, содан кейін (10/07/1918 жылдан бастап) Сібір казак дивизиясының 1 бригадасының командирі болды. 1918 жылғы 8 қыркүйектен бастап Омбы гарнизонының басшысы. 03.10.1918 ж. бастап Сібір казактары дивизиясы командирі міндетін атқарушы; сонымен қатар Омбы коменданты болды. (08.09.1918 ж. бар.), ол жерде төңкеріс ұйымдастырып, 18.11.1918 жылы билікке Адмирал Колчак билігіне алып келді. Владивосток қаласындағы Колчактың казак бөлімдерін құру бойынша өкілі (01-06.1919 ж.) және Шығыс-Сібір армиясының командирі. 1919 ж. бастап біріккен казак корпусының командирі. 1919 жылғы 1 мамырдан Атбасар ауданындағы партизандарға қарсы әрекет еткен әскерлерді басқарды. 1919 жылғы 12-27 маусымнан Орал әскери тобының командирі. 1919 жылғы 28 маусымнан бастап Батыс армиясының (кейінірек үшінші) құрамындағы Оңтүстік атты әскер командирі., 1919 жылғы 20 қарашадан Сібір казак тобының командирі. 1920 жылдың ақпанында Забайкальяға, Читаға кетіп бара жатқанда Ангара станциясында қайтыс болды.

¹³⁹ Симонов Д.Г. Семиреченский фронт в 1918 году: белогвардейские вооруженные формирования//<http://zaimka.ru/simonov-front/>

ранены, 11 пленных, 8 лошадей, около 100 рублей деньгами и много оружия осталось за нами. Среди пленных есть большевик, который убил Казия¹⁴⁰. Одному большевику – джигит Моменжан шашкой срубил голову. Потеря алашского отряда – один. Возвратившийся отряд в духе приподнятом»¹⁴¹.

Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағат қорларында Барнаул майданына бағытталған семейлік отряд еріктілерінің тізімі бар¹⁴².

23 маусымда Штаб жанындағы мұсылман бөлімінің мүшелері болып Тоқтамышев пен Ахмет Байтұрсынов тағайындалады. 6 шілдеде Алаш Орда үкіметі атынан Әскери Штабтың өкілі болып Әбікей Сәтбаев тағайындалды¹⁴³.

1918 жылғы тамыз бен қыркүйекте Алаш жасағы полк мәртебесіналып, әскери даярлықпен, окумен, саптық даярлықпен белсенді түрде айналысты. Сонымен қатар полк негізінде білімді қазақтар қатарынан кіші офицерлерді (вахмистрлердің) даярлау басталды. Кіші офицерлердің жетіспеушілігіне байланысты «Свободная Речь» газетінде мынадай хабарландыру шықты «1-й Алашский Степной Конный Полк»: «Требуются вахмистры (фельдфебеля артиллерийские), кавалерийские и артиллерийские унтер-офицеры - на должности вахмистров

¹⁴⁰ Қазі Нұрмұхамедұлы (1896-1918), 1915 жылы Семей мұғалімдерінің семинариясына түскен, 1917 жылы Алаш милициясының қатарына қосылды, бөлімшеге басшылық етті. 1918 жылдың сәуірінде ол қызылдар қолынан қаза тапты. Оның өлімі барлық алаштықтардың ызасын келтіріп, большевиктерге қарсы күресті күшейтті.

¹⁴¹ Сарыарқа, 19 июня 1918. См.: Алаш-Орда. Сб. док. Сост. Н. Мартыненко. – А., 1992. – С. 161.

¹⁴² Тізімде келесі есімдер бар - Джакупов Абдрахман, Шах Тугнаев, Қонлыбаев Мусоғалий, Керумбаев Ремек, Джаумбаев Ижембай, Джамасов Блекбаев, Гамаскар Кисеков, Хақиахмет Хусайнов, Джумағалий Кумеков, Абдрахман Якупов, Амар Тлемисов, Хайрулла Ибраимов, Нияз Ахметов, Мугавей Асанов, Асежан Ахментаев, Мақсадулла Бақеров, Рыспек Биганов, Сулейман Джанджаксем, Имұхамет Матенев, Қалий Мағаметов, Урузбай Мұлдубеков, Сафарғалий Таурбаев, Рахамбек Рахимов, Алірбай Худобердиев, Амур Маметов, Супы Турбиев, Бигалий Қопалов, Хасав Мақұлов (ГА РФ, Ф.176. Оп.2. Д.36. Л.43, 123).

¹⁴³ ГА РФ. Ф.176. оп.2. Д.36.

и взводных командиров. Оклад вахмистру 300 руб. Старшему унтер офицеру 250 руб., младшему унтер офицеру 200 руб. в месяц, паек семье 100 руб. в месяц. Обращаться в штаб полка: г. Алаш¹⁴⁴ 145, угол Береговой и Иртышской ул.»¹⁴⁵.

Алашорда үкіметі мен Уақытша Сібір үкіметінің арақатынасының екіұштылығына байланысты, нақтырақ айтқанда, соңғысының Алашордаға сенім білдірмеуіне байланысты полкті ұстап тұру және жаңа бөлімшелер ашу созыла бастады. Өз әскерін құруды Алашорда былай түсіндірді: «правительство решило совместно с Временным Сибирским правительством бороться с большевиками и довести страну до Всероссийского Учредительного собрания». При этом Алаш-Орда пыталась сохранить контроль над полком («Казахская армия непосредственно подчиняется во всех отношениях своему штабу»), оставить наименование полка «Алашским» и самим, по согласованию, назначать командира полка («Назначение на командные должности производится киргизским военным штабом») ¹⁴⁶.

Қаржыландырудың жоқтығына және белгісіздікке байланысты Тынышпаев тамыз басында Омбыға Ә.Н. Бөкейхан мен Х. Тоқтамышевқа телеграфпен хабарласты «Прибывают [из] дальних волостей, даже [из] других уездов. Добейтесь разрешения формировать второго полка, провидения обоих полков по приказу, иначе интендантство всем отказывает; Средства иссякли. Дальнейший отпуск средств местный штаб прекратил. Стоим перед вопросом расформирования первого Алашского полка. Ежедневно прибывают новобранцы. Создается безвыходное положение. Срочно телеграфируйте»¹⁴⁷.

¹⁴⁴ Семей қаласы сол жағалауының атауы (Заречная Слободка).

¹⁴⁵ Свободная Речь, 3 сентября 1918 г.

¹⁴⁶ ГА РФ. Ф. 176. Оп. 1. Д. 5. Л. 7.

¹⁴⁷ ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. Л. 5.

Осы кезеңде Жетісу облысында¹⁴⁸ қызылдар тарапынан болған жазалау шаралардан қорғану мақсатында Алашорда белсенділері өзін-өзі қорғау жасақтарын құрды, олар кейіннен «алаш жүздері» деген мәртебеге ие болды. Әскери тәжірибесі және дағдысы жоқ қазақтардан жиналған жүздіктер қару-жарақ пен әскери даярлыққа мұқтаж болды. М.Т. Тынышбаев 13 тамызда Омбы қаласына Уақытша Сібір үкіметіне телеграфпен хабарласып: «Кровно заинтересованная в скорейшем освобождении от большевиков Семиречья, третий год обильно заливаемого кровью, Алаш-Орда просит Временное Сибирское правительство: первое - отнестись к Семиречью, где большевиками вооружено свыше десяти тысяч красных, более серьезно, как с самого начала рекомендовала Алаш-Орда; второе – ускорить выдачу вооружения Алашскому отряду для возможности принятия участия на Семиреченском фронте»¹⁴⁹ деп мәлімдейді.

Дегенмен Омбы мәселені шешуге асықпады. Шілде айында корпус штабының бастығы капитан Василенко Алаш бөлімдері туралы Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушинге тікелей телефонмен сөйлесу барысында «к формированию сотни Алаш-Орда отнестись с крайней осторожностью. О причинах получите информированную телеграмму. Мы до настоящего времени не имеем

¹⁴⁸ Жетісу облысы 1867 жылы 14 сәуірде қабылданған «Жетісу және Сырдария облысын басқару жөніндегі Уақытша Ережеге» сәйкес Алатау округы мен оған шектес аймақтар негізінде құрылған. 1882 жылға дейін Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына, ал 1882 жылдан Дала губернаторының құрамында болған. Орталық – Верный қаласы (қазіргі Алматы). Алғашында бес уезден тұрды: Верный, Қапал, Лепсі (кейін Сергиополь), Токмак (1978 жылдан – Пішпек), Ыстық көл (кейін – Қаракөл, 1889 жылдан – Пржевальский). Содан кейін Жаркент (1882 жылдан бастап) және Нарын уезді құрылды. Облыс басшылары – әскери губернаторлар – Жетісу казак армиясының атамандары. 1922 жылы Жетісу (Семиреченская) облысы Жетісу деп өзгертілді, 1924 жылы ол губернияға айналды. 1928 жылы Жетісу губерниясы жойылып, Алматы округы құрылды.

¹⁴⁹ ГА РФ. Ф. 176. Оп. 1. Д. 1. Л. 246-247.

условий на которых разрешено будет правительственные формирования киргизских частей Алаш-Орды. В Вашей обстановке единственно допускаю прием киргиз в русские части на правах добровольцев под командой особо твердых офицеров»¹⁵⁰ дегенді айтқан.

Ә. Бөкейхан ақ басылым беттерінде қазақтардың қызылдарға қарсы қолдарына қару алу ниеттерін қолдауға шақырып, бірнеше рет сөз сөйледі. Бұл ретте, Алашорда көшбасшылары да, Жетісу жасағы қолбасшылығы да Алаш бөлімдерін қаржыландыруды талап етті. Бұған олардың Алаш жүздерін құру қажеттілігі туралы хат алмасуы куә болады.

Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лиханов үкіметтік әскерлердің жоқтығы мен қызылдардың қатты қысымы себебінен алаш жасақтарының көмегін пайдалануға мәжбүр болғанын мойындады: «полезная служба киргиз в сфере разведки и даже в боях, как об этом заявляли начальники наших отрядов, при малой подаче войск из Сибири, заставили прибегнуть к сформированию 2-х алашских сотен»¹⁵¹.

Өзгеде орыс офицерлері алаш әскері бөлімшелерін қолдау қажеттілігі идеясын белсенді түрде ілгерілетті. Олардың жауынгерлік сапасын баспа беттерінде жоғары бағалады. Қалыптасқан жағдайға байланысты Сібір Уақытша үкіметі 2-ші Дала Сібір корпусының¹⁵² командирі генерал-майор

¹⁵⁰ РГВА. Ф.39615. Оп.1. Д.51. Л.6

¹⁵¹ РГВА. Ф.39615. Оп.1. Д.18. Л.30.

¹⁵² Ақ Сібір Әскерінің 2-ші Далалық Сібір корпусы Ақмола және Семей өңірлерінде большевиктерге қарсы астыртын жұмыс істейтін ұйымдардың негізінде құрылды. 1918 жылғы 7 маусымнан 5 қыркүйекке дейін корпусы генерал-майор П.П. Иванов-Ринов, содан кейін генерал-майор А.Ф. Матковский басқарды. 1918 жылғы 29 желтоқсаннан генерал-майор Бжезовский басшылық жасады. 1919 жылғы 30 қарашада билікті атаман генерал Ефтин қабылдап, екі аптадан соң атаман Анненковке билікті берді.

Матковскийді¹⁵³ 1918 жылғы 12-22 қазан аралығында Жетісу майданына бөлімдерді қарау және алаш әскери бөлімдері мен бөлімшелері бойынша соңғы шешім қабылдау үшін арнайы жіберді.

12 қазанда генерал-майор Матковский Семей қаласына ағылшынның төтенше уәкілі сэр Элиотпен бірге келген, бұл туралы «присутствовал на смотре Командира Корпуса: 1) киргизского конного полка. Было выведено два эскадрона в конном строю. Остальные два пасли лошадей за городом. 2) войска гарнизона: 19-го Петропавловского Сиб.стр. полка - 6 рот (следуют в Сергиополь¹⁵⁴, 5-й Сиб.стр. кадровый полк и учебной команды 3-го Сибирского казачьего полка. Киргизские эскадроны были выведены без оружия, в русском обмундировании, с погонями при русских офицерах. На месте и при прохождении церемониальным маршем имеют вид строевой части; хотя и обучены, но не вполне. Присутствие сэра Элиота заставило Командира Корпуса отказаться от более детальной проверки его подготовки» делінген. Генерал Матковский 16 қазанда Сергиопольде де алаш әскерін бақылады¹⁵⁵.

Жергілікті басшылықтың пікірін есепке алып, Корпус ко-

¹⁵³ Матковский А.Ф. (17.03.1877, Херсонская губ. — 08.06.1920, Омбы). Генерал-лейтенант (15.06.1919). Михайловский артиллериялық мектебін, (1897), Бас штаб академиясын (1903) аяқтады. Бірінші дүниежүзілік соғысына қатысқан, Құрама кавалериялық корпусы штабының бастығы болып тағайындалған (11.08.1914). 12-уландық Белгород полкінің командирі. 1-гвардиялық кавалериялық дивизия штабының бастығы. 5-кавалериялық корпусы штабының бастығы (1917 ж. 05.05 бастап). Билікке большевиктер келгеннен кейін 1919 ж. 30.08. Уақытша Сібір үкіметінің әскери министрлігінің басқарушысы жанындағы қызметке тағайындалды. 2-Сібір далалық жеке корпусының командирі (1918 ж. 06.09-13.11.). 1918 ж. 17-26.09. бастап Сібір үкіметі әскери министрлігінің басқарушысы лауазымын атқарды. Сібір әскерінің қолбасшысы, (1918 ж. 13.11.-1918ж.25.12.), Омбы ӘО және Омбы гарнизоны әскерлерінің қолбасшысы міндеттерін уақытша орындады. 1920 ж. қаңтарда атылды.

¹⁵⁴ Сергиополь – кейін Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысындағы АЯГӨЗ ҚАЛАСЫ. 1831 жылы Аягөз бекінісі ретінде негізі қаланды. 1847 ж. –Аягөз бекінісі, 1860 жылы Сергиополь қаласы болып қайта аталды.

¹⁵⁵ РГВА. Ф.39498. Оп.1. Д.15. Л.51-55.

мандирі 1-ші Алаш полкін 5-ші Сібір атқыштар дивизиясына қосуға, бұл ретте полк атауын «1-ші Қазақ атты әскер полкі» атауына өзгертіп, Дивизия басшылығына толық бағындыруға шешім қабылдады: «Казахский конный полк¹⁵⁶ временно включен в состав 5-й Стрелковой дивизии для отправления на фронт, в ближайшие дни и работы в качестве дивизионной конницы. Средства на его содержание будут отпускаться применительно к положению о частях самоохранны. Такое решение вопроса, удовлетворив полк, вполне соответствовало желанию и ближайших руководителей предстоящей операции».

23 қазанда 5-ші Сібір атқыштар Дивизиясының бастығы полковник Гулидовтың¹⁵⁷ бұйрығына сәйкес полк дивизия құрамына енгізілді, бұдан басқа «сформированная в г. Семипалатинск и Семиречье для борьбы с большевиками киргизские сотни включаются в состав корпуса, сводятся в Киргизский конный полк и должны содержаться на положении частей самоохранны по штату Сибирского казачьего полка» деп шешілді.

Бұл бұйрық бойынша «действующая в районе Саратовское-Аксуйское киргизская сотня Аксуйская, Сарканская и Сергиопольская включаются в состав 1-го Казахского конного полка. Командиру названного полка немедленно при-

¹⁵⁶ Мәтінде - «Киргизский конный полк».

¹⁵⁷ Гулидов В.П. қазанда 1876 жылы туған, Одесса. Генерал-майор (28.03.1919). Одессаның юнкерлік училищесін аяқтаған. (1897). 1914 жылы 30 Сібір атқыштар полкінің оқу командасының бастығы .1918 жылы көктемде полковник, Красноярскте құпия офицерлік ұйымды басқарды, 1918 жылғы 18 маусымнан бастап Красноярск гарнизонының бастығы, ал 20 маусымнан бастап бір уақытта Енисей ауданы әскерлерінің қолбасшысы. 1918 жылғы 16 маусымда 2 Дала Сібір атқыштар дивизиясының бастығы, ол кейін 26.08.1918 жылы 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы болып, 2-ші Дала корпусында қалды. 1918 жылғы 6 қыркүйектен бастап 20 қазан аралығында Семей қаласы гарнизоны бастығының лауазымын атқарды. 1919 жылғы жаздың соңында дивизия атаман Анненковтың Партизандық дивизиясымен бірге Жетісу фронтында қызмет етті. 10.12.1919 жылдан бастап Минусинский фронтының қолбасшысы болып тағайындалды 1920 жылғы 7 қаңтарда Красноярскте Қызыл әскердің қатарына қосылды, ал қаңтарда қамауға алынды.

ступить к устройству названных сотен, придать им правильную организацию и принять меры к снабжению их всем необходимым»¹⁵⁸.

Полк командирі болып Тоқтамышевтың орнына әскери старшина Н.Д. Кольц¹⁵⁹ тағайындалды. Эскадрон командирлері: 1-ші эскадронда – штабс-капитан Е.Г. Попов. 2-ші эскадронда – штабс-капитан М.А. Рыбин тағайындалды. Рыбинді ауыстырғаннан кейін командир болып А.М. Зароастров тағайындалды. 3-ші эскадронда – корнет Вишняков болды.

1918 жылдың 24 қазанында полковник В.П. Гулидов Сергиополь қаласында 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы бойынша № 001 жедел бұйрыққа қол қойды. Абакумовск тарапындағы қызылдардың шабуылына қарсы тұру және олардың Лепсіден солтүстікте әрекет етіп отырған кеңестік топпен байланыс орнатуын болдырмау үшін дивизия басшысы өз бөлімшелеріне келесі жауынгерлік тапсырмаларды берді:

1. Северной группе войскового старшины Копейкина¹⁶⁰ (II-я и 5-я сотни 3-го Сибирского казачьего полка и 4-я рота 17-го Семипалатинского стрелкового полка) сосредоточиться в районе с. Стефановское (Уч-Арал) к 29 октября; вести разведку в направлении на Андреевское, Осиновское и Колпаковское. Штаб полка в с. Стефановское (Уч-Арал).

¹⁵⁸ РГВА. Ф. 39498. Оп. 1. Д. 2. Л. 21.

¹⁵⁹ Кольц Николай Дионисьевич – 1877 ж. 30 қазанда туылды. Ақмола облысының шаруалар қатарынан. 1902 жылдан бастап қызметін өткерген. I-Сібір казак полкінің әскери старшинасы. 1918 ж. тамызда Сарқан ст. қорғаныс басшысы, 1918 ж. 9 қыркүйекте партизан жасақтарының басшысы, кейіннен Сергиополь алаш жүзінің командирі, 1919 жылдан бастап I-Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, қаңтар). Полковник (1919 ж. 28 наурыздан бастап). 1922 жылы Қытайға кетіп, 1938 жылы Шанхайда қайтыс болды.

¹⁶⁰ Копейкин П.П. (1886 ж.), Николаев кавалерия мектебі (1905). Сібір казак атқыштар дивизионының командирі, армия старшинасы. 1918 жылдың маусым айынан бастап 3-ші Сібір казак полкінің қолбасшысы. 1919 жылғы тамыздан бастап 5-ші Сібір казак дивизиясының басшысы. 1920 жылы Омбыда большевиктер тұтқындап, атылған.

2. Западной группе полковника Глушкова (1-я и 3-я роты и команда разведчиков 17-го Семипалатинского стрелкового полка, 1-я и 2-я роты 19-го Петропавловского стрелкового полка, 4-я сотня 3-го Сибирского казачьего полка, Аксуйская Алашская конная сотня и Алашский конный дивизион, 2-я отдельная легкая батарея), действуя одновременно во взаимной связи с южной группой есаула Асанова на тыл и левый фланг красных, остановить наступление из Абакумовска и не допустить объединения с северной группой красных. Вести наблюдение на фронте Черкасское - Саратовское - Андреевское, поддерживая связь с северной группой. Штаб полка в станице Аксуйской.

в) Южной группе есаула Асанова¹⁶¹ (1-й Семиреченский казачий полк, 2-я рота 17-го Семипалатинского стрелкового полка и 2-я сотня 3-го Сибирского казачьего полка) противодействовать наступлению красных со стороны Абакумовска, действуя во взаимной связи с западной группой полковника Глушкова; в случае наступления превосходящих сил красных, сосредоточившись в Сарканде, оборонять станицу до подхода 19-го полка. Штаб полка в Сарканде.

Дивизиялық резервке 19-шы Петропавл атқыштар полкінің алты ротасы және 1-ші Қазақ атты полкінің екі эскадроны кірді. Бұйрық берген сәтте олар Жетісуға шеру үстінде болатын. 19-шы полктің штаб-пәтері Сергиопольде, Қазақ полкі штаб-пәтері Семейде орналасты¹⁶².

¹⁶¹ Асанов А.А. Есау. Әскери старшина (23.09.1918 ж.). Көкшетау уезді казактарынан. дейін Шығыс майданының ақ әскерлерінде. 1918 жылғы 14 маусымнан 28 маусымға дейін 1-Сібір казак полкінің командирі. 1918 жылдың тамыз-қыркүйек айларында 3-ші Сібір казак полкінің командирінің көмекшісі. 1918 жылғы 16 қазаннан бастап 1919 жылғы 15 мамырға дейін Жетісу казак бригадасының 1-ші Алатау атты полкінің командирі, 1919 жылғы 1 маусымнан партизан бөлімінің кавалериялық бригадасының командирі, сол бөлімнің бастықтың шаруашылық бөлімшесінің көмекшісі, 1919 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Жетісу армиясының жабдықтау бастығы. 1920 жылы 27 наурызда Романовский ауылында тұтқынға алынды. Полковник.

¹⁶² РГВА. Ф. 39498. Оп. 1. Д. 2. Л. 18 и об. Подлинник.

5-ші Сібір атқыштар дивизиясында 1919 жылғы 16 қазанда Алашорданың Әскери кеңесінің белсенді қатысуымен қазақтар қатарынан 2-ші Қазақ атты әскер полкі құрылды. Басшы болып бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Жетісуда туылған подполковник Ғали Самұратбеков¹⁶³ тағайындалды.

Бір айта кетерлігі, Жетісу отрядының басшысы генерал-майор Ярушин¹⁶⁴, 17-ші Семей полкінің командирі полковник Глушков және Самұратбеков 1909 жылы Қапал қаласындағы 5-ші Батыс-Сібір атқыштар батальонында бірге қызмет еткен болатын¹⁶⁵.

1919 жылдың соңында 5-ші Сібірлік атқыштар дивизиясында 1-ші және 2-ші Қазақ атты полкілері 1-ші Қазақ атты полкінің командирі Н.Д. Кольцтің басшылығына Қазақ атты бригадасы болып біріктірілді, полк командирінің лауазымы сақталды. Бригада ұзақ уақытқа созылмады. Жеке құрамның басым бөлігінің сырқатына байланысты 2-ші Қазақ атты полкі таратылды, оның қолбасшысы подполковник Ғ. Самұратбеков 1-ші Қазақ атты полкі командирінің көмекшісі болып тағайындалды¹⁶⁶.

¹⁶³ Самұратбеков Ғали(? - 1928, Семей қаласы), сұлтан тегінен және тұқымды дворяндардан шыққан, Верненский ерлер гимназиясының толық 8 сыныпты курсы аяқтады. 5- Батыс-Сібір атқыштар батальонының подпоручигі (Қапал қаласы, 1909ж.). 1915 жылғы сәуірде 21-Түркістан атқыштар полкінің поручигі, контузия алып, сапта қалған. 1916 жылғы маусымда капитан атанған, қатты жараланған. 1919 ж. қазанда подполковник, 5-Сібір атқыштар дивизиясының 2- Қырғыз атты әскер полкінің командирі болған.

¹⁶⁴ Ярушин Ф.Г. (1867 жылғы). Генерал-майор (01.11.1918). Бірінші Павловский әскери мектебін (1888) бітірді. Ол Түркістандағы 21-ші атқыштар полкінде қызмет етті. 1-ші Дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, 21-ші Түркістан атқыштар полкінің полковнигі. Азамат соғысы кезінде, 1918 жылдың 4 шілдесінен Жетісу отрядының басшысы. 1919 жылдың 19-27 қарашасында 5-ші Сібір атқыштар дивизиясының штабының бастығы қызметін уақытша атқарды, кейін Жетісу әскерінің бригада командирі. 1920 жылдың мамыр айынан бастап ол Қытайға қоныс аударды. 1921 жылы мамыр айында Шәуешек қаласында большевиктердің қолына түсіп, Ресейге алдырылып, атылды.

¹⁶⁵ 1909 жылдың 1 қаңтары бойынша орыс императорлық әскерінің офицер шеніндегілердің жалпы тізімдемесі. Санкт-Петербург, 1909.

¹⁶⁶ РГВА. Ф. 111. Оп. 3. Д. 81. Л. 230. Көшірме.

Алаймаққа әскерімен жаңадан келген атаман Б. Анненков¹⁶⁷ басқаша әрекет етті. Ол керісінше, өз жасағын толықтыруда кез келген мүмкіндікті жібермеді. Оның жасағында татар және башқұрт бөлімшелері және 2 қытай ротасы мен 2 ауған және парсы ротасынан тұратын шетел батальоны болды. 28 қыркүйекте Анненков жасағы партизан полкіне (3 жаяу әскер батальоны, 2 атты әскер жүздігі, 2 батарея) кеңейтілді. Ал 1918 жылғы 23 қазандағы 2-інші Дала корпусы бойынша бұйрыққа сәйкес полк атаман Анненков атындағы Құрама Партизандық дивизияға өзгертілді.

1919 жылдың 3 қаңтарында 5-ші Сібір атқыштар және 6-шы Сібір құрама (оны полковник Анненковтың Партизандық Құрама дивизиясынан құру керек еді) дивизиялар негізінде жаңа 2-ші Далалық Сібір әскери корпусын құру туралы шешім қабылданды. Бірақ Анненков өз дивизиясының атауын – Атаман Анненковтың Партизан дивизиясы деп сақтап қалды¹⁶⁸.

Семейде атаман Анненков Алашорданың қазақ бөлімдерін құру туралы ниетін қолдап, бастамашылықты өз қолына алды.

¹⁶⁷ Анненков Борис Владимирович (1889, Курск губ. – 25.08.1927, Семей). Генерал-майор (25.11.1918). Мәскеуде Александровский әскери мектебін аяқтаған (1908). Хорунжий шенінде «Ермак Тимофеевич» атындағы 1-Сібір полкіне қызметке тағайындалған, жүздікті басқарған. 1915-1917 жж. қарсылас тылында барлау және диверсиялық міндеттерді орындау үшін құрылған Сібір казак дивизиясының жеке партизандық жасағын басқарған. Омбыда Уақытша Сібір үкіметі құрылғаннан бастап, Сібір әскерінің 3-Орал армия корпусының құрамына кірген. Алтай өңірінің Славгородский уезінде көтерілістерді басуға және жазалау акцияларына қатысты. 1918 ж. 23 қазанда Жетісуда басып кіруге дайындығына байланысты Анненков жасағы Партизандық дивизияға ұлғайтылды. 1918 ж. желтоқсан басында Анненковқа Жетісу жіберілді. 1919 ж. соңында 2- Сібір далалық корпусының және Дутов құрамаларының негізінде құрылған Жетісу жеке әскерін басқарды. 1920 ж. 10 мамырда қытай шекарасынан өтіп, өкіметке берілді. 1921 ж. наурызда Гученде қытайлық ұстап, Үрімші к. түрмесіне отырғызды. 1924 ж. ақпанда босатылды. 1926 ж. 10 сәуірде Анненков Моңғолия арқылы Кеңес Ресейге жіберілді. 1927 жылы болған соттан кейін Семейде атылды.

¹⁶⁸ Симонов Д.Г. Семиреченский фронт в 1918 году: белогвардейские вооруженные формирования/Шр://2ашка.т/8игпопу-йчт1/

Капитан Тоқтамышевқа «Қазақ атты әскер полкін», бірақ «партизандық» мәртебесімен құру тапсырылды. 5-ші Сібір дивизиясының 1-ші Қазақ атты әскер полкінің құрамына кірмегендерді Тоқтамышев өз жасағына алды.

«Сарыарқа» газетіне (№ 65) тиісті бұйрық мәтіні жарияланды – «Приказ №180 атамана Анненкова об образовании 1-го Казахского полка из числа храбрых джигитов. Пункт 3. Приказываю капитану артиллерии Тохтамышеву, прибывшему в мое распоряжение, создать доблестный казахский полк, в который в первую очередь должны войти казахи, владеющие русским языком, а также организовать офицерское училище. Создание такого полка крайне необходимо для пополнения сил фронта. Да и пора исполнить горячее желание самих казахов, потому что всем известно, как рвутся они на фронт, чтобы там, грудью защищая родную землю, показать храбрость в уничтожении врага. Они намерены разгромить большевиков в Джетысу. Первый казахский полк организуется на принципах покорности, беспрекословного подчинения приказам, дисциплинированности. Выучка – по казачьему образцу. Желательно, чтобы храбрые джигиты не уклонялись от службы, а аксакалы и мырзы в аулах не препятствовали им идти на битву»¹⁶⁹.

Командир болып Тоқтамышев, орынбасары болып «Алаш Дала жасағы» 3-ші эскадронының бұрынғы командирі штабротмистр Высоцкий тағайындалды. Жүздіктер командирлері: 1-жүздіктің командирі – хорунжий Мартемьянов, 3-жүздіктің командирі – поручик Спасский, 4-жүздіктің командирі – подпоручик Сайфуллин Құрбанғали, міндетін атқарушы поручик Бобырев, шаруашылық бөлімнің бастығы – прапорщик М.Г. Шидловский болып тағайындалды.

¹⁶⁹ См.: Сейфулин С. Тернистый путь. – А., 1975. – С.279.

Сонымен қатар, Анненков полк құрамына Орал корпусынан бірге жүрген бірқатар татар және башқұрт офицерлері: штабс-капитан Нигматулов, поручик Сайфуллин Курбангали, Музафаров Абдулла, Эникеев Шахимарден, Негматулин Хатим, Мусагитов Вагап, Юнусовты қосты. Кейіннен олардың көпшілігінің шені жоғарылатылды.

Бірінші полк үшін қаражатты Семей қаласының барлық мұсылман бөлігі жинады. Бұған полк командирі Х. Тоқтамышевтың «Новое слово» газетіне хаты куә болады (№11, 1919 ж. 13 наурыз) – «В декабре месяце 1918 года по инициативе Атамана Анненкова между татарским и киргизским населением города Семипалатинска был произведен сбор на нужды 1-го Партизанского Конно-Киргизского полка. Собранные деньги в сумме 13 800 рублей полком получены и заприходованы приказом по полку от 1-го января 1919 г. за №25 п.2 и от 18-го февраля за №73 п.6. От имени полка, считаю своим долгом выразить глубокую благодарность, как сборщику атамана Анненкова партизану Жармухамеду Макину, так и населению, идущему на встречу нуждам полка»¹⁷⁰.

Сондай-ақ Алашорда көшбасшыларының жұбайлары Елена Бөкейханова мен Гүлбахрам Тынышбаеваның көмегімен қазақ және татар әйелдері қысқа уақыт ішінде полк әскерлеріне 1000 жейде мен жылы киім тігіп, сарбаздарды сүзек (тиф) эпидемиясынан аман алып қалды¹⁷¹.

1918 жылдың қазан айының аяғында Сібір әскерінің қолбасшысының бұйрығы бойынша 1-ші эскадрон Жетісу майданына жіберілді. Бұл туралы баспасөзде жазылған: «Проводы 1-го эскадрона Алашского полка. Третьего дня по

¹⁷⁰ Новое слово, 13 марта 1919 г.– №11.

¹⁷¹ Сарыарка, 16 апреля 1919 г.

телеграфному требованию командующего Семиреченскими войсками отправлен на фронт 1-й эскадрон 1-го Алашского степного конного полка. Это – первый, хорошо обученный и вполне снаряженный эскадрон, выделенный Алашским полком на фронт...». Алашорда өкілдерінің ұйымдастыруымен полк офицерлеріне арналған қоштасу кешінен соң, Анненковтың музыканттар отрядының шығарып салуымен эскадрон қаладан шығып кетті¹⁷².

«Сарыарқа» газетінің 1919 жылдың 6 ақпанындағы нөмірінде атаман Анненковтың Үржарда қазақ болыстарымен кездесуі суреттелген: «...Атаман Анненков проводил съезд, созвав руководителей народа (волостных). Из 12 волостей прибыли на съезд 5 человек... Атаман потребовал выделить по 10 человек от каждой волости для обучения военному делу. Когда атаман Анненков заявил, что хорошо знает достопочтенных руководителей казахского народа (вроде Алихана, Мухаметжана, Ахметжана и Жайнакова), тут все представители с радостью загудели: «Оказывается, вы знаете всех доблестных людей, которых мы чтим больше своих отцов. Если они скажут ложись, мы ложимся, если велят встать, то встанем».

Дегенмен Анненков, мынадай жайды да айта кетті: «Семиреченский казачий атаман Афонов¹⁷³ их ненавидит, говорит,

¹⁷² Воля народа. 1918, 30 ноября. № 37; Свободная речь. 1919, 27 февраля. 1918. См.: Аманжолова Д.А. На изломе. – С.222-223.

¹⁷³ Шамасы, бұл жерде Жетісу казак армиясының әскер атаманы – Ионов А.М. болуы мүмкін (02/02/1880-18 шілде 1950, Нью-Йорк, АҚШ). Генерал-майор (26.02.1918). Жетісу казактарынан, атаманның отбасында дүниеге келді. 2-ші Орынбор кадет корпусын, Константиновский артиллерия мектебін, Бас штаб академиясын (1908) бітірді. 3-ші атты (1898 жылы), содан кейін Түркістан атты артиллериялық батареясында, одан кейін – Жетісу облысы әскері штабында қызмет еткен. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Түркістан атқыштар бригадасы және 4-ші Түркістан атқыштар дивизиясының, 3-ші атқыштар дивизиясы штаб бастығы міндеттерін атқарған. 1917 жылғы шілдеден 2 Жетісу казак полкінің командирі. Верный қаласындағы Казак әскери шеңберінде Жетісу казак әскері атаманына сайланды (26.02.1918 ж.). Алайда, 2-ші Жетісу казактары полкінде большевиктердің ықпалымен көтеріліс орын алып, шеңбер бұзылған соң, атаман қамауға

что «они зря цепляются за автономию», а я лично верю этим доблестным гражданам! Афионов разжигает раздор между казахским и русским народами. Афионов не одобряет того, что я раздаю оружие казахам и организую казахские полки...»¹⁷⁴.

1919 жылғы 11 маусымда Партизан дивизиясы бойынша бұйрықпен 1-ші Партизандық казак полкінің негізінде 2-нші Қазақ полкі құрылды «как укомплектованный киргизами, переименовываю в 2-ой Конно-Киргизский Партизанский Полк». Командир болып есаул Николаев қалдырылды. Өкінішке орай, осы полк бойынша құжаттар әлі табылмаған.

1919 жылғы 11 маусымдағы сол бұйрықпен Алашорда көшбасшылары армандаған 1-ші және 2-ші Қазақ партизандық атты әскер полкінің¹⁷⁵ құрамында «Қазақ жеке бригадасы» құрылды. Командирі болып капитан Тоқтамышев 1-ші Қазақ партизандық атты әскер полкінің» командирі штаб-ротмистр Высоцкий¹⁷⁶ тағайындалды. Бригада штабы Семей қаласында болды¹⁷⁷.

Кейіннен Тоқтамышевқа полковник атағы берілді¹⁷⁸.

алынды (04.03.1918 ж.). 01.05.1918 жылы большевиктерге қарсы көтерілістен кейін қамаудан босатылды. Кейінірек, Ионов, соған қарамастан, әскери атаман лауазымынан Б.В. Анненковтың бұйрығымен босатылды. 14.05.1919 жыл Жетісу Жеке казак бригадасының командирі болып тағайындалды. 26.10.1919 жылы Владивостокқа жіберілді және стратегиялық резервтік құрылымдардың инспекторы жанында штаб бастығы болды. Эмиграцияда ол Қытайда, Жаңа Зеландияда, Канадада тұрып, РОВС бөлімін басқарған. Содан кейін ол АҚШ-қа (1923 жылдан бері) кетіп, Нью-Йоркте өмір сүрді, сол жерде Солтүстік Американың РОВС бөлімін басқарды.

¹⁷⁴ Сейфуллин С. Тернистый путь. – А., 1975. – С.347.

¹⁷⁵ РГВА. Ф.39711. Оп.1. Д.2. Л.75.

¹⁷⁶ Высоцкий Сергей Григорьевич, штабс-ротмистр, 1918 ж. маусымынан бастап 1-Алаш далалық атты әскер жасағының (полкінің) 3-эскадронының командирі болды. 1918 ж. қазанда 5-Сібір атқыштар дивизиясына кірді. 1-Партизандық Қырғыз атты әскер полкі командирінің көмекшісі (1918, желтоқсан). 1-партизандық Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, маусым).

¹⁷⁷ РГВА. Ф.39711. Оп.1. Д.2.

¹⁷⁸ РГВА. Ф.39930. Оп.1. Д.1. Л.21.

1919 жылғы қыркүйекте «3-ші Қазақ партизандық атты әскер полкі» құрылды. Командирі болып Үшарал гарнизонының бастығы, алаш жүздігінің командирі поручик И.Л. Белянин¹⁷⁹ тағайындалды. Полк командирінің көмекшісі болып есаул Мартемьянов, 1-ші жүздік командирі болып С.В. Сололихин тағайындалды.

Қазақтар тек әскери бөлімдерге ғана емес, сонымен бірге көліктік батальонға қызмет көрсетуге де қатысты. 2-ші Дала Сібір корпусының №217 бұйрығына сәйкес, әскери Түйе артыпалы көлік батальонына қызметке қазақтар тартылды. Олар «население с собственными лошадьми и седлами с платой им, как добровольцам, и с довольствием от казны, как людей, так и лошадей». Бұл жұмысқа тартылғандар «будут получать 60 рублей жалования за месяц, семейные кроме того 100 рублевый паек. Довольствие самого киргиза и его лошади будет производиться натурой без замены деньгами. Каждый отбывающий службу получает обмундирование по времени года, при чем, если прослужит полный срок 6 месяцев, то при уходе домой получает состоящее на нем обмундирование в собственность, жалование киргизам специалистам 90 рублей в месяц и все остальное, перечисленное выше»¹⁸⁰.

Ақ әскерлер құрамында полк молдасының болуына ресми түрде рұқсат етілгенін атап өткен жөн. Бұл жөнінде Корпус бойынша арнайы бұйрық қабылданды: «Для удовлетворения религиозно-нравственных нужд джигитов киргизских полков, разрешаю пригласить лиц мусульманского

¹⁷⁹ Белянин Иван Лаврентьевич, поручик, 22- Түркістан атқыштар полкі (1917) 4-дәрежелі Св.Георгий ордені (1917). Стефановский (Үшарал) гарнизонының бастығы, алаш жүздігінің командирі (1919, нарыз), 3-Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, қыркүйек). 1920-1921 жылдары полковник атағымен Лепсі уезінің аумағында жасақтарды басқарды. Жетісуға жорық кезінде бірнеше офицерлерімен бірге чекистер ұрлап кеткен, ал оның жасағы 1921 жылғы мамырда талқандалды, қалғаны жартылай Қытайға кеткен. Атылды.

¹⁸⁰ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д. 161. Л.139-140.

духовенства (мулл) с отпуском на их содержание средств из казны».

2-ші Өскемен партизандық казак полкінің құрамында полковник П.И. Виноградскийдің¹⁸¹ басшылығымен «4-ші казак жүздігі» (3 офицер, 145 казак) қызмет етті. Осы жүздік станица қоғамы тарапынан казактыққа қабылдаған және өздерінің жеке аттарымен, ер-тоқымдарымен, қаруымен ерікті түрде полкке қосылған қазақтармен жасақталған¹⁸². Полк атаман Анненковтың Партизандық дивизиясының құрамына енген және Жетісу майданына белсенді қатысып, атаманмен бірге Қытайға шегінді.

Манчжур атты әскер бригадасында полковник Яо Тай Джудың қолбасшылығымен Қазақ-Қалмақ атқыштар полкі болды (ол Құлжалық казак және калмақтардан құралған).

Атаман Анненков, негізінен, 3 Қазақ атты партизан полкі мен Бірінші Іле тараншы полкін біріктіріп, олардан Жергілікті дивизия («Туземная дивизия»)¹⁸³ құруды жоспарлаған болатын.

Құжаттар көрсетіп отырғандай, Анненков казак полкін жоғары бағалаған. Атаман осы жағдайға қатысты жоғарғы басшылықтың бұйрығына мойынсұнбаушылық танытқаны назар аударарлық жәйт. Анненков 1919 жылы 2-нші және 3-інші казак полктерін құра бастағанда, корпус басшылығы

¹⁸¹ Виноградский П.И. (1875 ж. туылған, Санкт-Петербург губ). Полковник (1919 жылғы 22 мамырдан бастап). Павлодарлық уездік әскери басшы. 1918 жылдың сәуір айынан бастап Өскеменде астыртын ұйым және көтеріліс көшбасшысы. 1918 жылдың 10 маусымынан бастап қаланың және округтің әскери комиссары, 1918 жылғы 29 тамыздан бастап гарнизон басшысы, 1919 жылы 2-ші Далалық корпусының Өскемен қаласы мен көрші уездері бойынша әкілетті офицері, 2-ші Өскемен казак партизан полкінің командирі, Жетісу майданында бригаданы басқарады. 1919 жылдың күзінде бригаданы талқандаған соң, отбасымен Қытайға қашып кетті. 1921 жылы Шәуешекте тұтқынға алынды.

¹⁸² В.А.Шулдяков. 2-й Усть-Каменогорский Партизанский казачий полк Партизанской дивизии Атамана Анненкова // ЭСТК-2011. XII Международная научно-практическая конференция. Сб.ст. – Барнаул, 2011.

¹⁸³ РГВА. Ф.39711. Оп.1. Д.2. Л.191.

Қызыл Әскер шабуылға көшкен Батыс майданға 1-ші және 2-ші қазақ полктерін жіберу туралы шешім қабылдаған. Оған атаман мүлдем қарсы болды. Бұл жерде өз дивизиялары құрамында құрылған қазақ полктеріне бұйрық беру құқығы тек өзіне ғана тиесілі деп санаған Анненковтың ұстанымы назар аудартады. 1919 жылғы 15 маусымдағы штабкор подполковнигі Зезинге тікелей байланысу мен жеделхат мәтініне назар салар болсақ, атаман Анненковтың батыс майданда полкті жөнелтуден және Ярушина бригадасы құрамына қосудан бас тартқандығын түсінеміз. Сонымен қатар, егер де басшылық қатаң түрде талап ететін болса, ол бұл құрамдарды таратып жіберетіндігін мәлімдеген: «Части как составные дивизии включены в бригаду Генерала Ярушина не будут. Генерал Ярушин может сам сформировать. Добавляю, что части эти сформированы трудами и средствами дивизии и корпус имеет к ним весьма далекое отношение»¹⁸⁴.

Ал жабдықтаудың қысқаратындығы туралы ескертулерге қатысты «Могу Вас успокоить и на счет всякого рода снабжений. Снабжать их мы будем сами, видя по предыдущим снабжениям, что для Корпуса эта задача не сильна. Прибывающие туземцы поступают на пополнение некомплекта в конных частях, как на это соизволил дать разрешение Комкор» деп кесіп айтқан¹⁸⁵.

* * *

1919 жылы Шыңжаң саудагерлері (басым бөлігі татарлар, өзбектер және ұйғырлар) мен Уақытша үкіметтің консулдары (Үрімші, Құлжа, Шәуешек) арасында Шыңжаңның солтүстігінде әскери жасақтар құрып, оны Құлжа тарапынан

¹⁸⁴ РГВА. Ф.39711. Оп.1. Д.2. Л.192.

¹⁸⁵ Там же.

Жаркент пен Верныйға, яғни Жетісу майданының¹⁸⁶ бір бүйірінен соққы беруге пайдалануға қатысты жоспар жасалынды. Осындай ұсыныспен майдан қолбасшысы Б.В. Анненковқа Жаркенттегі Уақытша үкіметтің бұрынғы комиссары Воробчук шыққан болатын. Анненков жедел түрде Құлжаға полковник Сидоровты аттандырды, ол бірден отрядты ұйғырлар, дүнгендер мен казактармен толықтыру жұмысына кірісіп кетті.

Воробчук пен Құлжа көпесі Юнусов осы ұсыныспен Сергиопольге, Семейге және Омбыға аттандырылды. Ол жерде Колчактың қабылдауында болған. Колчакқа бұл ұсыныс ұнағаны соншалықты, ол дереу Құлжаға бригаданы құру үшін кадрлық офицерлерді жіберу туралы тапсырма берген. Семейден подполковник Брянцев (Розе) штабымен жіберілсе, ал Омбыдан Жоғарғы билеушінің жеке уәкілі – генерал-лейтенант Карцев аттандырылды, ол Құлжалық тараншыларға Колчактың «малому по количеству, но великому по духу народу» деген сәлемдемесін ала келді¹⁸⁷.

Бұл жобаға Жетісу облыстық комиссар қарсы болды. Ол Сібір үкіметінің Ішкі істер министріне жолдаған хатында былай деп атап өтті: «С прибытием 5-ой дивизии и сосредоточения Партизанского отряда Атамана Анненкова, полагаю, что Россия и сама справится без посторонней помощи в освобождении от большевиков и установления правопорядка и не даст возможности Китаю в будущем, опираясь на этот случай, выговаривать себе ту или иную привилегию»¹⁸⁸.

Дегенмен Брянцев Құлжалық және Текестік деп аталатын екі полк, ал полковник Сидоров 400-500 адамнан тұратын екі дивизион құрды. 1919 жылдың шілде-қыркүйек айларында

¹⁸⁶ Петров В.И. Мятежное «сердце» Азии: Синьцзян. – М., 2003. – С.282'

¹⁸⁷ ГАРФ. Ф. 10073. Оп. 2. Д. 589. Л. 1.

¹⁸⁸ ГА АО. Ф.772. Оп.1. Д.35. Л.6.

Сидоров пен Карцевтің әскерлері бірнеше рет Қытай жерінен кеңестік территорияға өтіп, шағын большевиктер топтарын жойды. Сонымен бірге Пржевальск пен Жаркентті қоршауға алып, Пржевальск уезінің көтеріліске шыққан казактары мен шаруаларының Қытайға шегінуіне мүмкіндік жасады және де Солтүстік Жетісу майданындағы қызылдардың күшін әлсіретті.

1919 жылдың 14-15 қарашасында Черкасск қорғанысы құлаған соң, полковниктер Сидоров пен Брянцевтің бөлімшелері қызылдар билігіндегі Жетісу жеріне үш бағыт бойынша шабуыл жасауға тырысты: 1) Жаркентке Қорғас тарапынан; 2) Добын мен Подгорноеға Қалжат тарапынан; 3) Пржевальскіге Нарынқол жағынан.

Сидоров қосындары Қорғаста, Басқұншақ пен Тышқанда мықты бекенген болса, Брянцев Добын, Подгорное мен Шонжыны басып алып, 1920 жылдың қаңтарына дейін ұстап тұрды¹⁸⁹.

1920 жылғы 1 қаңтардағы шұғыл ақпараттарға сәйкес Жаркент-Пржевальск бағыты бойынша бірнеше бөлімшелер әрекет етті:

1. Құрамында Текес атты әскері (полковник Петров) мен Жетісу жаяу (Пластунский) полкі бар Жеке атқыштар бригадасы, штабы Құлжада (комбриг полковник Брянцев);

2. Полковник Сидоровтың Партизан дивизиясы, құрамында екі тараншы (ұйғыр), алаш және казак жүздіктері, есаул Сапожниковтың және капитан Бредихиннің бөлімшелері мен қосымша көмекші бөлімдер болды¹⁹⁰.

Табылған мұрағат құжаттары бойынша Құлжа қаласындағы бөлімшелерді құруда Алашорданың Жаркент уездік кеңесінің

¹⁸⁹ Ивлев М.Н. Гибель Семиреченского казачьего войска (1917-20 гг.). Страницы истории // Альманах «Белая гвардия», №8. – М., 2005. –С. 225-235.

¹⁹⁰ Петров В.И. – С.282-283.

төрағасы Т. Есенғұлов¹⁹¹ пен кадрлық офицер, Нарын уезінің бұрынғы комиссары, Алашорда үкіметі мүшелігіне үміткер капитан Бекімов Молданияздың белсене қатысқаны белгілі болды. Полковник Сидоровтың бұйрығы бойынша Бекімовтің капитан шені казактық есаул шеніне «өзгертіліп», Сидоровтың аталған дивизиясының¹⁹² Штаб басшысы қызметін атқарды. 1919 жылдың желтоқсаны мен 1920 жылдың қаңтары аралығында әскери старшина (подполковник) шенінде Жаркент қаласына шабуыл жасауды басқарған¹⁹³.

Түркістан әскері штабына бағытталған 1919 жылдың 22 желтоқсанындағы барлау деректері және жансыздар мен сатқындардың мәліметтері бойынша былай делінген: «в отряде полковника Сидорова (с.Алтыу) Алашская сотня разделена на две отдельные полусотни, первая численностью 65 всадников командует прапорщик Минеев, имеется винтовок «Бердан»; вторая численностью 48 всадников офицер Степанов. Имеется таранчинская сотня под командой штабс-капитана Швагина 80 всадников; 2-ая сотня под командой прапорщика Мухамедова»¹⁹⁴.

Сонымен қатар, сатқындардың айтуынша, Сидоров штабының туы жасыл түсті, ақ бассүйек суреті мен «С нами Бог» жазуы бар, ал артқы жағында ақ түсті жарты ай мен жұлдыз және мұсылманша «Алаш» деген жазу

¹⁹¹ Есенғұлов Тубек Есенғұлұлы. Жетісу облысының Пишпек ауданындағы Шу болысында дүниеге келген. 1888 жылдан 1896 жылға дейін Верный ерлер гимназиясында оқыды. 1896-1897 жылдары Пржевальский уездінде Мариин Дунган мектебінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1897-1902 - Қазан ветеринария институтының студенті. Оқуды бітіргеннен кейін, Жаркент қаласында дәрігер болып жұмыс істеді, ауылдық округтің дауысы, колледж кеңесшісі. 1922 жылы ол Алматыға көшіп келді. Алғашқы ветеринарлардың бірі, ветеринария бөлімінің менгерушісі, содан кейін - Түрксиб желілік ветеринар дәрігері. 1930 жылы қайтыс болды.

¹⁹² РГВА. Ф.110. Оп.3. Д.1301. Л.74, 154.

¹⁹³ РГВА. Ф.111. Оп.3. Д.105. Л.20; Ф.39711. Оп.1. Д.2. Л.402.

¹⁹⁴ РГВА. Ф.111. Оп.3. Д.81. Л.163. Қасымхан Мұхамедов, кейін қызылдар жағына өтті (ЧК), 1922 жылы полковник Сидоровты өлтіруге қатысты.

болған. Офицерлер мен казактардың погоны мен бас киімдерінде қызыл үш бұрыш болса, тараншыларда жасыл, ал алаштықтарда ақ түсті болған. Алаш жүздіктерінде ақ жарты ай мен «Алаш» жазу бар төсбелгі де болған.

Бір айта кетерлігі мұндай белгілер басқа негізгі Алаш бөлімшелерінде (5-інші дивизия мен Анненковтың партизан дивизиясы) кездеспейді¹⁹⁵, тек Сидоров отрядында ғана болғандығы айтылған. Бұл, негізінен, Құлжадағы мұсылман бөлімдерінің құрылуы татар, өзбек және тараншы саудагерлерінің қаржылай қолдауы себебінен болуы мүмкін.

Полковник Сидоров атаман Анненковқа жазған хатында Құлжалық саудагерлердің жеке бастамасымен ұйымдастырылып, айтарлықтай көлемде ақша жинауы туралы «русскоподанные татары, сарты и таранчи в дружном единении, под общим руководством вашего превосходительства, в переживаемый момент проявили полное понимание обстановки, и делу организации местных военных сил оказывают широкую и планомерно организованную помощь» деп жазды. Хатқа демеушілердің аты-жөндері жазылған тізім қоса жіберілді:

«Товарищество «Экспорт и импорт» – 104 000 руб.;

Товарищество «Тянь-Шань» – 70 000 руб.;

Г-н Тазетдинов – 70 000 руб.;

Г-н Юничев – 50 000 руб.;

Г-н Фахрутдинов – 50 000 руб.;

Г-н Ибрагимов – 15 000 руб.;

Братья Алдагаровы – 30 000 руб.;

Всего – 409 000 руб.»¹⁹⁶.

Қызылдар тыңшыларының мәліметінше, Сидоров

¹⁹⁵ Мақалада (Свободная речь, 1918, №165) 1-ші Алаш отрядының Семейге келгенде «туларында қазақ тілінде «Бүкілресейлік және Сібірлік құрылтай жиналыс жасасын!», «отанның адал ұлдары жасасын» деген ұрандар жазылып тұрды делінген.

¹⁹⁶ АП РК. Ф. 811. Оп. 24. Д. 161. Л. 125-126. Көшірме.

дивизиясының негізгі мақсаты – «взять Джаркент и двигаться на г. Верный»¹⁹⁷.

Алаш жүздіктерінің құрылу тарихы

Жетісу облысының аумағында 1917 жылдың соңынан бастап Жетісу казак әскерінің қарулы құрамасы мен қызыл жасақтар арасындағы күрес үздіксіз жүріп жатты. 1918 жылғы мамыр айының соңында қызылдар Верный қаласымен түйіскен казак станицаларын «контрреволюциялық ошақтар» деп жойды. Бірақ жекелеген көтерілісшілер топтары Қытай аумағында жасырынып немесе солтүстік Жетісуға өтіп үлгерді. Төніп келе жатқан қауіпке байланысты 1918 жылғы тамыз айының басында жергілікті жерлерде өзін-өзі қорғау жасақтарын құру белсенді түрде жүргізілді, оларды құру шараларын қамтамасыз етумен Алашорда айналысқандықтан, олар «Алаш әскері» деп аталды.

Солтүстік Жетісудағы «контрреволюцияны» толықтай жою үшін 1918 жылғы маусым айының басында Верный қаласынан 1,2 мың жауынгерден тұратын И.Е. Мамонтовтың қызыл гвардия жасағы жіберілді. Жергілікті казактар мен Алашорда өкілдері Үржар бекетінде Құтқару комитетін¹⁹⁸ құрды, олар келе жатқан жауға қарсылық ұйымдастыруға дайындалды.

Шәуешек қаласындағы Сібір үкіметінің Консулы Долбежев¹⁹⁹ Омбыға Мамонтовтың Үржар казактарына 1918

¹⁹⁷ РГВА. Ф.111. Оп.3. Д.81. Л.163.

¹⁹⁸ 1918 жылы 28 мамырда Үржарда үш адамнан тұратын – казактардан О.Әлжанов, шаруалардан - И.А. Суменко, казактардан - В.В. Калугиннен «Уақытша диктатурасы» құрылды. Үржар ауданындағы барлық билік оларға «большевиктерге қарсы күресу үшін» және «тәртіпті және билікті орнату жөніндегі дереу шаралар қабылдауға» берілді.

¹⁹⁹ Долбежев В.В. (1873-1958) - Қытайдағы Шәуешек қаласындағы Ресейдегі консулы. Азаматтық соғыс кезінде ол Сібір Уақытша үкіметіне қолдады және көмек көрсетті, АҚШ-қа қоныс аударған.

жылдың 18 маусымында жазған жеделхатының көшірмесін жіберді, онда: «Иду с карательным отрядом и ни с чем не считаюсь. Прошу передать мое приказание станице Урджар, чтобы сложили оружие, не исполнять мое приказание, то постигнет их участь как станицы Тастак, Каскелен и Малой станицы. Не останавливаясь не перед чем, из ст. Урджар не оставлю камня на камне, кому жизнь дорога уходи с дороги. Начальник партизанского отряда Мамонтов»²⁰⁰. 1918 жылғы 29 маусымда Құтқару комитетінің мүшелері Отыншы Әлжанов²⁰¹ және Иван Суменко²⁰² Дала Сібір корпусының штабына, Жетісу әскер атаманына және Алашордаға мынадай телефонограмма жіберді: «В Верненском уезде совершенно уничтожены станицы Малая, Большая, Каскелен, Тастак, некоторые киргизские, старожильческие селения. Большая часть населения без различия полов, возраста вырезана большевиками. Беженцы по дороге расстреливаются. По декрету облсовета казаки лишены звания, земли и общественных прав и киргизы ограничены в правах»²⁰³ дейді. Олар Үржарға қарсылық көрсетуге бара жатқан Мамонтовтың жасағына қарсы тұруға жедел көмек көрсетуді сұрады.

«Русская армия» газетінде редакциялық атауы «Е.С.» атты автор Алаш отрядтары туралы мақала жариялады, онда Алаш

²⁰⁰ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114. Л.10.

²⁰¹ Әлжанов Отыншы. 1873 жылы Семей облысының Зайсан уезінде туған. Зайсанның орыс-қазақ училищесін (1887), Омскідегі мұғалімдер семинариясын (1894) бітірген. 1894-1895 жылдары - Генерал-губернатор кеңесінің іс жүргізушісі болған. 1895-1907 жылдары - Акмола облыстық сотының аудармашысы болған. Ал 1907-1909 жылдары - Көкпекті қаласында қазақ-орыс училищесінің жетекшісі болған. Босқындардың еркіне қарсы шыққан, 5 жылға Жетісу ауданының Лепсі уезіне айдауға кеткен. 1917 жылы Лепсі уезі комиссарының көмекшісі болып тағайындалды. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Алаш орда үкіметінің мүшесі болып сайланды. Большевиктермен соғыста қаза тапты.

²⁰² Суменко Иван - Захаровск уездінің төрағасы (1917), Бахтинск учаскесінің Уақытша үкіметінің комиссары (1918-1919). Үржар ауданы бойынша құтқару комитетінің мүшесі шаруалардан (Г.А.А., Ф.772, оп.1, д.52., Р.2).

²⁰³ РГВА. Ф.39498. Оп.1. Д.8. Л.1-2.

жүздіктерінің ақ әскер құрамына қосылу барысы жазылды. «С самого начала военных действий в Семиречьи, с самого начала этого похода против большевиков живейшее участие в нем приняли местные киргизы. Появились эти новые вояки после взятия группой капитана Виноградова Сергиополя и в первое время вызвали немало толков и шуток. Правда, зрелище они являли собой необычное. Этих солдат, добровольно выступивших против общего врага, в своем живописном одеянии с островерхими тумачами на головах, на своих неприглядных, но удивительно выносливых и как будто специально для походов созданных лошадаках – могло породить только это переживаемое нами время.

После взятия Сергиополя киргизы определенно зарекомендовали себя. Конечно, не могли они быть в цепи наступающих... Потому не могли быть, что с голыми руками нечего там делать. Кроме «суйюла» (суйюл – род пики: палка с зубом бороны на конце или обломком железной вилы) ничего не было. Не могли они идти на приступ, но все, кто был в отряде капитана Виноградова, подтвердят, что делали тогда добровольцы – киргизы. Они взяли на себя труд ловить разбежавшихся после взятия нами Сергиополя красных. Много их привели они к капитану Виноградову и не мало, наверное, осталось красных лежать в степи. Помогая правительственным войскам, киргизы вместе с тем, мстили красным за все те ужасы, которые они видели от них. Со времени взятия Сергиополя киргизы всюду идут за нашими отрядами и как могут помогают... Они участвовали в бою под Маканчами, где погиб капитан Виноградов, затем под Бахтами. Всё с теми же суйюлами. И наконец, на них обратили внимание. Учли все, что могли дать эти новые вояки»²⁰⁴.

²⁰⁴ Русская армия, 20 мая 1919 г.

Жетісу отряды штабының басшысы подполковник Лиханов былай деп түсіндіреді: «возникновение Алашских сотен среди местного туземного населения вызвано было необходимостью самообороны против насилий со стороны двинувшихся из Верного красных, которые на пути своем убивали киргиз, угоняли их скот, грабили другое имущество. Соорганизовавшиеся в группы киргизы, вооружались сначала баканами, насаживая на них самодельные пики, действовали против красных самостоятельно, но потом с выступлением Семиреченских казаков против Советской власти, киргизские отряды начали присоединяться к последним, получая иногда от них в небольшом количестве холодное или огнестрельное оружие.

Таким образом, мало по-малому у киргиз получились сотни. Недостаток правительственных войск и сильные натиски красных в июле с.г. заставили пользоваться услугами киргиз. Полезная служба киргиз в сфере разведки и даже в боях, как об этом заявляли начальники наших отрядов, при малой подаче войск из Сибири, заставили прибегнуть к сформированию 2-х алашских сотен – Сергиопольский и Бахтинский и полусотни Урджарской, формируется теперь Копальская сотня»²⁰⁵.

Ақ әскердің басшылығы қазақтарды еріксіз әскери қызметке жұмылдырудың 1916 жылғы көтерілістің қайталануын сипаттайтын салдарға алып келуі мүмкін екенін түсінді. Әрі қазақтардың көпшілігі бөтеннің барлығына, оның ішінде «ақтар» мен «қызылдарға» сенімсіздікпен қарады. Қазақтар өздерінің жергілікті интеллигенция өкілдерін, Алашорда үкіметінің өкілдеріне құлақ асты. Олар өз тегінен болса көбірек сенетінін де мойындамауға болмайды. Орыс офицерлердің өздері де «не следует привлекать киргизов на

²⁰⁵ РГВА. Ф.39615. Оп.1. Д.18. Л.30.

военную службу путем обязательного призыва; это может вызвать недоразумение, подобное тому, такое произошло в Туркестане в 1916 году. Добровольцев среди киргизов найдется не мало, особенно если их обеспечить жалованьем и довольствием, но инициативу этого дела надо предоставить самим киргизам. У киргизов есть свои народные вожди и влиятельные лица из родовой киргизской знати, которые и до сих пор пользуются у них уважением и популярностью»²⁰⁶.

Алаш әскери құрылымдары (отрядтар, жүздіктер) шын мәнінде тұрақты емес әскер болатын²⁰⁷. Қазақтардың әскери дайындығы өте қиын жағдайда өтті. Кейбір әскери нұсқаушылар шақырылған жігіттердің әскери қызметке сәйкес келмейтіні жөнінде шағымданған. Мәселе нұсқаушылардың қазақ тілін білмеуіне және тиісінше қызметке шақырылған жігіттердің орыс тілін білмеуіне байланысты ушыға түсті. Оның үстіне Алаш бөлімінде қызмет ету әрқашан дерлік халықтың қызығушылығын тудырмады. Бақты өзін-өзі қорғау бастығы, прапорщиктің 1918 жылғы 19 тамыздағы Жетісу жасағының командирі полковник Ярушинге жазған хатында өз қарамағындағылар туралы былай деп шағымданады: «алашевцы мало соответствуют своему назначению, так как приняты были без разбора всех, каких представили волостные, которые постарались спихнуть в алаши самых бедных и большею части ни на что не способных, а не только владеть оружием, как например, пастухи баранов так называемые «койчи» или старики в возрасте от 43 лет и до 50 каковых у меня трое». Сонымен қатар ол «о командировании двух урядников

²⁰⁶ Русская армия, 15 марта 1919 г. – №53.

²⁰⁷ Тұрақты емес әскер (латынның – irregularis дұрыс емес) –өзінің ұйымдасуы, қалыптасуы, әскери қызметті өткеруі, оқылуы, тәртібі, киім үлігісі бойынша әдеттегі әскерден айтарлықтай ерекшеленетін нақты және тұрақты ұйымы жоқ әскер. Олар өз беттерімен жабдыкталған, қаруланған және жылқымен қамтамасыз етілген.

хорошо знающих киргизский язык», так как «я абсолютно не могу с ними объясниться, что усугубляет невозможность управлять ими и не достигается цель их назначения». «Если же этого сделать нельзя, то я убедительно просил бы освободить меня от этой должности и отправить в один из действующих против большевиков» деген өтініш білдірді²⁰⁸.

Алаш әскерін құрумен Алашорда Жетісу облыстық кеңесі Шәуешек қаласында Сібір үкіметінің консулы Долбежев және Жетісу облыстық басқарушысы Балабановпен²⁰⁹ бірлесе отырып айналысты. Тікелей әскери қызметке шақырумен жергілікті болыстық атқарушы комитет арқылы жергілікті уездік кеңес айналысты. Әскерге жұмылдыруға жататын жігіттер толық киім-кешегімен, ал аттар толық ат-әбзелімен қабылдау пунктіне ұсынылуы тиіс болды. Жүздіктер құрылғаннан кейін еріктілер ретінде ақ әскердің тұрақты және партизандық қосындардың құрамына «Сібір казак полкінің штаты» бойынша кіргізілді және барлық ризық түрлері (азықпен, шаймен, темекімен және ақшалай қамтамасыз ету) берілді. Еріктілер ретіндегі жүздіктегі қызметке бойдақтарға айына – 60 рубль, үйленгендерге – 160 рубль төленді.

Мұрағаттан алынған құжаттардан біз Жетісу майданында құрылған алғашқы Алаш жүздігінің келесі командирлер тізімін анықтадық:

Кольц Н.Д., штабс-капитан, «Сергиополь жүздігінің» командирі,

Гилев, подъесаул, «3-ші Сергиополь Алаш жүздігінің» командирі,

²⁰⁸ РГВА. Ф.39615. Оп.1. Д.42. Л.42

²⁰⁹ Балабанов Василий Васильевич (1873—1947) - Уақытша үкіметтің комиссары. 1873 жылы Бахмут қаласында дүниеге келген. Жетісу облысы комиссары көмекшісі, Облыс басшысының уақытша м.а. (1917 ж. желтоқсан). Басқарушы (Сібір үкіметімен тағайындалған және А. Колчак мойындаған), орталық - Сергиополь, Лепсі, Үржар. 1920 жылы ол Қытайға көшті. 1926 жылы ол Канадаға қоныс аударған. Ол 1947 жылы Ванкуверде қайтыс болды.

Ступин, прапорщик, «Алаш жүздігінің» командирі,
Полторацкий, есаул, «1-ші Бақты Алаш жүздігінің»
командирі,
Легостаев, хорунжий, «2-ші Үржар Алаш жүздігінің»
командирі,
Лютик, штабс-капитан, «Ақсу Алаш жүздігінің»
командирі,
Белянин И.Л., поручик, Үшарал алаш жүздігінің командирі,
Хлыновский, аға урядник, «Сергиополь алаш жүздігінің»
командирі»

Жүздікті құру тәртібі жоғарыда көрсетілген тәртіппен белгіленген: «Әскери кеңес құру туралы» Алашорданың 1918 жылғы 11 маусымдағы қаулысына сәйкес өңірлерде облыстық және уездік әскери кеңестер құрылды, «оларға большевиктермен күресу үшін жігіттерді әскерге шақыру тапсырылды». Алашорданың облыстық кеңестері «Алаш әскерін құру үшін жігіттерді әскерге шақыруға» уәкілеттік етті. Семей және Жетісу өңірінде алаш жүздігін құрғанымен «Алаш» партиясының көшбасшылары мен белсенділері – Отыншы Әлжанов, Садық Аманжолов, Ибрагим Жайнақов, Рамазан Марсеков, Базарбай Мәметов, Нүсіпбек Жакыппаев, Жұмахан Күдерин, Қожамсейіт Ниязов, Кеңсебай Үмбетбаев, Мырзахан мен Керімбай Төлебаевтар және басқалар белсенді түрде жұмыс істеді.

Жетісудағы Алаш бөлімшелері

Милицияда, сол сияқты алаш әскери бөлімдерінде қызмет ету қажеттілігі туралы шақыртумен «Алаш» партиясының белсенділері айналысты. Арнайы парақшалар шығарылды, патриоттық әндер, өлеңдер шығарылды, «Қазақ» және

«Сарыарқа» газеттеріне мақалалар жарияланды. Әскери бағыныштылықпен қамтылмаған және қатардағы бөлімдерде қызмет өткермеген жас қазақтардың көпшілігі үшін милициядағы қызмет жат болды.

Алаш бөлімдеріне қатысушылар тізімінің бір бөлігі Қазақстан мен Ресейдің мұрағат қорларынан табылған құжаттар негізінде қалпына келтіру біздің негізгі мақсатымыз. Олардың ұрпақтарының көпшілігі ата-бабалары қолына қару алып, өз жерін большевиктерден қорғаған Алаш әскерінің жауынгерлері болғанын білмейді. Қазақтың жас жігіттері алаш бөлімдеріне Алашорда көшбасшыларының және белсенділерінің шақыруы бойынша, Алаш идеясына және өз көшбасшыларына сеніп барды. Әскери қызметке «қызыл террордан» сақтану мақсатында, жаңа биліктен қорыққандарынан да барып жатқандар болды. Кейбіреулері қызыл жазалаушы жасақтардың²¹⁰ қолынан қаза тапқан жақындарының өлімі үшін кек алу ниетімен, басқалары ақша табу үшін материалдық мүддемен барды. Әскери қызметтен жалтару және жұмылдырудан бас тарту жағдайы да болды. Дұрыс тамақтанбау, киім және аяқ-киімнің болмауы, ауру мен жоқшылық жігіттердің жасақтардан өз ауылдарына қашуға мәжбүрледі. Алашорда оларды қайтаруға және алғашқы жұмылдыруды қамтамасыз етпеген болыстардан қайтадан жұмылдыруды жүргізуге билік етті²¹¹.

«Ақ әскер» мұрағаты қорында әскерлер мен офицерлердің тізімі көрсетілген Алаш бөлімдері құжаттарының шамалы ғана бөлігі сақталғанымен, жігіттерді әскерге кім шақырғаны, бөлімдерді кім қалыптастырғаны жөнінде ешбір мәлімет жоқ. Белгіленген тәртіпке сәйкес және Алашорда мен Сібір

²¹⁰ ЦГА РК Ф.109. Оп.1. Д.15. Л.78-79.

²¹¹ Аманжолова Д.А. На изломе. – С.212.

үкіметі арасындағы уағдаластық бойынша жұмылдырумен және бөлімдерді құрумен тікелей «Алаш» партиясының көшбасшылары және белсенділері айналысқан. Құжаттардың болмауына байланысты, әр алаш жүздігін, эскадронын, жасағын, полкін құрудың басында кім тұрғаны туралы мәлімет жоқ. Тек сол кездегі газеттердің жекелеген үзіндісі, естеліктер мен құжаттардағы сирек жазбалар ғана бар қажетті мағлұмат береді. Жетісудағы жекелеген алаш бөлімшелері бойынша сталиндік репрессия кезіндегі қылмыстық іс материалдары, жекелеген мақалалар мен естеліктер ақпарат көзі болып табылады.

Жетісудағы Алаш полкінің тарихы да барлық өңірлердегідей милиция жасақтарын құрудан басталды. 1918 жылы Верный қаласындағы алғашқы Жетісу облыстық казак съезінде милиция жасақтарын құру туралы мәселе қаралды. Алашордалық милицияны құру И. Жайнақовқа, О. Әлжановқа және С. Сатылғановқа тапсырылды. О. Әлжанов Лепсі уездік комиссардың орынбасары ретінде уездік милиция құру үшін қаражат бөлу туралы өтінішпен Шкапскийге ресми түрде жүгінген. М. Дулатовтың естелігінде Шкапский қазынадан 500000 бөлгенін, оны Әлжанов Лепсі қазынашылығына тапсырып, оны кейін большевиктер ұрлап алып кеткенін айтады²¹².

О. Әлжановтың басшылығымен Лепсі уезінің милиция жасағы базасында шамамен құрамында 300 әскері бар Алаш жасағы құрылды. Алайда қару-жарақ пен әскери киім-кешектің жетіспеуіне байланысты жасақ қызылдардың Мамонтов басқарған жасағымен тікелей соғысқа шықпаған және Мақаншы мен Бақты жаққа шегінген. Жасаққа жас казак гимназистері, орыс тілін білетін мұғалімдер тартылған,

²¹² Қазақ, 5 сентябрь 1918 ж. – №263.

бірақ әскери нұсқаушылар болмаған. Әлжанов өз жасағымен Бақтыға келген соң, онда жергілікті казактардың қолдауымен жауынгерлік дайындықтан өткен. Шәуешектегі консул Долбежев Құлжадағы консул Любаға²¹³ былай деп хабарлаған – «Урджарском районе киргизы, казаки и старожилы крестьяне организуют вооруженную силу для уничтожения большевиков в Лепсинском уезде и недопущения прибытия большевиков из Верного»; «Передайте Джайнакову и Дюсебаеву – Альджанов прибыл в Бахты, где принимает активное участие в боях с большевиками»²¹⁴. 9 шілдеде қызылдар Бақтыны жаулап алды, осыған байланысты барлық жасақтар шекарадан өтіп, Қытай жағында шекара маңына жайғасты.

Шәуешектегі консул Долбежев Сібір үкіметін қалыптасқан жағдай туралы ақпарат беріп және әскери құрамаларды ұстау үшін қару-жарақты сұратты: «В виду отсутствия артиллерии и недостатка офицерского состава Комитета спасения после боя с отрядами большевиков окончательно отступили. Казачьи отряды сберегая свои силы ожидая помощи от Сибирских казаков и отрядов из Семипалатинска отошли в Тарбагатайские горы, киргизские отряды отступили в горы по разным направлениям»²¹⁵.

Сібір әскерінің қолбасшысы Даладағы Сібір корпусының бөлімдері алдына Жетісу казактарына көмек көрсету жөнінде міндет қойды. 6 шілдеде корпус командирі полковник Ф.Г. Ярушинге құрамында 5 Дала полкінің екі ротаның

²¹³ В.Ф. Люба (1861-1928, Харбин) - 1886 жылы Петербург университетінен кейін Дала өлкесі генерал-губернаторы жанында аудармашы болып қалған. ІІМ 1888: жылдан бастап қызметте болған 1907-1909 – де бас консул, 1911-1913 – Үргедегі миссияда бас елші, 1913-1916 – Қобдадағы бас консул. 1917-1920 – Құлжада уақытша үкіметтің басқарушы елшісі. 1920 жылдан бастап КВЖД қызмет еткен.

²¹⁴ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.103. Л.16. См.: Альжанова С., Тулемисова Г. Беркут Алаш-Орды. – А., 2008. – С. 128.

²¹⁵ АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114. Л.43-44.

кемінде біреуінен, 3 Сібір казак полкінің жүздігін, капитан Ушаковтың жеке ротасынан, прапорщик Ступин жетекшілік еткен 1-інші Алаш далалық атты әскер взводынан тұратын жасақты ұйымдастыруды және 19 жүк және 2 жеңіл автомобильмен Сергиопольге шығу, Үржар-Бақты ауданында тұрған жасақтармен және Шәуешектегі Ресей консулымен байланысу міндетін алға қойды. Сондай-ақ ол Үржар мен Бақтыға 700 берданка мен 42 мың патрон тапсыруы тиіс болатын. 10 шілде күні Омбыдан Сергиопольге әскерді жеткізетін 20 жүк машиналары келе бастады ²¹⁶.

7 шілдеде Сергиополь тарапына подьесаул Г.П. Люсилин басшылық еткен Семейдің атты жасағы жіберілді. Жасақ құрамына 3-інші Сібір казак полкінің жүздігін, партизан казактар мен санитарлық жасақтың елу адамы кірді, барлығы 6 офицер мен 175 казак, 2 пулемет пен бір жеңіл көлік болды. 18 шілде кешке Виноградов бастаған авангард Алтын-Құлат пикетіне жетті, онда подьесаул Люсилин жасағымен және Көкпекті мен Үржар жерінің казактарымен бірікті.

14 шілдеде ақтар бекінісі нығайғаны туралы мәлімет алғаннан кейін қызыл әскерлер Бақтыны қалдырып, Мақаншы арқылы үлкен жүкпен Үржарға кетті. Барлық үш ауыл қирады. 15 шілдеде таңертең Құтқару комитеті шекарадан өтіп, аудан халқын және мекемесін Қытайға қалдырып, Бақтыға келді. Ярушин былай деп мәлімдеген «в Мекенчак, Бахты, Урджаре все разграблено... большевиками; окрестные киргизы, не успевшие откочевать, вырезаны большевиками включительно до грудных младенцев»²¹⁷.

Капитан Виноградов 20 шілдеде Сергиопольге шабуыл жасауға аттанды. Шайқас 36 сағатқа созылып, 21 шілде

²¹⁶ Симонов Д.Г. Семиреченский фронт в 1918 году: белогвардейские вооруженные формирования// <http://zaimka.ru/simonov-front/>

²¹⁷ Аманжолова Д.А. На изломе. – С.214.

түнде толықтай ақтардың жеңісімен аяқталды. Қаланы қорғаған қызылдар жасағы 200 ден аса адамын жоғалтты, қалған 400 адам қару-жарағын тастап, Үржар жаққа кетті. Ақтардың жеңісі нәтижесінде қолға түскен олжасы бір зеңбірек пен «Максим» жүйесіндегі үш пулемет болды, олардан 7 адам қаза тауып, 20 жарақаттанып, контузия алды. Сергиопольге шабуылға прапорщик Ступиннің алаш взводы да қатысты. «Сибирская речь»²¹⁸ газеті былай деп жазған: «О действиях киргизских добровольцев, управление Алаш-Орды постоянно извещает находящегося в настоящее время в г. Омске киргизского премьер-министра А.Н. Букейханова. Так, им недавно получена из Арката следующая телеграмма: «Муса присутствовал при взятии г. Сергиополя, приехал и лично отрубил головы девяти красным. Большевики убежали в Урджар. За ними послан отряд Габдиханова»²¹⁹.

Аталған взвод негізінде «Алаш жүздігі» қалыптасты, ол туралы «Свободная Речь» газеті былай деп жазды: «Отряд, выделенный из 1-го Алашского полка, под названием «Алашская сотня» под командой прапорщика Ступина с начала августа находится в непрерывных боях на Семиреченском фронте. Сотня дралась с «красными» у Андреевки²²⁰, Урджара, Ново-Андреевки под Лепсинском, у Саркана и Покотиловки. Среди отряда есть убитые и раненые. Киргизы-кавалеристы стремительны при атаке и особенно незаменимы на разведке»²²¹.

«Сарыарқа» газетінде: «Для сбора войск, отправляемых Алаш-Ордой в Семиречье, а также командования и полити-

²¹⁸ Сибирская речь. 1918 г. № 32. См.: Алаш қозғалысы. Т.2.. –А., 2005. – С.210.

²¹⁹ «Семей облыстық төтенше комиссияның іздестіруі керек тұлғалар тізімінде «ак гвардиялық жігіт» деген атпен «Шеранонбаев Мұса» және «Ғабдиханов Саминқозы» есімдері аталған (ЦННИ ВКО, Ф. 25с. Оп.1. д.1. Л.11, 16).

²²⁰ Андреевка (1992 жылдан бастап. – Қабанбай) – Қазақстанның Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Қабанбай ауылдық округінің әкімшілік орталығы.

²²¹ Свободная Речь, 8 октября 1918 г.

ческого обеспечения Казахских воинских частей отправились Турагул Абаев и Шопиш Азимбаев. Турагул и Шопиш оба – потомки Кунанбая-Ходжи, вождя Тобыктинского рода; Возглавив казахские воинские части, отправляемых Алаш-Ордой в Семиречье, выехал Байсембаев. Он также из Тобыктинского рода. В 1916 году побывал на фронте и с реквизированными на тыловые работы казахами. Единственного сына отдал в милицию»²²².

Сол уақыттағы газеттерде Жетісу және Рубцовск майдандарындағы және тылдағы батыл жетістіктері үшін «Алаш бөлімшелерінің бас қолбасшысының көмекшісі Х. Ғаббасовқа алғыс жарияланғаны» жазылды. Осы жеңістердің құрметіне Семей қалалық бағында түстік берілген. Ә. Бөкейханның А.З. Валидиге жеделхат жолдаған: «Семиреченская область очищена от большевиков. Киргизы, казаки и офицеры добивают остатки большевистского войска»²²³.

Сергиопольді қызылдардан босатқаннан кейін, Алашорданың облыстық Жетісу кеңесінің басшылығы алаш қарулы құрамасын құру туралы өтінішпен ақтар басшылығына жүгінді. Облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы Жайнақовтың²²⁴ тапсырмасы бойынша О. Әлжанов пен С. Аманжолов²²⁵ Бақты мен Шәуешектегі

²²² АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114.

²²³ Аманжолова Д.А. На изломе. С.214-215.

²²⁴ Жайнаков Ибраим Жайнақұлы (1855 жылы туған) – Жетісу облыстық басқарманың аудармашысы. Жетісу облыстық қырғыз комитетінің төрағасы (1917-1918). Облыстық қырғыз Алаш орта кеңесінің төрағасы. Жетісу жасағының штабына іссапарға жіберілген, коллеждік ассесор (майор шеніне сәйкес келген). Құлжада тұрған. 30 жылдардың соңында қытай билігімен қамауға алынып, атылған.

²²⁵ Аманжолов Садық. 1889 жылы Жетісу облысы Верненский уезінің Бақай маңында туған (кейінгі Шелек ауданы). 1898 жылдан бастап 1907 жылдар аралығында Верный қаласындағы ерлерге арналған гимназияда оқыған. 1912 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Верненский округінің сотында кіші кандидат, кейін Сарқанд қаласындағы арбитраждық судья лауазымына ауысқан. 1917 жылы Жалпы қазақ съезінде Алашорда

алаш жасақтарын үйлестіру мақсатында Виноградов жасағымен бірге Үржар-Мақаншы-Бақты бағыты бойынша жіберілді.

26 шілдеде капитан Виноградов жасағы Үржар бекетін жаулап алды және шабуылын жалғастырып 28 шілдеде түндікке Мақаншы ауылына келді. 29 маусым күні ертеңгісін И.Е. Мамонтовтың қызылдар отряды күтпеген жерден Мақаншыға шабуыл жасаған. Қырғын шайқас барысында ақтардың 40-тан астам адамы өлді; капитан Н.Д. Виноградов ауыр жарақат алды. Осы соғыста О. Әлжанов қаза табады, С. Аманжолов ауыр жарақат алады. Қызылдар шашамен 100 адамынан айырылады, оның ішінде командир И.Е. Мамонтов та болды.

Жетісу казактарының бұрынғы атаманы полковник Н.Н. Вяткиннің²²⁶ басшылығымен біріккен казактар шілденің соңында Бақты шекаралық бекінісін жаулап алды. 2 тамызда 450 қарулы және 120 қарусыз әскері, 4 пулеметі бар Вяткин жасағы Бақтыдан шығып, сол күні кешке Мақаншыны басып алды. Ауыл тастап шыққан қызыл әскерлер тарапынан толықтай өртелген болатын.

16 тамызда Жетісу отрядының басшысы Ярушин басшылыққа Сергиополь-Шәуешек жолы бос, Мақаншыда ешкім жоқ деп баяндады. Өйткені, қырылған адам мәйітінен Мақаншыға жолау мүмкін емес болатын.

үкіметінің құрамына сайланған. 1918-1920 жылдары облыстық кеңестің мүшесі. Қытайдың Құлжа қаласында болған. 1923 жылғы наурыздан бастап Жетісудың атқару комитетінде, 1924 жылы Жетісу облыстық сотының мүшесі болған. 1930 жылға дейін Халықтық әділет комиссариатында әртүрлі лауазымдарда болған. 1930 жылы Қазақстаннан кетіп, Мәскеуде, Бішкек пен Ташкентте жұмыс істеген. 1941 жылы Ташкентте қаза болған.

²²⁶ Вяткин Николай Николаевич, полковник, 25-ші Сібір шабуыл полкінде қызмет етті. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде – 21-ші Түркістан атқыштар полкінде, 3-ші Жетісу казак полкінің командирі, подполковник. 4-ші дәрежелі Қасиетті Георгий орденімен марапатталған (1916). 1918 жылдың жазында Солтүстік Жетісудағы большевиктерге қарсы көтерілістің көшбасшыларының бірі. 1918 жылдың қыркүйегінде ол жүздіктің және І-ші Жетісу казак полкінің уақытша командирі болды. 1919 жылдың наурызында Жетісу казак әскерлері басқармасының мүшесі болып сайланды.

Үрушиннің жоспарында Сергиопольде, Үржар мен Бактыда үш алаш жүздігін құру болды, олар тұрақты әскер бөлімдермен қатар шабуылды өрбіту керек еді. 1918 жылғы 30 тамызда ол Үржарға, капитан Ушаковқа мынадай мазмұндағы жеделхат жіберді: «Переслать в Чугучак через Консула следующую депешу: «Областному Комиссару Балабанову и представителю Областного Алаша Тергеусизову²²⁷. Вы оба, по соглашению с областным Алашем, мною уполномочиваетесь сформировать в Бахтах первую Алашскую сотню в сто пятьдесят человек из бывших джигитов сотен Есаула Захарова и Хорунжего Попелявского с дополнением недостающих по наряду обществ Барлышской, Эменской, Коктай Хатынсуйский волостей. Примите экстренные меры по сбору в Бахты в недельный срок. Людей потребуйте от волостных, чтобы джигиты ушедшие с винтовками обязательно явились с таковыми. Назначаю командиром сотни Есаула Полторацкого. (...) Такая же сотня формируется в Сергиополе и Урджаре и все они предназначены в подкрепление прибывшим из Семипалатинска Алашского Конного полка. Прошу объявить сотнику Легостаеву что он назначен командиром Урджарской второй Алашской». «Джигиты должны быть здоровые, рослые, расторопные на лучших лошадях, при своей одежде на всем казенном довольствии, будут получать из казны жалование шестьдесят рублей в месяц» деп талап қойды²²⁸.

²²⁷ Тергеусизов Иса 1882 жылы Жетісу облысы Верненский уезінің Күрті облысында туған. 1892-1897 жылдары Верненский гимназиясында оқыған. Ұзын ағаш облысында облыстық писарь, Отар учаскелік приставының аудармашысы болған. 1908 жылғы қазанда Жетісу облысының Әскери губернаторының бұйрығымен мемлекеттік қызметке кеңсе қызметшісі болып тағайындалып, Верненский уезі басқармасына уақытша жазбаша аудармашы міндетін атқарушы лауазымына іссапарға жіберілген. 1918 жылы облыстық Алаш орда кеңесіне, Верненский уездік жер басқармасына және Алаш орданың уездік кеңесінің мүшесі сайланды. Қытайға жер аударылды, Құлжа қаласында тұрған.

²²⁸ РГВА. Ф.39615. Оп.1. Д.25. Л. 8-9.

Ушаков жасағы 2 қыркүйекте Покатиловканы қоршауға алды. Олармен қосылу үшін Лепсіге Полторацкийдің алаш жүздігі жіберілді. Келесі күні қызылдардың басты күші Абакумовкадан²²⁹ шығып, Саркандты айналып өтіп, Покатиловкаға²³⁰ кетті. Сарканд жасағы мен алаштықтарға қарсылас тауға тереңінен кірген жағдайда оның тылында тұру, ал Саркандқа қарай бағытталса, оның қорғанысын қамтамасыз ету тапсырылды. Покатиловкадағы соғыстан кейін қызылдар тау жаққа кетті. Олардың тылына жіберілген ақтар мен алаштықтар олардан екі мың қой тартып алды, 8 қыркүйекте Покатиловка орналасып, Лепсі, Ақсу және Гавриловка²³¹ бағыты бойынша қарсыластың ізіне түсті. Осы соғыста алаш жүздігі белсене араласты. Мәселен, Гавриловкада олар «шегініп бара жатқан қызылдарға... түнде шабуылдады, шашамен 10 адам өлтіріліп, көптеген малдарын тартып алды». Полторацкий басшылығындағы Алашорда жүздігі капитан Залевскийге тапсырылды және Стефановкада болып, Андреевка, Герасимовка²³² және Колпаковск²³³ түбінде болған шайқасқа қатысты, сондай-ақ Алакөл және Ұялы өзендерінен өту кезінде көмекке келді²³⁴.

1918 жылғы қазан айының басында алаш жүздігі Қызылағашта қызыл әскерлермен шайқасқа түсті. Жүздіктің командирі Жетісу жасағының командиріне былай деп

²²⁹ Абакумовка –1965 жылға дейін Қазақстанның Алматы облысы Ақсу ауданындағы Жансүгір ауылының атауы.

²³⁰ Покатиловка (1993 жылдан бастап. – Екіаша) – Жетісу облысы Лепсі уезінің орыстардың қоныс аударған ауылы. Кейін Қазақстанның Алматы облысы Сарканд ауданындағы ауыл. Еңбекшіқазақ ауылдық округінің әкімшілік орталығы. Сарканд қаласынан шығысына қарай шашамен 17 шақырымында тұр.

²³¹ Гавриловка – Алматы облысы Талдықорған қаласының бұрынғы атауы.

²³² Герасимовка (2010 жылдан бастап – Сапақ)– Жетісу облысы Лепсі уезінің қоныс аударған ауылы. Кейін Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Әкімшілік орталығы Герасимовский ауылдық округі.

²³³ Колпаковск (кейінгі атауы – Тоқжайлау)– Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Тоқжайлау ауылдық округінің әкімшілік орталығы.

²³⁴ Аманжолова Д.А. На изломе. – С. 220.

жеткізген: «Қызылдар мені Қызылағаштан ығыстырып шығарды». Олардың тарапынан 1 зеңбірек пен 2 пулемет, 300 жаяу әскері мен 200-ге дейін кавалерист болды. 7 қазанда оларға көмек ретінде жіберілген Алашорданың 300 еріктілері және барлаушылар тобы қызылдарға шабуыл жасап, оларды Гавриловкаға қарай ығыстырды. Сол күні Алаш взводын Саратовтан келген 150 қызыл әскер ығыстырғанымен, артынан 2-ші Алаш жүздігі оны қайта басып алды. Қызылағаш та 3-інші Алаш жүздігінің қолында болды.

21 қазанда қызылдар тағы да оған шабуыл жасады. Үш жақтан кенеттен шабуылға шыққан қызылдар патрондары жоқ жүздікті ығыстырып тастады. Жасақ Абакумовка және Ақсу жолына қарауылшылар қойып, Қарағашқа 150 казакпен бірге кетті. Бұл кезде 2 пулеметі бар 170 алаштық пен 200 казак Черкаскті қоршауға алған еді²³⁵.

Сонымен бірге, бұл кезде Үржар ауданында ақтардың тылында өздерін «Тарбағатай тау бүркіттері» деп атайтын «жаңа қоныстанушы» орыстардан құрылған қызыл партизан отрядтары белсенділік таныта бастаған еді. Осы бөлімнің әрекеттеріне қатысты 1919 жылдың мамыр айында Лепсі аудандық қылмыстық милиция бастығы Баснер Жетісу облысының басқарушысына «днем 5-го мая с.г. скрывающиеся в горах большевики в числе 50 человек произвели нападение на Алашский разъезд в с.Пятигорском, причём убили одного офицера, прапорщика Нигматуллина, 17 алашей и ранили милиционера Бахтинской районной милиции, бывшего с ними» мәтінде баяндама жасаған. Сонымен қатар баяндамада алаштықтардың соңғы оқтарына дейін қорғанғандығы жайлы, «пришлось сдаться и красные их беспощадно уничтожили» деп мәлімдеген²³⁶.

²³⁵ Там же. С.219-220.

²³⁶ ГА АО. Ф. 772. Оп.1. Д.21. Л.18-21; АП РК. Ф. 811. Оп. 20, Д. 298. Л. 81. Көшірме.

Атаман Анненков сотта берген жауабында, былай деп еске түсірген: «приехал в Урджар, то узнал, что «горными орлами» командует мой бывший вахмистр по германской службе Егор Алексеев. Я завязал с ним переписку и спрашивал его, как он попал в большевики и против кого ведет борьбу? Он ответил, что идет не против большевиков, не против Временного правительства, а идет против казаков и киргиз»²³⁷.

* * *

Верный, Қапал мен Лепсі уездерінің басым бөлігін қызылдар басып алуына байланысты, Жетісу облысының облыстық басқармасы Верный қаласынан алдымен қытайдың Шәуешек қаласына көшті. Ал ақтар келгеннен кейін облыс орталығы ретінде Колчактың Сібір үкіметіне бағынатын Сергиополь қаласы белгіленді. Облысты басқаратын облыстық комиссар ретінде В.В. Балабанов бекітілді.

Алашорданың Жетісу облыстық кеңесінің көшбасшылары да Шәуешек қаласына баруға мәжбүр болған. Сергиополь ауданы жаудан босатылғаннан кейін Үржарға қайтып келіп, 1918 жылдың 10-ынан бастап 31 тамыз аралығында облыстық кеңестің 2-ші съезін ұйымдастырған. Негізгі қаралған мәселелердің бірі әскери жасақтарын құру, олардың әскери дайындығы мен оқыту, күтімі (киім-кешегі, қару-жарағы, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі) болды. Әскери жасақтарды одан әрі пайдалану мәселесі талқыланды. Облыстық кеңестің мүшелері мыналар болды: төраға – «Ибраим Жайнақов (Үржар ст.), мүшелері – Сатылған Сабатаев (Үржар ст.), Төлебай Дюсебаев (Үржар ст.), Нүсіпбек Жақыппаев (Үржар ст.), Базарбай Маметов (Романовская кенті), Біләл Сүлеев

²³⁷ Гольцев В.А. Сибирская Вандея. Судьба атамана Анненкова. – М., 2014. – С.184.

(Ақсу кенті), Иса Тергеусізов (Үржар ст.), Садық Аманжолов (Сергиопольская ст.)». Жаңартылған құрамға М. Тынышбаев (Семей қаласы) енгізілді.

Жетісу өңіріндегі беделді адамдардың бірі Алашорданың облыстық кеңесінің төрағасы Ибрагим Жайнақов болды. Жетісуда әскери іс-қимылдар басталғаннан бастап ол Лепсі уезінде болды. 1918 жылғы тамызда Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы ретінде Жетісу жасағының штабына коллеждік ассесор (майор шенімен қатарлас) ретінде іссапарға жіберілді²³⁸. Уездік және облыстық басқармалардың өзара байланысын, Алаш бөлімдерін құру жұмысын үйлестірді. Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лихановтың телефонограммасы куәландырғандай, Үржар Алаш жүздігін Жайнақов қалыптастырған, оған Нүсіпбек Жақыпбаев²³⁹ көмектескен.

1918 жылғы тамызда Алашорданың облыстық кеңесі Иса Тергеусізовті Бақтыда «жүз елу адамнан» тұратын алғашқы Алаш жүздігін құру бойынша уәкілетті тұлға ретінде іссапарға жіберген. Ол жөнінде 1918 жылғы 30 тамызда Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушин айтып өткен.

Алаш бөлімдерін құруға, сондай-ақ олардың қызыл әскер жағына өтуінде белсене атсалысқан М. Тынышбаевпен байланысты материалдар бағалы болып табылады. М. Тынышбаевтың куәлік етуі бойынша «800 жігіттен асатын (фронтта барлығы 1000 аса адам)» алаш жасағын құрумен Отыншы Әлжанов (өлтірілген), Садық Аманжолов (ауыр

²³⁸ РГВА. Ф.39606. Оп.1. Д.4. Л.76.

²³⁹ Жақыпбаев Нүсіпбек, 1890 жылы Үлкен Алматы облысында, Верненский уезінде дүниеге келген. Верненский ерлер гимназиясын (1911), Киев университетінің медициналық факультетін (1916 жылы) бітірген. Үржарда дәрігер болып тағайындалған (1916). 1918 жылы «Алаш орда» Жетісу облыстық кеңесінің мүшесі болып сайланған. 1923-1924 жылдары Жетісу облысы денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1924-1926 жылдары Жетісу губерниясы бөлімінің меңгерушісі болған. 1932 жылы қаза тапты.

жарақат алған), Алашорданың Жетісу облыстық кеңесінің мүшесі Дюсебаев Төлебай (екі рет жарақат алған), Қапал уездік Алашорда кеңесінің төрағасы Мырзахан Төлебаев, Алашорданың Қапал уездік кеңесінің мүшелері Қанатхан Сырттанов, Біләл Сүлеев, Лепсі көмек комитетінің төрағасы Базарбай Мәметов, Алашорданың Лепсі уездік кеңесінің мүшелері Қожамсейіт Ниязов («жартылай қаруланған жігіттерді жеке басқарған») және Х. Күдербеков айналысқан.

Тынышбаев Алаш полкінің құрамындағы жас білімді қазақтар туралы айтып өткен: «Гимназист-қазақтар алғашқы Алаш полкі құрамына еріп қатардағы жауынгерлер секілді соғысат», бұл Қанатхан Сырттанов, Үмбетбаев Кеңсебай, Төлебаев Керімбай. Үржар ауданының Мақаншы ауылынан өлкетанушы Рамазан Нүсіпов жинаған естеліктерде Бақтыда әскери жасақтарды құрумен және оларды оқытумен айналысқан «Керімбай» және «Кеңсебай» атты Алаш офицерлері туралы айтылады²⁴⁰. Атаман Анненковтың 1919 жылғы 9 қарашадағы бұйрығымен «Кенсебая Умбетбаева за старание и ревностное отношение к службе, переименовываю из вахмистров в подхорунжие»²⁴¹. Негізінен, «Керімбай» және «Кеңсебай» деген аттардың астарында «гимназистер» Төлебаев Керімбай мен Үмбетбаев Кеңсебай болуы мүмкін. Алаш бөлімдерінде кіші командалық құрамның жетіспеуіне байланысты «орыс тіліне сауатты» қазақтардан унтер-офицерлерді және вахмистрлерді даярлау белсенді түрде жүргізілгені белгілі.

Ішкі істер министрлігінің басқарушысы А.Н. Гаттенбергер 1919 жылғы ақпанда Колчактың атына жазған өз хатында «учебная команда в городе Алаш, руководимая офицером

²⁴⁰ Общественная позиция, 15 января 2015 г

²⁴¹ РГВА. Ф.39711. Оп.1. Д.3. Л.4.

киргизом и его помощниками русскими офицерами. В ней подготавливаются 27 киргиз, знающих русскую грамоту. В скором времени они должны отбыть в Семиреченскую область для формирования второго конного, партизанского полка, в каковой уже записалось 280 добровольцев»²⁴² деп атап өткен.

Алаш полкі құрамдарының басында тұрған алаш белсенділерінен Жұмахан Күдеринді атап өту қажет. Тынышбаев өзінен сұрақ алу кезінде олар (Тынышбаев, Мырзахан Төлебаев және Жұмахан Күдерин) 1919 жылы атаман Анненковпен кездескендіктерін айтады. Басқа ақпарат көзі болмағандықтан, біз қылмыстық іс және сұрақ алу материалдарын, сол оқиғалардың куәгерлері естеліктерін пайдалануға мәжбүрміз. 1937 жылғы 7 қыркүйектегі Ораз Жандосовтан сұрақ алу хаттамасынан: «Кудерин активный Алаш-Ордынец, принимавший деятельное участие в банде Анненкова. Фактически правитель рода «Карагирей», ставленник Тынышпаева, председателя Алаш-Орды при атамане Анненкова. После ликвидации Анненковской банды, Кудерин долго скрывался в ауле, делая выбор между бегством в Китай и явкой с повинной к Советской власти. Остановился на последнем и через посредство других лиц, вошел в связь со мной»²⁴³ деген ақпарат аламыз.

Жандосовты тергеу хаттамасында Керімбай Төлебаев туралы былай деп жазған «Тулебаев К. в прошлом чиновник лесного ведомства царского времени, ближайший помощник алаш-ордынца Тынышбаева в период временного правительства, участник авантюры Кокандской автономии, имел связь с Ходжановым еще в период 1918-1919 г.г., потом ан-

²⁴² ГА РФ. Ф. 1701. Оп.1. Д.6в. Л.169.

²⁴³ Нәсенов Б. Халық жаулары. – А., 2005. – С.75.

ненковец, переходил границу. Был в Кульдже, проделывая это под видом розыска своего брата алаш-ордынца Тулебаева Мырзахана»²⁴⁴.

Алашорданың Лепсі уездік кеңесінің мүшесі Қожамсейіт Ниязовқа «Русская армия» газетінде материал жарияланған, онда Алаш бөлімшесінің Жетісу жасағына қосу қалай болғаны туралы айтылады: «25-го августа минувшего года к командиру офицерского отряда Капитану Деркшевич явился один киргиз по имени Кужум Сеит Ниязов, пользующийся большим уважением среди киргизов, благодаря своему старинному роду, и предложил в его распоряжение сформированную им из киргиз-добровольцев Лепсинского уезда сотню.

Капитан Деркшевич принял сотню и наименовал её «1-ый Семиреченский». В сотне сформированной Ниязовым было всего четыре Берданы. Отпущено было еще двадцать и хотя это было далеко недостаточно, но большего в то время нельзя было достать. Из своего отряда капитан Деркшевич откомандировал в киргизскую сотню двух офицеров. Через два дня этой вновь испеченной боевой единице приказано было выступить по направлению к Саратовке²⁴⁵ и войти в связь с отрядом капитана Ушакова. Не было того, обычного процесса формирования, к какому мы привыкли. Не позволяло ни время, ни обстановка, ни наличие военных запасов. Получил пару винтовок, патроны к ним и на работу! Все остальное потом. Случилось какое-то претворение. Сотня Ниязова, сформированная из вольных киргизов, незнакомых ни с военной дисциплиной, ни с военным делом, превратилась в определенную единицу, подчиняющуюся определенной военной

²⁴⁴ Там же. С.63.

²⁴⁵ Саратовка – (с 1992 г. – Қызылқайын) – Қазақстанның Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Көлбай ауылдық округінің құрамына кіреді.

власти с определенной ролью, которую отведет ей эта власть.

Прошло немного времени и еще было сформировано две сотни. Две из этих трех сотен получили название «Алашского дивизиона», который принял под свое командование штабс-капитан Лютик. Киргизским сотням, как входящим в состав дивизии, были отведены определенные участки на наших передовых линиях. Их имели в виду в случае того или другого маневра, на них рассчитывали в случае набега или наступления у них был свой участок действий при операциях.

Дневник военных действий того же «Алашского дивизиона» показывает, каким врагом для красных оказались киргизы. Совершенно необученные, не обмундированные, плохо вооруженные, они, однако, несли службу. Со времени формирования Алашского дивизиона и по день включения его в состав 1-го Киргизского конного полка, сформированного в г. Семипалатинске, он насчитывает до сорока мелких стычек с красными и несколько боев»²⁴⁶.

Қожамсейіт Ниязов, Нияз батырдың ұрпағы, Бақалы (Сарканд ауданы) жерінен. Туған-туыстарының еске алуы бойынша Верный гимназиясында М.В. Фрунземен бірге оқыған. Қызылдармен соғыста қаза тапқан.

*Ақтар гвардиясының баспа беттеріндегі
Алаш құрылымдары*

Алашорда көшбасшыларының қазақ әскери бөлімшелерін құру ниетін қазақтармен бірге соғысып жүрген орыс офицерлері де қолдаған болатын. Олар қазақ бөлімдерінің әскери мүмкіндіктеріне көз жеткізіп, газет беттерінде қазақтардың жауынгерлік ерлігі туралы, оларды кезінде

²⁴⁶ Русская армия, 20 мая 1919 г.

дұрыс бағаламағанын айтқан, қазақтардың өмірі, салт-дәстүрлері, психологиясы туралы өз ойларын сөз еткен.

Осыған қатысты «Сарыарқа» газетінде: «Всему Алашу известно, что первый алашский полк, впервые созданный Алаш-Ордой ведет боевые действия против большевиков на Семиреченском фронте.

О боевых действиях первого казахского полка, подвигах его и доблести отдельных воинов, алашская общественность в тылу знала совсем мало и то по «узун кулаку» – по наслышке, но более подробных сообщений до сих пор не имели. Поэтому мало печатались материалы об их боевых радостях и горестях. Не доносились до нашего слуха их боевые подвиги, которыми мы могли бы радоваться и их нужды, к которым можно было прийти на помощь. Мы были почти в полном неведение обо всем этом. Теперь за последнее время на страницах русских газет стали появляться сообщения о ратных делах первого Алашского полка, вызывающие радость и восхищение всей нации»²⁴⁷.

«Русская армия» газетінде Е.Ф.Б. атты автор (№53, 15 наурыз 1919 ж.) былай деп жазады: «В борьбе с большевиками в Сибири, почти не использовано, или очень мало использована крупная сила, которая могла бы принести делу громадную пользу. Эта сила – киргизы, для которых большевизм должен быть непримиримым врагом, ибо он противоречит всему бытовому укладу киргизской жизни, еще более чем русской. Киргизская конница была бы страшным орудием против большевиков в степных областях Сибири, Семиречия и Туркестана; если бы эта конница была надлежащим образом организована, то она дала бы несколько десятков полков лихих партизанов, которые навели бы на большевиков панический страх.

²⁴⁷ Сарыарқа, 26 марта 1919 г.– №74., АП РК. Ф.811. Оп.24. Д.114. Л.99. Белгісіз автордың аудармасы.

Говорят, что киргизы трусы и разбегутся при первом же выстреле из пушки. Это не правда. Так говорят люди незнакомые вообще с военным делом. Разбежаться будут всякие войска, если они не организованны, не обучены и не дисциплинированы. Нет народа, который бы относился с таким презрением к смерти как китайцы, а между тем, китайцы разгонялись японцами, как стадо овец, потому что у них не было ни опытных командиров, ни единоклюбия, ни того связующего цемента, который дает воспитание и дисциплина.

Киргизы не только не трусы, а наоборот, излишне запальчивы в бою, и скорее их нужно сдерживать от боевых порывов, чем принуждать. Но эта пылкость, при неудаче, легко превращается, в если не в страх, то в упадок энергии и духа, что вообще свойственно всем экспансивным и вспыльчивым натурам. Дайте им внутреннюю дисциплину, хороших руководителей, и они будут незаменимы»²⁴⁸.

Кейде газеттерде дала жауынгерінің романтикалық бейнесін қалыптастыруға тырысып, оларды ойдан шығарған кентаврлармен және Солтүстік Американың әйгілі жауынгерлерімен салыстыруға тырысады. «Русская армия» газеті бұдан ары: «Неутомимые центавры, обладающие зрением, умением быстро ориентироваться на местности и днем, и ночью, легкие, как ветер и, как ветер, неуловимые, киргизские разведчики не имеют себе равных, а в набегах и налетах на транспорты и в тылу, киргизы напомнили бы нам знаменитую конницу Стюарта, в Американскую войну Сев. и Южн. штатах. Киргизы чрезвычайно выносливы, нетребовательны в пище и неутомимы в пути: таковы же их кони, способные совершать пробеги по сто и более верст в сутки. Дисциплинируются киргизы легко, чувство товарищества в них развито

²⁴⁸ Русская армия, 15 марта 1919 г. – №53.

сильно, а подвижный и веселый их характер, делает для них походную и боевую службу легкой и даже заманчивой, ибо проявление удалства – лучшее качества каждого джигита».

Ақтардың баспа материалдарын зерделей келе, олардың Сібір үкіметінің басшылығы мен Сібір әскерінің командалық құрамын және жалпы орыс халқын қазақ бөлімдеріне қолдау көрсетуге сендіруге тырысқан деген шешімге келуге болады. «Русская армия» газетінің «Е.С.» атты авторы (20 мамыр, 1919 ж.) газетінде былай деп жазады: «Военных Киргизы называют джигитами. Узкое значение слова джигит – молодец, бравый юноша достигший известного возраста. Джигит, как воин, мыслим только на коне. Без коня, как боевая единица, он ничто. Неповоротливый, тяжелый и смешной, как обрубок пеший – он неузнаваемо ловок и легок на коне. Наездник он великолепный. И конь для него – все! Идти куда-нибудь он считает ниже своего достоинства. Он лучше проедет это расстояние, как бы незначительно оно ни было. Пеший строй джигит не любит и скупает на всех занятиях, когда они проводятся не на коне».

Для него тяжело идти в наступление пешком и делать перебежки. Он не привык к этому и скоро устает. Но сделать лихой набег, налететь ураганом – его дело. Он незаменим, если нужно делать разведку или преследовать неприятеля. Военное дело джигит любит и гордится званием военного. Его мечта – получить все, что полагается иметь настоящему солдату, чтобы походить на настоящего солдата. Одень его в красивую форму, дай оружие, какое полагается иметь кавалеристу, и он будет весь ваш. В любом ауле ему будет почет. Он рассуждает так: не всякому дается форма и право носить оружие. Особая честь – быть военным! Много радостей принесли джигитам отпущенные не так давно полку шашки. Но берданка ему не нравится. Мечта его – получить трехлиней-

ную винтовку. Джигит очень уважает начальников и вообще всех, кто выше его. У него врожденное уважение к старшему. Об исполнительности его говорить не приходится. Если что приказано и он понял приказание – будет исполнено»²⁴⁹.

В. Сорокин «Русская армия» газетінде былай деп жазады: «Первый раз я видел аллашей при нашем выступлении из станций Урджаринской, где они вместе с одной из Сибирских сотен, догнали наш действующий отряд. Вот что записано об этом в моем походном дневнике:

– Ровно в 9 часов, согласно приказа начальника отряда, сигнал к отправлению. По диспозиции в голове отряда должна идти почти вся конница. Первыми идут сибиряки, сотни казачьего полка; стройными рядами, они выделяются своим воинским видом, дисциплинированностью и выправкой; смотришь на них и чувствуешь, что вновь воскресает сила и мощь русского народа. За сибиряками идут алматинцы, урджарцы, партизанская сотня; одеты они разнообразно, вооружены также, в них чувствуются партизаны. Конную колонну замыкают аллаши. Все с особенным вниманием всматриваются в эту новую воинскую часть русской армии.

Одетые однообразно в нашу форму, со стройно, как по линейке, перекинутыми через плечо трехлинейками, правильными рядами, движутся они, как на парад и производят впечатление забравской, лихой конницы; только скуластые их лица говорят о их происхождении. Удивительно, как быстро эти недавние степняки, летавшие за табунами на своих быстроногих конях, превратились в регулярное войско. По мере нашего движения в глубь страны из окрестных гор к нам постепенно стали присоединяться верховые киргизы, число которых росло и росло».

²⁴⁹ Русская армия, 20 мая 1919 г.

«Аллаши пользуются большим уважением и составляют гордость Киргизского населения. Восточные, впечатлительные натуры киргизы создают из их подвигов уже целые легенды, разукрашенные народной фантазией, снова воскресаюот степные батыры, до сих пор бывшие лишь героями киргизского народного эпоса. Прекрасно зная родную степь, ее нравы и обычаи, отличаясь вообще громадной наблюдательностью, хитростью, сообразительностью, прекрасные наездники, они являются незаменимыми разведчиками, в особенности же в степных областях с коренным киргизским населением»²⁵⁰.

Редакциялық «Е. С.» деген атпен «Свободная речь» (№335, 13 наурыз 1919 ж.) және «Новое слово» (1919, 13 наурыз) газеттерінде «Қазақтар қалай соғысады» атты тақырыпта бірнеше мақала жариялаған, «1-інші Қазақ полкі өмірінен суреттер» деген атаумен қак жауынгерлерінің ерліктері туралы баяндайды.

«Может быть кому-нибудь небезынтересно узнать, как воюют киргизы? Воюют за наше общее дело. В их совсем серых, неприметных рядах тоже есть герои. Только эти герои малоизвестны, о них не говорят дальше родной степи. Их не знают за гранью этой степи. А есть среди них действительно герои. С допотопной берданкой они делают, пожалуй, больше, чем можно было бы ожидать...

(...) Вот несколько примеров.

29 октября, когда красные наступили на Саратовку, один джигит нашей сотни, Балтабай Бейсебеков, бывший в дозоре от разъезда, недалеко от сада «Аязбай» (в 7-ми в. от Саратовки) заехал во двор заброшенной зимовки осмотреть ее.

И там неожиданно наткнулся на неприятельскую засаду. Двое красных вскочили на него и, прежде чем он успел опом-

²⁵⁰ Русская армия, 2 июля 1919 г. – №138.

ниться, они держали его коня за уздечку. Казалось бы, уйти тут нельзя, но... удивительно ловким быстрым движением, совсем неожиданным, у вообще неповоротливого киргиза, джигит сбросил уздечку с морды лошади, так же быстро ударил одного красного в грудь прикладом винтовки... Конь, взятый в шенкеля, рванулся и понес. Растерявшиеся красные открыли по убегающему беспорядочную стрельбу. Но успеха не имели. Джигит предупредил разъезд о засаде.

Был такой случай: во время набега одной нашей сотни на пос. Андреевку, джигиту Ахметгали Орманбаеву было поручено с 20-тью джигитами произвести демонстрацию на северной окраине деревни в то время, как вся остальная часть сотни должна была ворваться с южной. Орманбаев со своими людьми ураганом ворвался в деревню. Произвел страшный переполох и тем способствовал выполнению данной сотне задачи.

Вот вам еще пример: 29 октября, когда киргизский дивизион расстрелял почти все патроны, отступая из Саратовки к своей стоянке, джигит Кагазбек Душкенов, оставленный с полувзводом прикрывать отход наш, полтора часа задерживал 150 человек красных, пытавшихся преследовать. Благодаря этому дивизион имел возможность обзომ в порядке отойти, не понеся потерь. И много таких примеров весьма показательных.

29 октября того же года, под Саратовкой, джигит Мухамеди Сабабаев, находясь с разъездом на левом фланге, обнаружил обходное движение красных силою до 400 чел. со стороны Черкасского. Своевременно донес об этом и оставался на месте до конца боя, наблюдая за обходившим противником. Во время отступления того же числа он вывез из сферы огня своего взводного командира, у которого была убита лошадь и который был почти окружен красными.

11-го января 1919 года джигит Раюс Тугонасов проник в большевистскую деревню Гавриловское. 14-го января он вернулся в сотню, принес ценные сведения о имеющихся в Гавриловском силах красных, расположении их, вооружении и припасах, о мерах охранения, о силах выставляемых ночных постов.

13-го января разъезд 3-й сотни Киргизского полка не дойдя 3-х верст до пикета Акичкинского, находящегося в сфере неприятельского влияния, перерубил телеграфный столб и прервал тем телеграфное сношение между большевиками, сидевшими в Копале и Гавриловском.

(...) 1-го сентября 1918 г. три джигита из состава разъезда Киргизской сотни были отправлены разведать дорогу между селениями Петропавловское-Антоновка занятыми большевиками, а также выяснить силы охран с северной стороны. 2-го сентября вернулись из этих трех джигитов только два и доложили, что дорога, а также поселок Антоновка с северной стороны красными совершенно не охраняются. Желая получить более точные сведения относительно Антоновки, они на рассвете 2-го сентября вздумали пробраться в самый поселок. Благополучно выехали никем не замеченные. Было еще очень рано. Едут все трое по главной улице, совершенно свободно. Винтовки за плечами болтаются. Они знают, что в случае чего, кони вынесут. Вдруг скрипнули одни ворота... Хохол выехал на подвод, может быть, за сеном собрался. Один джигит Каймулда Байгучуков подъехал к нему и что-то начал спрашивать. Два другие тоже остановились и стали уговаривать товарища ехать. Каймулда, не слушая их, быстро снял винтовку и замахнулся на хохла. Не хотел выстрелом будить поселок. К несчастью лошадь его в это время рванулась, чего-то испугавшись и размах не достиг своей цели. Хохол

диком закричал. Еще не поздно было бежать и товарищи Каймулды настойчиво звали его, но не обращая внимания на них, Каймулда в одно мгновение слетел с лошади и кинувшись к большевику начал душить его. Однако первый крик хохла сделал свое дело - кто-то услышал, забили тревогу, сбежались и Каймулда погиб. Двое других джигитов, ураганом пролетев по деревне, успели исчезнуть.

29-го сентября, рассказывает один офицер киргизской сотни, около 11 часов утра показались разъезды по дорогам на Ак-Кудук, за пос. Саратовский и на нашу стоянку. Высланные навстречу красным два взвода джигитов вступили с ними в перестрелку и заставили разъезд, что появился на дороге к Ак-Кудуку, отойти к Антоновке. В 2 часа дня красные стали наступать на нас со стороны Ак-Кудука и сада Аясбая. В пешем строю пришлось нам увеличить цепь джигитов. После двухчасового боя красные, получившие подкрепление из поселка Черкасского, начали теснить нашу цепь. Положение наше ухудшилось, когда в 16 часов красные, силою в 100 человек, неожиданно показались со стороны поселка Саратовского. С этим подкреплением красных насчиталось до 350 человек. Силы их были ровно в два раза больше наших. Но это было еще не беда. Мало у нас было оружия и того меньше патронов. Осталось по 10 штук на винтовку. Питание патронами киргизской сотни в то время было обставлено не важно, и отступить нам было некуда, так как за нашим расположением была болотистая река с крутыми берегами. Переправы были заняты красными. Положение создавалось критическое. Тогда часть вооруженных джигитов была отправлена в тыл с заданием собрать безоружных, мирных киргиз, спешить их на глазах у красных и в пешем строю вести демонстративное наступление на фланги про-

тивника. 1-му же взводу было приказано отступить к зимовкам и спешно надеть бойниц. В 17 часов все отступило к зимовкам. Стрельбу совершенно прекратили. Красные подошли к зимовкам на расстояние 1000 шагов и залегли в пересекающих всю эту местность арычках. Прошел, может быть, час. Мы сидели за стенками, ждали откуда то помощи, хотя помощь могла быть только со стороны безоруженных киргиз. Смешно было ждать помощи от безоружных. И удивительным казалось поведение красных. Взять нас сейчас ничего не стоило бы. Десять патронов не надолго хватило. Мы молчали и боялись, что молчание наше может показаться подозрительным для красных. Однако они медлили. Не решались. И упустили момент. Неожиданно против флангов их появились цепь киргиз, силою до 120 человек и открыли редкий огонь. Огонь, этот конечно, принадлежал тем вооруженным джигитам, которые были отправлены собирать мирных киргиз на помощь. Два взвода нашей сотни вышли из зимовок и тоже открыли огонь. Случилось нечто забавное. Красные вообразив, что нам пришло серьезное подкрепление, начали отступать и когда сотня была брошена в конную атаку, бежали к саду Аясбая. При бегстве своем красные оставили на месте убитыми 2-х человек и две лошади с седлами. В киргизской сотне потерь не было».

* * *

Ерлігімен көзге түскен жігіттер марапаттауға ұсынылғанын айта кету қажет. 5-інші дивизия командирінің бұйрығымен Мұқаш Бексеев (Арасан болысы, 15-ауылдан) ерлік көрсеткені үшін IV дәрежелі Георгиев медалімен марапатталды. 2-нші Жеке Далалық Сібір Корпусы командирі

генерал-майор Бржезовскийдің²⁵¹ 1919 жылы 2 тамыздағы бұйырығы бойынша қосымша 250 рубль берілді²⁵².

1-ші Партизандық Қазақ атты әскер полкінің командирі ротмистр Высоцкий өзінің бұйырығымен «джигиту 2-ой сотни Малдыбаева Иксатова за боевые отличия под с. Черкасском» және Абдулла Малаевке ефрейтор атағын берді²⁵³.

3-ші Партизандық Қазақ атты әскер полкінің командирі Поручик Беляниннің 1919 жылғы 23 қазандағы бұйырығымен 4-ші жүздіктің жігіттері Ғали Көлтөкпаев және Рахембай Мусралинов «переименованы в звание ефрейторов за неоднократное отличие в боях против красных и твердое знание дела», сонымен бірге 1919 жылы 30-қазанда 3-жүздіктің жігіттері Байбола Акашанов, Әділжан Тимиров, Жалдас Айнақұлов, Қабдулла Жалба, Тұрар Елеуов «за отличные действия в боях и хорошее знание переименованы в звание ефрейторов»²⁵⁴.

«Ақтар» мен «Қызылдар» арасында

1919 жылдың аяғында Жетісуда ақ әскерінің жағдайы күрт нашарлады. Осыған қатысты жағдайды 1919 жылдың 11 қарашасында 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы штабының бастығы, капитан Кримптің дайындан «О необходимости

²⁵¹ В.В. Бржезовский (11 (23).07.1869, Ақмола обл. - қыркүйек 1919). Генерал-майор (15.08.1917). Сібір кадет корпусын және 2-ші Константиновский әскери училищесін (1888) аяқтады. 23-ші Шығыс-Сібір полкінің 4-ші батальонының командирі (1904–1905). 20-шы Түркістан атқыштар полкінің (1905–1910), 21-ші Түркістан атқыштар полкінің батальон командирі (1915–1917). Азаматтық соғыс жылдарында Уақытша Сібір үкіметінің Далалық Сібір қосалқы (кейін кадрлық) атыс әскери бригадасының бастығы (18.07.1918ж. бастап; 02.08.1918ж. лауазымы бекітілді). 1-ші Сібір Далалық кадрлық дивизияның 2-ші Далалық Сібір арм. корпусының бастығы және Омбы гарнизонының бастығы (12.10.1918ж. бастап). 2-Далалық Сібір жеке корпусының командирі (29.12.1918ж.—13.09.1919ж.). 1919 жылғы желтоқсан айында Семейдегі бүлік шығарған солдаттармен өлтірілді.

²⁵² РГВА. Ф.40213. Оп.1. Д.1771. Л.171.

²⁵³ РГВА. Ф.39930. Оп.1. Д.1. Л.21, 20.

²⁵⁴ РГВА. Ф.110. Оп.3. Д.1305. Л.44, 54.

скорейшего занятия Копальско-Гавриловского района и план операции» баяндамасы нақты көрсетеді.

Дивизияның жалпы жағдайын бағалай отырып, баяндамада боранды қыстың келе жатқандығы, оның жылымығы мен артынан келетін қатты аяздары дивизияның бұдан ары өмір сүруіне қатысты қатал жағдай орын алатыны айтылды. «Отдельность фронта, приблизительно, 600 верст от базы при весьма слабых перевозочных средствах и плохих путях сообщения, отсутствие на месте продовольствия, так и фуража, а также отсутствие заготовок, обеспечивающих зимовку частей, уже дающих чувствовать всю тяжесть положения – вот факторы, требующие немедленного продвижения всей дивизии в Копальско-Гавриловский район, в достаточной степени изобилующий всеми необходимыми средствами». Осының барлығын түсіне отырып, дивизия штабы қызылдардың Қапал-Гавриловкалық тобына қарсы әскери әрекеттерді белсенді жүргізу қажет деп шешкен.

Операция жоспарына сәйкес, полковник Кольц басшылығындағы Қазақ атты әскер бригадасын Акичкинск қонысынан солтүстікке орналастыру қажет болды. Ондағы мақсат Михайловск, Вознесенск, Старопольск, Солдатск ауылдары мен Қапал және Гавриловка арасындағы пошта жолының оңтүстігіндегі басқа да қоныстарға шабуыл жасауы тиіс еді. Қазақ-атты әскер бригадасының аталынған ауылдар аймағындағы қозғалысымен бір мезгілде Арасанда шоғырланған 17-нші және 18-інші полктер 2 зеңбіректің қолдауымен Қапалға солтүстіктен және шығыстан шабуылға шығуы тиіс болатын. Резервте 19-ыншы батальон өзінің екі полкімен тұрды. Бірі Арасан-Қапал жолында, екіншісі – Арасанда.

Жау тылында елеулі атты әскердің (1100 шабандоз) пайда болуы Қапал мен Гавриловкадағы жау қатарында

дүрбелең тудыруы қажет еді, бұл өз кезегінде алғашқы уақытта Қапалдың қан-төгіссіз берілуіне алып келеді деп үміттенген²⁵⁵.

Бірақ Жетісу әскерінің жағдайы әлдеқайда нашарлады, сонымен қатар әскери бөлімдердің тұтасымен қызылдардың жағына көшіру жағдайы жиі орын ала бастады.

Атбасар, Ақмола және Қарқаралы арқылы Сергиопольге келген А.И. Дутов басшылығындағы Орынбар Жеке әскерінің көмегінен де ешбір нәтиже болмады. Қызылдардың өкшелеп қууымен қысқы даладан қиыншылықпен өткен орынборлықтар желтоқсанның екінші жартысында Жетісуға келіп жетті. Бұл әскердің бытырай бастаған, аш-жалаңаш, үсіген, ауру-сырқауға толы ұнжығасы түскен қалдықтары болатын. Бірнеше бөлімшелер болмаса, қалған бөлігі әскери күш деп санауға келмейтін еді, сонымен қоса олардың жергілікті жетісулық казактармен қақтығыстары орын ала бастады.

